

Калибек Даңғыров

КАЗАКСТАННЫҢ
БАЛАМА
ТАРИХЫ



"Нұрбек Ногай" баспа үйі

Алматы

1997



Данияров Қ.

Д 18 Қазақстанның балама тарихы. – Алматы: Жібек жолы, 1997 – 120 бет. ISBN 9965-425-14-0

Китапқа техникағының кандидаты Қ. Данияровтың баспасөз беттерінде жарияланған зерттеулері енгізілп отыр. Автор XIII–XX ғасырлар аралығындағы елеулі оқиғаларға өзіндік көзқараспен қарал, ел тарихына байланысты жаңа пайымдаулар жасайды.

Китап автордың үсінған қалпында шыгарылды.

ББК 63. 3 (2 К)

Д 0503020905-14 хабарланбаған-97
00 (05) 97

ISBN 9965-425-14-0

© Данияров Қ., 1997
© Ахмедова А. (безендірілу), 1997

«САНАДАҒЫ СЫРҚАТТЫ ЕМДЕСЕК...»

Kiripse сөз орнына

— Қалеке, Сіздің негізгі мамандығыңыз — құрылышы-инженер. Үйлім кандидаты, доцент болғаныңызben, зерттеген, айналысқан салаңыз — техникағынымы. Сейте тұра тарихи орындарға арнағы барып, Ресей архивтерін, тарихи еңбектерді ақтарып, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ұлы Ұлыс мемлекеті (Алтын Орда), Қазақ мемлекеті жөнінде зерттеу жүргізіп, мақала жазасыз. Осыған не себеп?

— Мен бала кезімнен тарихшы болуга үмтүлдім. Бұған өз дәрежесіндегі тарих белгілі Өлихан Бекейхановпен жақын таныс болған әкем Қайырбай Данияров көп әсер етті. Бірақ ата-анамнан ерте айрылғандықтан жетіжкілдікты бітірген соң, әр түрлі себептермен Ленинногор тау-кен техникумына түсуге мәжбур болдым. Аталған оқу орнын тәмамдап, осы қаладағы шахта құрылышы басқармасында істеп жүргенімде өндірістік жолдамамен Том политехникалық институтына оқуға түстім. Бұл оқу орнын Ә. Ермеков, Қ. Сәтбаев сынды көптеген дарынды қазақ азаматтары бітірген. Сондықтан мен кімді үлгі тұтып, кімге қарал бой түзеймін деп бас қатырған жоқын.

Том қаласында тұрғанымда ондағы кітапханалар арқылы көптеген белгілі тарихшылардың еңбектерімен, араб, парсы, қытай, монгол, Еуропа тарихшылары мен саяхатшыларды шығармаларының аудармаларымен таныстым. Сондай-ақ бұрынғы патшалық Ресейдің губерниялық қаласындағы жеке кітапханаларының қорын да пайдаландым. Мәселен, менің курсстасым П. Демидовтың туысқандарының қолында тіпті бұрынғы Том генерал-губернаторлығы архивінің көшірмелері де болды. Олардың арасынан қазақ тарихы жөнінде таптырмас материалдарды кездестіруге болатын. Содан бастап қазақ халқының тарихына қатысты материалдарды жинап журу сүйікті ісіме айналды. Сол әдетімнен күні бүтінге дейін танған емеспін. Қыруар тарихи кітапты оқып, қашшама қазынага кезіккен соң оның бері ішіме қайтіп сыйсын? Өзінізге көрсеткен мақалаларым осының нәтижесі. Оларды 1968 жылдан бері жаза бастадым. Бірақ оны бұрындар жариялату мүмкін емес еді. Міне, енді сәті түсіп отыр.

— Тарих ғылымын зерттеуде белгілі бір жүйеге, принципке сүйенесіз бе? Жоқ, әлде, бұрынғы Кенес Одағы кезіндегі идеологиялық түйікталудан шыққанда адамдардың көшілігінде болатын «ойымдағының берін басқа біреу айтып қоймай тұрғанда айтып қалсам-ау» деген асығыс үмтүлыштан тұған ниет пе?

— Менің тарихты зерттеуімде бұрын белгілі бір жүйе болмаған

сияқты. Енді-енде жүйеленіп келеді. Ал принципім — кеңестік ересекел бұрмалаушылықтың бетпердесін сыйыру, бұрмаланған тарихтың ақиқатын анықтау. 1958 жылы Том политехника институтын бітіріп, қайтадан еңбекке араластым. 1968 жылы бір жұмыстармен Астрахан, Волгоград облыстарында болдым. Сол сапарымда бұрынғы Бату Сарайы мен Берке Сарайы орналасқан тарихи орындарда болдым. Қонекөз қариялармен, көкірегі сүмелі азаматтармен әңгімелестім. Олардың жадында Жошы Ұлысы жөнінде бірқанша мәліметтер күні бүгінге дейін сакталып қалған екен, яғни олардың көбі ауызша тарих айту дәстүрі арқылы үрпақтан үрпаққа ауысып жеткен.

1986 жылы іссапармен Атырауда болғанымда Сарайшық қаласының орнын көрдім. Жергілікті тұрғындар, көнекоз қариялар Сарайшықтың Қасым ханға дейін Қазақ Хандығының астанасы болғанын айтады. Осының бәрі қазақ халқының дәүлеті сөүлетіне сай өткен өмірі, рухани қазынасы тарихтың терең қатпарында жасырыныш жатқанына, әлемдік өркениеттің қалтарысына қасақана жасырылғанына көзімді жеткізді. Мені тарихты зерттеуге, білгенімді ортага салуға итермелеген осы отарлау саясатының терең мәнді, сан салалы жұмысқы саясаты, яғни қасақана бүрмаланған тарих болса керек.

— Өз мамандығыңыз бойынша техника ғылымы саласындағы жетістіктеріңіз қандай? Онын тарихты зерттегендеге көмегі тиіді ме?

— Өз мамандығым бойынша алпыстан аса еңбек жаздым. Барлығы дерлік Мәскеу мен Алматының басылымдарында жарық көрді. Қазак политехникалық институтында (Қазіргі Ұлттық техникалық университет) доцент болып жургенімде инженерлерді өндіріске даярлау, құрылышты жоспарлау мен үйімдастыру тақырыштарында бірнеше әдістемелік енбектерім жарияланды.

Осының бәрінің қазақ тарихына қатысты еңбектер жазғанымда көп пайдаласы тиіді. Өйткені кез-келген ғылымда ең бастысы — әр нәрсениң қайнар көзін іздең табу, оларды фактілерді салыстыру аркылы зерттеу, дәнді қауызынан аршу, өз ісіне деген адаптацияның принциптерін анықтаудың миссиясы. Қазақ мемлекеттің төрт құбыласының түгенделуіне өз үлесінді косуға деген құштарлық. Ендеше техника ғылымындағы ізденістерімнің тарихты зерттеуге көп көмегі болды. Әсіресе жұмыс барысындағы іссапарларымның тарихи орындарда болыш, архивтердің актаратыма көп мүмкіндік туғызғанын айта кету керек.

— Өзіңіз жөнінде, отбасыңыз туралы не айтар едіңіз?

—1958 жылдан бері зайыбым Рөсия Абдулгазизқызымен тұрып жатырмын. Үш қызымыз бар. Олардың екеуі жоғары білімді. Үшіншісі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің соңғы

курсында оқиды. Екі немереміз бар. Зайыбымның мамандығы — құрылыштық-техник. Екеуміз де өмір бойы құрылыш саласында жұмыс істедік. Қазір мен тек қана тарихты зерттеумен айналысамын. Халқымның отарлау саясатының салдарынан бұрмаланған тарихын дүрыстап жазуға, санадағы сырқатты емдеуге именің жасуындей болса да септігім тисе, мақсатымның орындалғаны.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сүхбатты жүргізген — Э. Жұмабекұлы.



Шыңғыс ханның тегі кім?

Шыңғыс ханның монгол болғандығы жөніндегі жорамал әлем мифтері тарихында ерекше орын алады. Фылыми ізденіс пен талдау бұл жорамалды түгелдей әрі түбебейлі жокқа шығарды. Мәселен, монгол халқын құрайтын қазіргі бірден-бір тайпа (халхл монголдар, ойраттар, чорасылар, торғауыттар, хошимиуттар, дүрбіттер және басқалары) Шыңғыс хан жорығына қатысқан жоқ. Сондай-ақ монголдарда мемлекет басшысы ешқашан да «хан» деп аталған емес. Өуелі бергі тарихтың өзінде, батыс монгол тайпалары ойраттар, чорасылар, торғауыттар, хошимиуттар, дүрбіттер Жонғар мемлекетін құрғанда мемлекет басшысы «хан» емес, «қонтайшы» деп аталған. Хан атагын бүкіл адамзат тарихының ұзына бойында тек қана түркі мемлекеттерінің басшылары иеленген.

Ендеше басқаны былай қойғанда, тіпті қазақ тарихшылары мен жазушыларының Шыңғыс хан монгол болған деп қасарысуына не себеп? Мұны тәмендегідей түсіндірген жөн.

XIII ғасырдың басында бытыраңқы орыс кінәздіктері Батый ханның әскерінің соққысына ұшырады да, орыс жері бірнеше ғасыр бойы Алтын Орданың дәрдійне бас үрды. Ал Алтын Ордада кейіннен қазақ халқының құрамына енген рулар шешуші рөл, сан жағынан үнемі аз болып келген Еділ бұлғарлары (татарлар,чуваштар, башқұрттар және басқалар) және ногайлар қосалқы рөл атқарғаны мәлім.

Алтын Орданың билігінен босанған соң жас орыс мемлекетінде алтынордалық хандардың құзырында болған шағындағы соғыс кезеңдерін әрқашан жандары күйе еске алағын. Ресей патшаларының және жоғары дәрежелі төрелерінің

жарлығымен Алтын Орданың мемлекет ретіндегі мағлұматтары адамдардың жадынан жоспарлы түрде өшірілді, ұмыттырылды. Алтын Орданың барлық ірі қалалары тып-тип өтіп жойылды. Олар — Батый Сарайы (қазір оның орнында Астрахан облысына қарасты Селетриновское селосы), Берке Сарайы (қазір оның орнында Волгоград облысына қарасты Царево селосы), Хожа Тархан (Волганың оң жағалауында, Астрахан қаласына қарама-қарсы), Сарайшық (Орал өзенінің он жағалауында, Атырау мен Орал қалаларының ортасында). Сондай-ақ Алтын Орда хандары мен ханшаларының басына орнатаған ескерткіштер, мазарлар тас-талқан етілді. Осы саясат Кеңес үкіметі кезінде аса қатал жүргізілді. Алтын Орда мен оның негізін салушылар — Шыңғыс ханның немерелері жөнінде шындықты айтқан адамның басы кететін еді.

КСРО-ның құлауының негізгі себептерінің бірі — халықтардың мәдениеті мен тарихын шындалп зерттеуге тыйым салынғандығынан екенін терең талдау көрсетіп берді. Дәл осы тыйым салынғандығының салдарынан тарихшылар өкіметтің саясатына қайшы келмейтін, жалған жорамалдар жасауға мәжбүр болды. Сондықтан бір кезде Русьті жауап алған рулар мен тайпалардың, Шыңғыс ханның тұп негізінің монгол болуы Мәскеуге де, Ресей империясының бүрынғы отары Қазақстанға да қолайлы еді. Қазақ тарихшылары Шыңғыс ханнан және оның женістерінен мұлдем ірген аулак салды, соның айғағы ретінде қазақ халқының қыпшақтан шыққандығын ойладап тапты. Бұл сырқаттың ақсынғандығы және өміршендігі сондай — дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайында академик М. Қозыбаев баяндамасын бастан аяқ осы жорамалдың төңірегінде өрбітті.

Қазақ халқының тарихынан қыпшақтардың орасан зор орын алатыны даусыз. Тіпті осының өзі шын мәнінде зерттелген де емес. Өуелі қыпшақ тілі жөніндегі еңбек «Кодекс куманникус» қазіргі қазақ тілінде басылмағанын қайтерсін. Мұның өзі сол кездегі қыпшақ тіліне ғылыми талдау жасауға мүмкіндік бермей отыр. Ал қыпшақ тілі 200 жыл бойы Венгрияның мемлекеттік тілі болмады ма?! Өз кезінде қыпшақтар Алтайдан Дунайға дейінгі ауқымды территорияны алыш жатты

және көптеген қалықтардың тарихына ғана емес, үлт болып қалыптасуына да зор ықпал етті. Шыңғыс хан басып кіргенде қышқақтар недөүір қарсылық көрсетті. Бірақ мың сан қолға төтеп бере алмасына көздері жеткен соң, қышқақтардың бір бөлігі батысқа қарай көшіп кетті де, негізгі бөлігі (олар — кара қышқақтар, құлан қышқақтар, қытай қышқақтар) Шыңғыс ханның дәрдегейнен бас ұрып, хандықтың құрамына кірді. Алтын Орда ыдъраган соң қытай қышқақтар қазіргі Қыргызстанның Ош облысына келді де, Нарын мен Қара дарияның ортасындағы Екісу деп аталатын жерді мекендеді.

Әйтсе де қазақ халқының құрамындағы қышқақтардың саны ешқашан да 10 проценттен асқан емес. Қазіргі кезде қазактың құрамында қышқақтың екі руы (тармағы) бар. Олар — кара қышқақтар мен құлан қышқақтар. Әйткенмен қазақ халқын қышқақтар құрады, тұзді деген тұжырым — сыпайылап айтқанда, Шыңғыс хан мен оның жаугершілгінен іргені аулактаудың көрінісі. Қышқақтардан тарихы еш кем емес, саны да аз емес үйсін, жалайыр, арғын, дулат, найман, керей, коңыраттардың, сондай-ақ кіші жүз руларының қазақ халқының құрамына енгені ақиқат кой. Бұлардың кай-кайсысын да даралап, ерекшелеу тек қана алауызық туғызады, шатақ әкеледі, халықтың негізгі бөлігіне түсінбеушілік ұрығын себеді.

Сондықтан ақиқатқа жүгіну керек. Ал ақиқатқа жүгінсек, қазактың барлық рулары Шыңғыс хан мен Батый ханның жорықтарына қатысты.

Шыңғыс ханның өзі — қазақ. Әйткені оның әкесі Есікей — кейіннен қазактың құрамына енген кият руынын (сол кездегі тайпалық одақтың) ханы. Кияттар қазіргі Астрахан мен Волгоград облыстарының территориясындағы Еділ (Волга) жағалауында Шыңғыс ханға дейін де талай ғасырлар өмір сүріп келген-ди. Олар Қазақстанның бүрінші астаналық аймагында Алтын Орда күйрекеннен соң да талай ғасырлар бойы тұрды, қазір де тұрады.

Мұны мойындау арқылы қазақ халқы бұған дейін түгелдей бүрмаланып, әрі жоғалтып келген тарихын қайтарып алады. Көптеген тарихшылар қатыгез және қыргынды деп санайтын Шыңғыс ханның орнына өзімізді апарып қоюдан қорку сүттен





ак, судан тазамыз деп ақталуға тырысумен тен. Бүкіл бір халық үшін мұндай мінез көрсету — кешірілмес күнә. Шындаң келгенде, Шыңғыс хан кейінгі үрпағын төмен қарататындей, оған қарсы ғасырлар бойы адамзат естіп-білмеген геноцид жүргізетіндей ештеңе істеген жок. Сондықтан қазақтарды Шыңғыс хан халқына жатқызатын тарихшылардың пікірін теріске шығарудың жөні жок.

Көптеген халықтардың тарихында басқа елдерді жауап алғанда оларға қатығездікпен қараған кезендер болды. Мұндай жағдайға XIII ғасырдың алғашкы жылдарында ғана емес, XVII, XVIII, XIX, тіпті XX ғасырда да адамзат күе болды. 100 процент жойылған тасман халқын (Тасмания), Оңтүстік және Солтүстік Американы, Азия мен Африка дағы және басқа елдердегі отарлау соғысын еске алыңыз. Ендеше XIII ғасырдың басындағы оқиғаларға бола өзін кінәлі деп санау және төл тарихын жоққа шығару — өсер елдің қылышы емес.

Енді Шыңғыс ханның өз басына талдау жасап көрелік.

Шыңғыс ханның монгол болмағаны төмөнделгі талдаудан алайқын көрінеді.

Жазу-сызуы болмаған халықтардың үлтyn ажыратуда есіміне қарап қай үлтқа жататынын мейлінше анық білуге болады. Ганс, Ульрих, Фриц деген есімдерге қарап, бұл кісілердің неміс екенін айна-қатесіз аңғарасыз. Дәл осы сияқты есімдеріне қарап, көптеген адамдардың француз, ағылшын, испан, итальян тағы басқа екенін ажыратасыз. Шыңғыс ханның әкесі Есікей хан билеушісі болған Қият руының атауын осы көзқарас түрғысынан қарастырайық. Қазақ тілінде «қия» (таудың қигаш беті), «қияқ» (шөп түрі, орысшасы — волоснец), «қиял» (ойдан шығарылған нәрсе — вымысел), «қиялау» (қия жолдармен жүру), «қияли» (орындалмайтын арманды қуалайтын жан — фантазер, мечтатель) тағы басқа көптеген сөздер бар.

Монгол тілінде ондай сөз жок. Әйтсе де көптеген енбектерде егер сөз «т» әрпінен аяқталса, ол монгол тіліндегі сөздердің түбіріне тән деген тұжырым бар. Қазақ тілінде де (сондай-ак көптеген түркі тілдерінде) «т» дыбысына аяқталатын сөздер бар. Мысалы, нәт, мият, қиянат, қияпат, азат, құжат, сыйат т. б. Сондықтан «қият» сөзінің түп-төркінің монгол тілінен ғана емес,

туркі тілдерінен, соның ішінде қазақ тілінен де іздеген жөн.

Өмударияның жағасында Шыңғыс хан тұғаннан көп ғасыр бұрын іргесі қаланған Қият қаласы бар.

Дәл осы қалада Шыңғыс хан дүниеге келерден 182 жыл бұрын атакты ғалым Бируни тұған. Осы айғактың өзі-ақ Қият қаласына монголдар ат беруі мүмкін деген жорамалды түгелдей теріске шығарады. Ендеше қият — түркі тілді руладын бірі. Қазақ руы десек те еш сөкеттігі жоқ.

Есікей хандығында қият руынан басқа тайшыут руы болды, бірақ олар Есікей хан дүниесінде салғанда үдерे көшті. Осының өзі-ақ тайшыттардың қияттарға бөтен екенін айғактайтындаидай. Олардың кейіннен қай халықтың (түркі тілдес, яки монгол тілдес) құрамына енгені арнайы зерттеуді қажет етеді.

Шыңғыс ханының өкесі Есікейдің есімі де қазақтықі. Есікейдің өкесі Ембакайдықі де — нағыз қазақ есімі. Шыңғыс ханының азан шақырып қойған аты — Теміршін, тубірі — темір, содан туындаған туынды сөзден шыққан (темір+ші — темірші). Кейіннен бұл қазақ халқына тән есімдерде Темір, Темірбек, Темірғали т. б. болып өзгеріске үшырады. Шыңғыс ханының шешесі Оян меркіт руынан шыққан. Шыңғыс ханының алғашқы өйелі Бөрте — қазақтың қонырат руының қызы. Ханының атабабасын, шыққан тегін өрі қарай қазсан да, монголмен еш қатысы жоқтығына көз жеткіземіз.

Енді Шыңғыс ханының серіктегіне тоқталайық. Бірінің есімі — Жебе — қазақша садақтың оғы, Субітай — кен таралған қазақ есімдерінің бірі. Екеуі де қият руынан. Шыңғыс хан Қытайды жаулауды сеніп тапсырған Мұқалы нојан — қазақ руы жалайырдан шыққан. Нојан өскери дәрежесі де қаған, ильхам деген дәрежелер сияқты монгол сөзі емес, Батыс және Шыңғыс Турік Қағанаттарынан қалған атау. Шыңғыс хан жақын тартқан кісілер мен қолбасылардың ішінде де монгол есімді адамдар кездеспейді. Ханының ұлдары мен қыздарына да түрік аттары берілген: Жошы, Шағатай, Төле, Құлагу және тағы басқа. Жошы ханының балаларына да монгол есімдері берілмеген: Батый, Берке (екеуі де Алтын Орда хандары).

Дүние жүзіне таралған Шыңғыс хан есімі жөнінде де осының айтуға болады. Хан болып жарияланғанға дейін Теміршін деген

есімді иеленгенін жоғарыда айттық. Шыңғыс хан — Теміршінді ақ киізге көтерген төрт рудың билерінің қойған есімі. Ол төмендегідей мағыналарды береді: шың — қазақ тілінде таудың ұшар басы, ұшарлығы; ғыс — көне түркі тілінде (қазіргі қазақ тілінде «қияс» түрінде сакталған) нұр, сауле. Ендеше бұл есім «бік, нұр сөүлелі хан» деген мағына береді (Шың+ғыс+хан). Жазба деректерге сүйенсек, оны ақ киізге көтерген төрт рудың он екі би. Төрт руымыз — қият, найман, керейіт, меркіт.

Кейібір тарихшылардың пікірінше, осы төртеудің бір кезде монгол руы болған, кейіннен Еділ жағалауында және қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүре жүріп түркіленген делинеді. Мұндай пікірдің жансактығын айғактайтын төмендегідей дәлелдер бар.

Біріншіден, осынау төрт ру біріккенге дейін әрқайсысы өз алдына жеке-жеке хандық күрган. Ішіндегі ең ірісі — бір өзіғана 100 мын әскер шығара алғатын Найман Хандығының атақты қолбасшысының (Бұйрық ханының ұлдарының бірі) есімі — Көксу Сарап. Көріп отырғанымыздай, олардың да есімі түркіше. Екіншіден, керейлердің бір бөлігі — абақ керейлер атам заманнан бері қазіргі Монголияның территориясында тұрып келеді. Әйтсе де олар күні бүгінге дейін қазақтың салт-дәстүрін, тілін сақтап қалған, монгол болған деп айтуға аузында бармайды. Монголдардың, аз бөлігі қытайлардың (Шыңжан Үйғыр Автономиялы Республикасы) ортасында өмір сүре жүріп, олар қалай «түркіленген?»

Үшіншіден, қытайлар ежелден бері, ал монголдар қазір қазақтарды — «хасаг» деп атайды. Мағынасы — нағыз сақ (Ха — нағыз, нақтылы, сақ — сақ). Осының өзі-ақ қазақтың монголға қатысы жоқтығын, керісінше, сақтардың ізбасары екенін дәлелдемей ме?!

Төртіншіден, қазақтар мен монголдардың ұлттық дәстүрін алайық. Олар бір-біріне мұлдем ұқсамайды. Егер керей, найман рулады атам заманнан бері монгол болып келіп, беріде түркіленген, қазақтанған болса, олардың салт-дәстүр, әдет-ғүрпілік жүқанасы қалмас па еді?!

Шыңғыс хан біріккен тайпаларға неліктен «монгол» атаяуын берді?

«Разноликая Монголия» кітабында¹ монгол тайпасына мынадай сипаттама беріледі: «Онон мен Керулен өзендерінің жағасын мекендеген шағын тайпаның адамдары өздерін монголмыз деп атады. Ресми атау тек XIII ғасырда монгол халқы мен мемлекеті құрылған кезде ғана пайда болды».

Біріншіден, жоғарыда көрсетілгеніндей, аталған мемлекетті оған дейін өз алдына хандығы, яғни мемлекеттің бар және мың-мың санды әскерлері бар өте ірт тайпа құрды. Дәл осындай төртеуі де ірі болғандықтан біріккен мемлекетке төртеуінің бірінің атын беру мүмкін емес еді. Өйткені оған қалған ушеуі ешқашан келіспес еді. Сондықтан Шыңғыс хан өзі біріктірген тайпалардың арасында алауызыңқ болмауы үшін өзін ак киізге көтеруге де, Шыңғыс хан деген ат беруге де еш қатысы жоқ, бірақ сол жерлерде көшіп жүрген аз ғана тайпаның атын беруге мәжбүр болды. Монгол тарихшыларының айтуынша, ол кезде монгол руының саны 400—500 ғана түтін екен және ешқашан да өз алдына мемлекеттің болмаған². Ол кезде наймандардың, керейттердің, меркіттердің, қияттардың тәуелсіз мемлекет құргандығына бірнеше ғасырдың жүзі болған. Ендеше осындай азулы тайпаларды (тіпті оларды халықтар деуге де сыйды) басқарып тұруға, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізуге шағын тайпаның (рудың деген жөн шығар) шама-шарқы, ақыл-айласы, тәжірибесі (ешқашан мемлекет деңгенді білмеген монгол ғой) жетер ме еді? Әрине, жоқ. Әйтсе де шағын, жұпның ғана тайпаның аты біріккен ірі халыққа беріліп, әлемдік тарихқа еніп кетті. Сондықтан да, біздінше, Шыңғыс ханды қазіргі қазак халқының құрамындағы рулар мен тайпаларды бір мемлекетке біріктіргендіктен қазак халқының негізін салушы деп санаған жөн.

Әйткені дәл осы тайпалар (біразының өз алдына мемлекеттің болған, біразының ін мемлекеттің болмаған) бұрын ешқашан да бір мемлекеттің туының астында өмір сүрмеген еді. Рас, кейін сұрьыпталудан өтті, бірақ қазак халқының негізі сол тұстан бастап қаланды (кейір ғалымдар қазак руларының

¹Дамдинжавин Майдар, П. М. Турчин. «Разноликая Монголия». Этнографический очерк. Москва, «Мысль», 1984, 34-бет.

²Бұл да сонда. 34-бет.

бір бөлігі монгол текстес, сондықтан қазак халқы таза түркі текстес емес, түркі монгол текстес деген пікір де айтып жур. Ол өз алдына зерттеуді қажет етеді әрі жеке әңгіменің арқауы).

Көптеген туркологтардың, шығыстанушылардың, сонын ішінде Шоқан Үәлихановтың қуәландырғаныңдай, Шыңғыс хан мемлекетінде наймандар көп санды тайпа ретінде негізгі рөл атқарды. Бұл туралы «Жонғар очерктерінде» Ш. Үәлиханов: «Шыңғыс хан мемлекетіндегі наймандардың рөлі туралы мейлінше мол айтылды»,— деп жазды. Басқаны былай қойғанда, осының өзі-ақ Шыңғыс хан мемлекетінің қазақы екеніне айғак.



Жошы хан және оның мемлекеті

Көнгір өзенінің сол жақ жағалауында, Жезқазган қаласынан 45 шақырым жерде Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошы ханың мазары бар. Осы ұлына Ұлы қаған қазіргі Қазақстанның жерін беріл, оған өзі аса қадірлейтін ғұн Еділ батыр салған жолмен батысқа жорық ұйымдастыруды өсінет етеді. Жошы хан оқыстап опат болып, одан уш айдан кейін Ұлы қағанының өзі дүниеден өткен соң, батысқа қарай жасалатын жорық біраз жылдарға шегеріледі. Бұл жорық сөл кейінірек Жошы ханның тұңғыш ұлы Бату ханның басшылығымен жүзеге асады¹. Жошы ханның мазарында оның құзырына қараған қонырат, керей, найман (найман қазак халқының құрамына енген рутайпалардың ішінде таңбасы жоқ жалғыз тайпа, сондықтан найманның белді тобының таңбасы таңбаланған), қышшак, қаңлы, оғыз тайпалары өздерінің таңбаларын қалдырған.

Қазак арасында Жошы ханды аң аулап жүргенде ашынған ақсак құлан тарпып, шайнап өлтіргені жөнінде аныз бар. Тіпті

¹«Чингиз наме». Утемиши хаджи. Перевод, транскрипция, исследование В. П. Юдина.

бабалардан мұрага «Ақсақ күлан» деген күй де қалған. Әйтсе де бұл аңыздың тарихи негізінің барлығына ешкім де назар аудармаған. Тарихи зерттеулерде Жошы хан аңшылық кезінде әкесінің құпия бүйрекімен өлтірілген (омыртқасы құйретілген) делініп келді¹. Мұндай байлам Шыңғыс ханның қатыгез де зұлым екендігін құпташты түсін шығарылған сияқты. Оған әкесі Есікей өлгенде уыстан шығып қалған билік (кияттар мен тайшыттардың ханы дөрежесі) үшін жас Теміршіннің (Шыңғыс ханның азан шақырып қойылған аты) енді-енді ғана күрес жүргізе бастаған кезінде оның бәйбішесі Бөртенің меркіттердің тұтқынында бірнеше ай болуы дәлел ретінде алынды. Ендеше Шыңғыс ханның Жошыны өз ұлы емес деп күмәндандына негіз бар. Оның үстіне Жошы Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы болғандықтан салт бойынша негізгі мұрагерлік соған қалуы туіс еді. Ал Ұлы қаған Жошыны негізгі мұрагер күлгісі келмегені аян².

Әйтсе де Қазақстан Ғылым академиясының ғалымдарының қатысуымен Жошы ханның қабірін ашқанда, оның аңшылық кезінде ақсақ құланның шабуылынан өлгені толықтай расталады³. Қураған қанқаның оң қолы жоқ болып шығады. Ал аңыз бойынша, Жошының оң қолын ашыпқан құлан шайнап, жұлыш альп, сол күйі әкетеді де, жерлеу кезінде мәйіттің оң қолы болмайды. Ендеше Жошының әкесінің бүйрекімен қасақана өлтірілуі қисынға сыймайды. Оның үстіне қартайғандығына, ауру екендігіне қарамастан тұңғыш ұлын жерлеуге Ұлы қағаның өзі келген, көп ұзамай, араға үш ай салып өзі де көз жұмған.

Осы тұста Шыңғыс ханның қайда жерленгендердің туралы мәселеге тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ. Тарих ғылымында Ұлы қаған таңғыттармен соғыста (Батыс Қытай) аттан құлап өлді және не Монголия, не Қытай территориясына жерленді дедінеді⁴. Ал Шыңғыс ханның өлерінен үш ай бұрын Ұлтатудың онтүстік баурайындағы Жошы ханның ордасына ұлын

¹Қазақ совет энциклопедиясы (КСЭ). А., 1974. 4-том, 481-бет.

²Бұл да сонда. 481-бет.

³Сонда. 481-бет.

⁴КСЭ. А., 1980. 12-том. 333-бет; Е. Кычанов. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. А., «Жазушы» 1992. 155-бет.

жерлеуге келгені анық. Ол кезде Ұлы қаған қартайғандықтан әрі сырқаты мендегендіктен кері сапарында арбамен қайтады. Салт атпен жұруге шамасы болмаған ханның аттан құлап өлгені де қисынға сыймайды.

Алакөлдің шығыс жағалауында «Шыңғыс ханның тасы» делінетін үйдей тас және «Шыңғыс ханның соқпағы» дейтін соқпак бар. Бұл жер Ұлы қаған аялдағандықтан және сол жолмен жүргендіктен солай аталған. Біздіңше, Шыңғыс хан тұңғыш ұлын жерлеген соң, Ұлтатаудан Алакөлдің шығыс жағалауы арқылы өткен болуы керек. Әйткені сол кезде қазіргі Шыңғыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы Шілікті жазығында оның бәйбішесі Берте ханшаның қыстауы болған екен¹. Ол осы маңда жерленуі мүмкін. Екінші жорамал — егер ол Алакөлдің шығыс жағалауымен қайтқан болса, онда қазіргі Қытай Халық Республикасының Іле-қазақ автономиялы ауданының территориясына орда тіккен ұлы Үкітай ханға сапар шегуі мүмкін. Онда Шыңғыс ханның қабірін Алакөл мен Бақтыдан (қазіргі Семей облысы Мақаншы ауданы) бастап, Үкітай ұлысының шетіне дейінгі жерден іздеген жөн. Соңғы жорамалдың көбірек қисынға келетін себебі — Шыңғыс хан Үкітайды ресми мұрагерім деп жариялаған². Салт бойынша Шыңғыс ханның барлық ұлдары Үкітайдың еркінен асып ештеңе істемеуі туіс. Ендеше өзінің айбынын асырыш, мөртебесін өсіре түсін үшін басқа бауырларының ұлысында емес, өз ұлысында жерлеуге шешім қабылдауы заңды. Дүние жүзі ғалымдарының Шыңғыс ханның қабірін Монголия мен Қытайдың территориясынан іздеуінің нәтиже бермей жүргендігінің себебі осы болса керек.

Жошы ханның бәйбішесі — керейттердің соңғы билеушісі Тұғырыл ханның інісінің қызы Бектұмыш. Жошы мазарын қазу кезінде Бектұмыш ханшаның да сүйегі табылған. «Бекпен» басталатын есімдер қазақ халқында жиі кездеседі (мәсес-

¹Шілікті жазығы ежелден мал-жанға жайлы жер, қысы да жайлы. Жергілікті көнекөз ақсақалдар осы жер Берте ханшаның қыстауы болған дейді. Тіпті ондағы орыстардың өзі ол жерді «Царская долина» деп атайды — К. Д.

²Еренижен Хара-Даван. Чингисхан — как полководец и его наследие. А. 1992. «Крамдс-Ахмет Ясави» 166-бет.

лен, Бектеміс, Бекқайша т. б.). Ендеше керейіттердің монгол тегінен шыққандығын осының өзі-ақ жоққа шығарады.

Бұрын-соңғы тарихшылардың барлығы Жошының ұлы Батуды монгол-татар ханы деп қаншалықты өзөурегенімен Жошы хан мазарының ішкі қабырғасына қашап түсірілген таңбалардың ішінде бірде-бір татар немесе монгол руларының таңбасы жок. Аталған мазарға таңбасын қашап қалдырған ру-тайпалар Бату хан қолының негізгі бөлігін құрай отырып батыска жылжиды. Бату хан Алтын Орданың алғашқы астанасын Ақтұма езенінің (Еділден бастау алып құмға сіңіп жоғалатын өзен) жағалауына орнатады, ол Бату Сарайы аталады¹. Кейіннен бұл астана тып-типыл етіп талқандалған. Қазір оның орнында Астрахан облысына қарасты Селигреновское селосы бар. Бату хан өлген соң оның тағына Сартак (Сартай) хан отырады. Бұл хан аурушаң болышты, христиан дінін қолдапты. Алтын Орданың үшінші билеушісі Берке (Береке) хан. Берке ханның кезінде ислам Алтын Орданың мемлекеттік дініне айналып, оның халқы мұсылманықты қабылдайды. Берке хан мемлекет астанасын Еділдің он жағалауына көшіреді де, ол Берке Сарайы аталады².

Әзбек ханның тұсында Берке Сарайында қонақта болған араб оқымыстысы Ибн Баттута бұл жөнінде: «Сарай қаласы — жазыққа орналасқан, аса үлкен аумақты алып жатқан, көшелері кең, базарлары әдемі, халқы мол таңғажайып қалалардың бірі. Бірде біз, қасымда сол жердің ақсақалы бар, қаланың көлемін білу ниетімен оны сыртымен айналып шығу үшін атқа міндік. Біз өзіміз тұратын қаланың бір шетінен танертең ертегемен аттанып, екінші шетіне түстен кейін жеттік... Осынша аумақтың бәрін бір бос жерсіз, көсілген аbat бақсыз қатар-қатар салынған үйлер алдып жатыр. Онда діни қызметкес негізделген отыз ірі мешіт бар, ал ұсақ-түйек мешіттер кисапсыз көп»³, — деп жазады.

Ал XIV ғасырдың оқымыстысы Әл-Омари онда барып қайтқан кепестердің айтуына сүйеніп былай деп жазады: «Сарай қаласын Еділдің жағасына Берке хан салғызған. Ол сорлау

жерге, айнала қоршаусыз-ақ салынған. Қала орталығында мұнарасына ай ілінген зәулім сарай бар. Сарайды қамалды қабырғалар, мұнаралар, ханың әмірлері тұратын үйлер коршай орналасқан»¹. Қазір бір кездегі дүрілдеп тұрған астананың жүқінасы ғана қалған. Оның орнында бұл күнде Волгоградтан 60 шақырым жерде Царево деген жұпның село бар.

Сол кездегі айбыны аскан бабалардан қазаққа қалған жәдігерліктер — ауызша жеткен, анызға балап ешкім сенбейтін тарихи әңгімелер мен:

Айналайын, Ақ Еділ,
Атсыз жүрер күн бар ма?!

Айналайын, Алтын Ордам,

Көрер сені күн бар ма?!

деген ақын-жыраулардың мұң-шерге толы өлеңдері ғана.

Енді Ұлы қаганның өзі тұңғыш ұлы Жошы ханға сыйға тартқан жер, ондағы мемлекеттің, халықтардың жай-жапсарына тоқталайық. Біздіңше, Алтын Орда мемлекетінің дұрыс атауы — Жошы хан Ұлысы немесе Ұлы Ұлыс. Ұлыс — сол кездегі түркі тілдерінде мемлекет деген мағынаны білдіреді. Ұлы Ұлыс — тұңғыш, үлкен ұлдың мемлекеті деген сөз. Мұны біз ойдан шығарып отырганымыз жоқ. Әлгі батыс немесе орыс тарихшылары айтатыныңдай «алтынордалық хандардың» барлығы реңми күжатқа «Жошы Ұлысы ханы» немесе «Ұлы Ұлыс ханы» деп қол қойған.

Орыс авторларының өзі «Алтын Орда» ғана емес, «Жошы Ұлысы» деп те атаған. Мәселен, жоғарыда аталған И. Тимофеев ол жөнінде: «Хорезм және Еділдің төменгі жағынан бастап, Днепрге дейінгі байтак қалада көшіп-конып жүрген көшпенділерден тұратын Жошы Ұлысы, Алтын Орда, Русьтің мойнына байланған ауыр тастай еді»,² — деп жазады. Қазақ совет энциклопедиясында да осындей мәлімет бар: «Алтын Орда, Жошы Ұлысы — феодалдық мемлекет, XIII ғасырдың 40-жылдарында... күрүлған»³.

¹Сонда. 188-бет.

²Сонда. 164-бет.

³КСЭ. А., 1972. 1-том. 301-бет.

Сонда Алтын Орда қай мемлекеттің атауы деген занды сұрақ туады. Алтын Орда, біздіңші — мемлекеттің емес, мемлекет астанасының аты. Түркі тілдерінде «Орда» сөзі ешқашан да бүтін бір мемлекеттің атауын білдірген де, Азияда ондай мемлекет болған да емес. Қазақ тілінде де орда («орта» сөзімен тубірлес болуы мүмкін) мемлекеттің емес, мемлекет астанасының, орталықтың мағынасын білдіреді. Қоқан Хандығында да орда деп хан сарайын атаған. Бұрынғы Ақмешіттің атын өзгерткенде де Қызылорда деп тегіннен-тегін қоймаған.

Бұдан шығатын қорытынды — мемлекетті «Алтын Орда» дейтіндер Рим — Рим империясы, Генуя мен Венеция бір ғана қаладан тұратын мемлекет деп, соларға ұқсатып атап жүрген батыс, орыс тарихшылары мен жылнамашылары, яғни Алтын Орда — осы хандық тұрғындарының өздері қоймаған, мемлекетке сырттан телінген атау. Тіпті әлгі аталған Генуя мен Венеция мемлекеттері Ұлы Ұлыстың бір аймағы — Қырымдағы Каффи қаласымен сауда-саттық жүргізгендігі жөнінде көптеңген жанама деректер бар. Ендеше «Алтын Орда» деп атап жүргендегер осы мемлекет тұрғындары болуы да ықтимал.

Шыңғыс ханың тағы бір ұлы Шагатай хан билеген түркі халқтарының арасында шағатай әдеби тілінің қалыптасқандығы туралы айтылып жүр. «Алтын Орда» халқының басым көшілігі түркі тексті ру-тайпалар: қыпшақ, қанлы, ағын, найман, қонырат, керей, уақ... әдеби тілі шағатай тілінде, әсіресе, оның қыпшақ-օғыз, яки солтустік диалектісінде жасалды»,¹ — делінген бұл жөнінде Қазақ совет энциклопедиясында. Сонда дербес мемлекет Жошы Ұлысында дербес әдеби тіл қалыптаспағаны ма? Өлде барды бар дей алмай немесе көзге ілмей жүрміз бе?

Осы энциклопедияда Жошы Ұлысында туган мынадай енбектер аталады. «Қисса Жүсіп» Әл-Хорезми (XIII—XIV ғғ); «Гүлстан» Саиф Сараи (XIII—XIV ғғ); 79 хисса-хикаядан тұратын «Қиссас-Ул-Өнбия» Рабғузи (XIII—XIV ғғ); «Мұхаббатнама» Хорезми (XIV ғ.); «Жұм-Жұма Хусам Хатиб (XIV ғ.) тағы басқалар»². Бұл енбектер Асан қайғы, Шалқиіз, Доспанбет жыраулардың толғауларына етene жақын тілде жазылмады ма?! Жошы Ұлысының перзенті,

¹КСЭ. 1-том. 302-бет.

²Бұл да сонда. 304-бет.

XVI ғасырдағы тарихшылардың бірі Өтеміс кажының «Шыңғыснамесін» ғылыми талдау, оны қазақ тарихнамасының ғылыми айналымына енгізу де кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Осының бәрі тарихшы ғалымдарымыздың біліктілігіне, ар-ожданына, үлтжандылығына сын дер едік.

Ұлы Ұлысты басқаруға қатысады қият, қоңырат, керей, найман, ағын тайпалары және кіші жүздің ру-тайпалары, қыпшақтың негізгі бөлігі, ногайдың бір бөлігі мемлекет күйрекен сон қазақ халқының құрамына еніп, Қазақ Хандығын құрайды. Қытай қыпшақтар (қыпшақтардың бір табы) қазіргі Қырғызстанның Ош облысына көшіп кетеді. Еділден Дунайға дейін көшіп жүрген ногайлар екіге белініп, Еділдің шығыс бөлігінде гілер Кіші жүздің құрамына енеді. Еділ бойына Бату ханға еріп келген татарлар Еділ бұлғарларымен араласып кетеді де, мемлекет басқару ісіне мүлдем араласпайды. Мөлшермен сол кездерде Қазан қаласының іргесі қаланады. Қаланың аты ай атымен байланысты болуы мүмкін.

Ұлы Ұлыстан Қазақ Хандығы белініп шыққанда, ондағы әскердің 60-70 процентке азайғанына, ал ондағы ру-тайпалардың басым көшілігінің кейіннен қазақ халқының құрамына кіргеніне, жоғарыда айттылған басқа да себептерге қарап, Жошы Ұлысы немесе Ұлы Ұлыс қазақ халқының мемлекеті болды деуге толық негіз бар.



Қазақ мемлекеті тарихы туралы

Қазақ мемлекетінің тарихын ұлттық мемлекеттің дамуының үздіксіз тарихи процесі ретінде қарастырған жөн. Осылай қарастырғанда қазақ мемлекетінің тарихы, біздіңші, Шыңғыс хан мемлекетінің құрылуы, яғни 1206 жылдан¹ басталады.

Осы тұста сөл шегініс жасайық. Барлық тарихи шығарма-

¹Қазақ совет энциклопедиясы. 12-том, 333-бет.

ларда Шыңғыс ханның азан шақырып қойған аты Теміршін (немесе Темірші) дегенниң орнына Темучин деп жаңсақ жазылып жүр. Өйткені оның барлығы Қытайдың тарихи деректеріне сүйенеді. Бірақ ол еңбектердің авторлары қытай тілінде «р» дыбысының жоқ екендігінен хабарсыз. Мұны өз кезінде Халел Досмұхамедов те айтқан¹. Ендеше өзге жұртқа жалтақтап, жалаң еліктей бермей қазақ тарихнамасында Шыңғыс ханның шын атын Теміршін (немесе Темірші) деп жазатын уақыт жеткен сияқты. Кейбір авторлар ұлы қағанның шыққан тайпасы қиятты есептемей, қияттың ішіндегі руды, баржігітті (оның өзін «боржигин», «боржигит» деп жаңсақ жазып жүр) ғана атайды². Бұл мәселе де жұртшылықты шатастыратыны сөзсіз.

Енді жоғарыда айтылған, қазақ мемлекетінің тарихы Шыңғыс хан кезеңінен басталады деген сөзімізді тарарайық.

Шыңғыс хан мемлекетінде көптеген қазақша атаулар болған. Соның бірі —«хасарт хаирхан уул». Монгол тіліндегі осы тіркес қазақшага аударғанда «қазақтың қасиетті тауы» болып шығады. Аталған тау қазіргі Монголияда, Алтай және Хагай тауларының ортасында, теңіз деңгейінен 3972 метр биіктікте орналасқан. Мұндағы «хасаг» сөзі қазақ атауының монгол тілінде дыбысталуы, т — лар, лер (дар, дер, тар, тер) жалғаулары іспетті көптік мағынаны білдіреді.

Сондай-ақ қытай тілінен монгол тіліне аударылған «Құпия шежірде» (1904) «хасаг тәрәг» деген тіркес бар. Тәрәг — араба деген мағынаны білдіреді. Ендеше бұл сөздің қазақша аудармасы — казақ араба. Бұл тіркестерден шығатын қорытынды: Шыңғыс хан мемлекетінде «монгол» деген реңми атаудан басқа «казак» деген төл атау да болған. Соңғы атау ондағы халықтың санасында өмір сүре келіп, кейіннен қазақ халқына берілген болса керек.

1206 жылдан кейін Шыңғыс хан басқыншылық жорықтарды жүргізе отырып, Орта Азияны және Алтайдан Еділге дейінгі ұлан байтақ даланы иеленгені мәлім. 1223 жылдың

¹Х. Досмұхамедов. Аламан. А., «Ана тілі». 1991. 99-бет.

²Қазақтың көне тарихы. 1987 жыл ҚХР-да басылған. Араб әліпбайінен кириллицаға түсірген – Мұратхан Қани. Алматы, «Жалын», 1993 ж.

көктемінде Құланбас жазығындағы (Сайрам мен Таластың ортасы) Құрылтайда Шыңғыс хан Жошының қарамағына Ертістен Еділге дейінгі, одан ері өзі басып алуға тиіс батыстағы барлық территорияны береді. Бұл жерлерде қыпшак сияқты кейіннен қазақ халқының құрамына енген тайпалар бұрыннан тұратын еді. Ал қазақ халқын құраған басқа тайпалар — аргын, қият, дулат, қанлы, албан, суан, ысты, шапырашты, ошакты, жалайыр, найман, керей, уақ, қоңырат, алшындар¹ Жошымен бірге келіп қоныстанады. Өстіл, 1223 жылы бірінші қазақ мемлекеті екінші қазақ мемлекеті (Жошы Ұлысы) болып қайта құрылады. Бату ханның жорығынан соң Жошы Ұлысының аумағы мейлінше кеңеяді де, іс жүзінде Ұлы Ұлысқа айналады. Бұл жағдай 1227 жылы 25 тамызда Шыңғыс хан өлген соң бекиді.

Қазақ мемлекетінің тарихындағы үшінші кезең XV ғасырдың ортасынан, Алтын Орда мемлекеті өлсірей бастаған жылдардан басталады. Қазақ Хандығы Алтын Орданың (Ұлы Ұлыстың) занды ізбасары іспетті. Өйткені Қазақ Хандығы Ұлы Ұлыстан белінген басқа хандықтардан алып жатқан аумағы жағынан да, тұрғындарының, тайпалардың саны жағынан да nedéuý үлкен болды.

Жошы Ұлысы ыдырағанға дейін оның құрамында автономды мемлекеттер құрыла бастайды. Мәселен, 1449 жылы Жошы Ұлысының ханы Тоқайдың үрпағы Қажы Керейдің үйімдастыруымен Қырым Хандығы құрылады. Шамамен осы жылдарды Астрахан, Қазан хандықтары, Ногай Ордасы, Көк Орда құрыла бастайды да, Алтын Орда ыдыраған соң төуелсіз мемлекеттерге айналады. Әйтсе де Ұлы Ұлыс 1480 жылға дейін өмір сүргендіктен бұл хандықтар төуелсіз мемлекет деп саналған жок.

Ұлы Ұлыстың құрамындағы оған жартылай төуелді дәрежеде өмір сүрген Көк Орданы да қазақ мемлекеті деп таныған жөн. Өйткені онда да кейіннен қазақ халқының құрамына ен-

¹Алшын жөнінде А. И. Левшин: «Таким образом, байулинцы и алималинцы перестали называться общим древним именем алчин», – деп жазады. А. И. Левшин. «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей». Алматы, «Санат», 1996. стр. 291.

ген тайпалар өмір сүрген. Көк Орданың алғашқы ханы Өбілқайыр (1412—1468)¹ болған. Ол билікке 32 жасында келіп, 56 жасында дүниеден өтеді. Бұдан шығатын қорытынды — Көк Орда автономды құрылым ретінде 1444 жылы құрылса керек. Ұлы Ұлыс 1480 жылға дейін өмір сүргенін ескерсек, Көк Орда құрылған соң отыз алты жыл бойы Ұлы Ұлысқа бағынған болып шығады. Әйткенмен 1468 жылы Өбілқайыр хан өлген соң билікке Керей хан мен оның немере інісі Жәнібек сұлтан келеді де, Көк Орда Қазақ Хандығы болып аталады.

Дегенмен қазақ мемлекеттігінің қайнар көзін Қазақ Хандығынан бастау тарихты бұрмалау болар еді. Әйткені мемлекеттің атына емес, затына, ішкі мазмұнына, онда өмір сүрген тайпалардың құрамына зер салып барып қана қорытынды жасаған жөн. Ал мемлекетті құратын немесе құруға үйткы болатын белгілі бір халық десек, көшпелі халықтарды осы халықтың құрамына енетін тайпалар құрайды. Ендеше қазақ мемлекеттігі, жоғарыда көрсетілгенідей, Шыңғыс хан мемлекеті құрылған 1206 жылдан басталады. Әйткені осы жылы бұл мемлекетті ең алдымен, төрт қазақ тайпасы (қият, найман, керей және меркіт) құрган еді. Өстіп, қазақ мемлекеті өз тарихында мынадай кезеңдерді бастаң кепшірді: Шыңғыс хан мемлекеті — Ұлы Ұлыс (немесе Жошы Ұлысы) — Қазақ Хандығы — Ресей империясының отары — тәуелсіз Қазақстан.

Көк Орданың (кейіннен Қазақ Хандығының) астанасы — Орал өзенінің оң жағалауында, Атырау қаласынан 40 шакырым жерге орналасқан Сарайшық қаласы. Сарайшықты XVI ғасырдың сонында Орал казактары ойрандап, тас-талқан еткен.² Қазір бұл қаланың орны ғана сақталған. Өбілғазы Баңадүрдің айтуы бойынша³, Сарайшықта Ұлы Ұлыстың (немесе Жошы Ұлысының) бірнеше ханы жерленген. Соның бірі — Ұлы Ұлысты он жеті жыл билеген, ерлігімен, даналығымен аты қалған атақты Жәнібек хан. Ол өлген соң Бердібек ханың кезінде Ұлы Ұлыста төртіпсіздік басталады.

¹КСЭ. 2-том, 45-бет.

²КСЭ. 10-том, 27-бет.

³Өбілғазы. Түрік шежіресі. А., «Ана тілі», 1992. 117-бет.

1468 жылы Керей мен Жәнібек өкімет басына келген соң Көк Орданың Қазақ Хандығы болып аталғандығын жоғарыда айттық. Бірак одан соң тұрғындардың құрамы, мемлекеттердің территориясы пәлендей өзгермеген. Ендеше мұны өр түрлі аттағы бір ғана мемлекет деп санаған жөн. Әйткені осы бір толқымалы, Жошы Ұлысы ыдыраған кезеңде қөптеген мемлекеттер атауларын өзгерткен-ді. Ендеше автономиялы Қазақ Хандығының құрылған жылын 1456 да, 1468 де емес, 1444 жыл деп, ал тәуелсіз Қазақ Хандығының құрылған жылын Жошы Ұлысының өмір сүруін тоқтатқан 1480 жылдан бастап санаған қисынды емес пе? Көк Ордадағы билік басына Керей мен Жәнібектің келуі Өбілқайыр хан үрпақтарының биліктен қағылуына әкеп соктырады. Сөйтіп оның үрпақтары Көк Ордадан (Қазақ Хандығынан) қаша бастайды.

Көк Орданың Қазақ Хандығына айналған және Ұлы Ұлыстың (Алтын Орданың) іштей ыдырап жатқан өте күрделі процестерінің нәтижесінде шайбанилық Өбілқайыр ханың немесе ресі Мұхамед Шайбани хан қазақ және ногай руладынан 150 мың әскер жиып алыш, Орта Азияны жаулауға аттанады. Кезінде Ақсақ Темір ханың біріктіруімен біртұтас, мығым мемлекетке айналған Орта Азия ол кезде бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлініп кеткен еді. Ақсақ Темір үрпақтарының арасында ынтымақ пен бірліктің жоқтығынан ол кезде бұл мемлекеттер өзара қырқысып жатқан-ды. Сондықтан өзара қырқыстың салдарынан әлсіреген бұл хандықтар Мұхамед Шайбаниға күшті қарсылық көрсете алмай, аз ғана уақыттың ішінде оған бағынып тынады.

Мұхамед Шайбани ханың замандастарының, тарихшылар Мұхамед Салих пен Өбдіразақ Самарқандидің және қазақ тарихшысы Халел Досмұхамедовтің еңбектерімен жақсы таныс М. Тынышбаев Қазақ Хандығынан Мұхамед Шайбанимен бірге кеткен, Орта Азия тұрғындарымен қандары араласып, өзбек ұлттың құраған төмөндегі қазақ ру-тайпаларын атайды: үйсіндер, қанлылар, жалайылар, ергелілер, ошақтылар, қыпшактар, наймандар, қоңыраттар, ашымайлы және шеруеш көрейлер, алшынның барлығына жуық рулаты (байұлы,

өлімұлы, жетіру)¹. Әрине, аталған ру-тайпалар адамдарының барлығы бірдей Орта Азияға сінісп, өзбекке айналған жоқ, белгілі бір беліктері ғана.

Сонда Орта Азияға Мұхамед Шайбанимен бірге қанша қазак кетті? Олардың барлығы бірдей өзбекке айналды ма? Жалпы Мұхамед Шайбани өзі құрган мемлекетке неге өзбек атауын енгізді? Енді осы сұрақтарға жауап беруге тырысып көрелік.

Біздінше, Мұхамед Шайбанидің өзі құрган мемлекетке өзбек ұлысының атын беруі бір кезде Ұлы Ұлысты билеген Өзбек ханының беделімен байланысты болса керек. 1334 жылы Өзбек ханының ордасында болған араб саяхатшысы әрі тарихшысы Ибн Баттута ол туралы: «Жошы Ұлысына мұсылмандықты XIII ғасырда-ақ Берке хан енгізген еді, бірақ хан тағына 1312 жылы жас та ширап Өзбек хан келген соң ғана ислам ресми дін ретінде орнықты»,² — деп жазады.

Тарихшылардың күөлік етуіне қарағанда, Мұхамед Шайбанимен бірге Қазақ Хандығы тұрғындарының 15–18 проценті кеткен екен. Ендеше қазақ тайпаларымен толықкан өзбек халқының қазақ халқымен байланысының тарихи тамыры тереңде жатыр. Мұны Мұхамед Шайбанидің Орта Азия мен Хорасанды алғандағы сәтін баяндайтын тарихи деректер де растай түседі. Мәселен, Мұхамед Шайбанидің замандасы Мұхамед Салих «Шайбанинаме» еңбегінде Түркістанды (Орта Азияны) жаулап алушыларды бірсесе қазактар (өсірепе рулардың атын атағанда), бірсесе өзбектер дейді. Әсірепе 1499 жылы Самарқанды алғанда Мұхамед Салих «Мұхамед Шайбанидің өскері қазактар еді» десе, 1503 жылы Фергананың астанасы Ақсу қаласын (Сырдарияның оң жағалауында, Наманған маңында) алғанда «Шайбанидің өскери 10000 адам, қазактардан құралған» деп жазады³. Бұдан әрі М. Тынышбаев өз еңбегінде Әбдіразақ Сармәндиң 1468–1471 жылдары жазған еңбегіне жүргіне отырып, Мұхамед Шайбанидің бастауымен қазактардың Астрабадқа шабуыл жасаганын жазады. Мұның барлығы Мұхамед Шайбани өз мемлекетін Өзбек Ұлысы деп атағанымен оның

¹М. Тынышбаев. Аталған еңбек. 27-бет.

²Игорь Тимофеев. Ибн Баттута. М., «Молодая гвардия», 1983. 160-бет.

³М. Тынышбаев. Аталған еңбек. 36–37-беттер.

өскері Қек Ордада қазақ ру-тайпаларынан құралғандығына айғақ болып табылады әрі бұл өскер бұдан кейін де көп уақыт қазақ өскері деп аталған. Мұхамед Шайбани Қек Орда Қазақ Хандығы деп атала салысымен одан кетіп қалғандығына қарамай, оның Қек Ордадан енші ретінде құрып өкеткен өскері қазақ өскері деп аталуының өзі-ақ Қек Орда қазақ мемлекеті екендігінің бұлтартпас дәлелі. Бұл жөнінде Бабыр: «Бұл өзбектер қайдан шыққан жау екенін білмеймін», — деп жазады².

Қазақ мемлекетінің Шыңғыс хан құрган сәттен бастап әрқашан да астанасы болған. Астанасы болмауы мүмкін емес. Өйткені Шыңғыс хан ұлдарына өздеріне қарасты қалалардың бірінен әрқайсысының астанасы болуы керектігі жөнінде өсietт aitқан. Ал егер ондай дайын қала болмаса, салып алуы керектігін ескерткен. Ұлы қағанның үрпактары оның өсietтін бұлжытпай орындаған. Еділ жағалауына келген Бату хан ол жерден бірде-бір қаланы көрмеген соң Еділдің бір сағасы Ақтұманың жағасынан Бату Сарайын тұргызған. Ал Берке хан Ұлы Ұлыстың астанасын Еділдің оң жағалауына көшіре отырып, ол жерге Берке Сарайы қаласын тұргызады.

Шыңғыс хан кезіндегі Қазақ мемлекетінің алғашқы астанасы — қазіргі Монголиядағы Орхон (Ор+хан) өзенінің жағалауындағы Каракорым қаласы. Қазақ мемлекетінің одан кейінгі астаналары мынадай: Бату Сарайы — Берке Сарайы — Сарайшық — Түркістан — Алматы. Түркістанды уақытша жонғарлардың басын алғанын есептемесек, қазақ мемлекетінің қашан да астанасы болған. Жонғарларды талқандаган соң, Түркістанның қайтадан қазактың өз қолына көшкені әмбеге аян. Ал Орынбор мен Қызылорда Қазақ мемлекетінің астанасы болып есептелмейтін себебі ол кезде Қазақстан Ресей империясының отары еді.

Сарайшықтың Қазақ Хандығының астанасы болғандығы жөнінде тікелей және жанама деректер жетерлік. Негізгі хан деп саналған Бұрындық, көбінесе Сарайшықта тұрды¹. Сарайшық қаласында араб жиһанкезі Ибн Баттута 1334 жылы

¹М. Тынышбаев. Аталған еңбек. 45-бет.

²Захир-ад-дин Мұхамед Бабыр. Бабырнама. «Ататек», А., 1993. 106 бет.

20—24-желтоқсанда болған екен. «Сарайдан (Берке Сарайы — Қ. Д.) 10 күндік жерде, Ұлысудың (Жайық өзені — Қ. Д.) жағасындағы Сарайшықтың керуен тоқтайтын аулаларына су мен азық-тұлікті толтырып алу және бетпақ дала арқылы отыз күндік жолдың (Хорезмге — Қ. Д.) алдында әл жиып алу үшін керуендегі тоқтайтын»,¹ — деп жазады Ибн Баттута. Оның жазбасынан біз 1334 жылы Орал өзені «Ұлысу» деп аталғанына көз жеткіземіз.

Сөздің иіні келгенде, қазак тарихнамасы жөнінде бірер сөз айта кетелік. «Народ сей давно известен в Азии... Подпав властыству Чингиса, он по смерти достался в удел сыну его Джучи», — дейді А. И. Левшин². Қазақ мемлекетінің шынайы тарихын жасағымыз келсе, ең бастысы тұпнұсқа құжаттар жөніндегі орыс, монгол, қытай, араб тағы басқа халықтар ғалымдарының талдауын емес, сол тұпнұсқаның өзін пайдалану қажеттігін жадымызға тұтайдық. Ал біздің тарихшылар бұған дейін Вельяминов-Зернов, Левшин, Аристов, Бартольд тағы басқа ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп қана пікір айтады. «У нас до сих пор почти отсутствует серьезная, популярно изложенная, по содержанию отвечающая своему названию литература по изучению прошлого казахов,— деп жазады М. Тынышбаевтың атап-ған еңбегіне кіріспе сөзінде сол кездегі белгілі тарихшы Тоқтыбаев. — Большинство из тех немногих исследований, если не считать работу Вельяминова-Зернова, Левшина и отчасти академиков Бартольда, Аристова — является архивным материалом, повторением и успешным исковерканием напечатанной прежде истории казахов. Единственным и главным достоинством их являлось тенденциозность, дух противоречия, обслуживание и обоснование преступной политики царизма». Ендеше, патшалық Ресей архивтерін, оның тарих ғылымын сараламай пайдаланудың, електен өткізбей, оған көсіз сенудің уақыты өтті. Отан тарихына мұндай көзқарас шын мәнінде Ресей историографиясын жалғастыру болып табылады.

Қазан Хандығын, Сібір Хандығын басып алған соң Ресей им-

¹Ибн Баттута. М., «Молодая гвардия». 1983. 189-бет.

²А. И. Левшин. Атап-ған еңбек, 153-бет.

периясы Қазақ Хандығының территориясына қанды шенгелін сала бастайды. Ресей Қазақ мемлекетін біраз уақыт тыныштық берсөн, бас көтеріп, аса қуатты мемлекетке айналып кетуі мүмкін Ұлы Ұлыстың (Алтын Орданың) аса қауіпті ізбасары деп санайды. Ол кезде Ресей империясы Қазақ Хандығын ғылым мен техника, өндіріс пен өскерді қаруандыру, саяси және мемлекеттік құрылым жағынан недәуір басып озған еді. I Петр Қазақ Хандығын «барлық азиялық мемлекеттер мен жерлерге апарар кілт және какпа»,¹ — деп бағалаған болатын. Ал генерал-губернатор Тевкелев I Петр патшаның сөзін «Киргиз-кайсацқая Орда потребна под российской протекцией быть, чтобы только через их во всех азиатских странах коммуникацию иметь и к Российской стороне полезные и способные взять»,² — деп тарата түседі. Ресей империясының негізгі мұддесін бұдан ашық әрі төте айту мүмкін емес шығар.

Ресей империясы өзін төзірек жауаптап алғып, «барлық азиялық елдер мен жерлерге» жол ашуды көзделеп отырған соң Қазақ Хандығы өте күрделі әрі киын жағдайға тап болады. Өйткені патшалық Ресей Қазақ Хандығына солтустікten қысым көрсете отырып, бір жағынан сол жылдары күшіе бастаған Жонғар мемлекетін қаруандырып, жонғарлардың Қазақ Хандығының онтүстігінен басып кіруін үйімдастырып, екінші майдан ашады. Қазақ халкы ушін ұлы шыргалаң күндер басталады. Жонғарияға кару-жарап Қузнецк (казіргі Ресейдің Кемеров облысы) арқылы жеткізіледі³. Қазақ Хандығын Жонғарияның шабуылы арқылы недәуір әлсірете отырып, патшалық Ресей Батыс Сібірді жоспарлы түрде игеруді бастайды. Бұл жөнінде географ-ғалым Н. А. Сидельниковтің жетекшілігімен ірі ғалымдар мен зерттеушілер жазған «Киргизский край» кітабында ашықтан-ашық айтылады. «XIX ғасырдың басынан бастап өкімет жауаптап алған жерлерді бекіте тусу үшін қалаларда (Омбы, Петропавл, Семей) жергілікті отырықшы тұрғындарды

¹М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Н. Алексеенко т.б., «Ключ и врата к азиатским странам», «Казахстанская правда» 1991. 16-мамыр.

²«Временник московского общества истории и древностей Российских» М. 1882. книга 13, 15-бет.

³КСЭ. 4-том. 476-бет.

кебейтүмен шұғылданды. Онда осы мақсатпен 1808 жылы жергілікті шекаралық аймактарда казак өскері құрылып, олар жермен, жалақымен және азық-тулікпен қамтамасыз етілді. 20-жылдары казактар Қекшетау уезінің шұрайлы бөлігін басып алды және қазіргі Ақмола, Баянауыл, Қекшетау, Қарқаралы жерлерінде бой көрсете бастады,¹ — деп жазылған аталған кітапта. Казак өскерінің құрылғаннан бергі атқарған осындай «қызметін» II Александр патша 1861 жылы өз декретінде: «Казачье сословие предназначено в государственном быту для того, чтобы сберегать границы империи, прилегающие к враждебным и неблагоустроенным племенам и заселять отнимаемые у них земли»,² деп бекіткен еди.

Патшалық Ресей Қазак Хандығын жауап алудың өздеріне сөз келмейтін «занды жолдарын» іздеген. Сондықтан Қазак Хандығында билік үшін өзара қырғи қабақ болып жүрген Шыңғыс тұқымдарының кейбіреуін басын айналдырып, алда, өз жағына шығарып алған. Мәселен, Шыңғыс ханның тұқымы, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды Ресейдің құрамына өз еркімен кіру үшін шартқа қол қойып, ант беруге патша өкіметінің қалай көндіргені тарихи құпия күйінде қалып отыр. Бұкіл Қазак Хандығын Ресей империясының құрамына кірді деп заң жүздің жазғызған осынау шартқа қол қоюдан соң Әбілқайыр Ресей тарапынан үш жүздің ханы болып жарияланады. Бірақ қол қойған соң Әбілқайыр хан Ресей империясына керексіз болып қалады да, оны кіші жұз сұлтаны Барак өлтіреді. Оның Әбілқайыр ханды өлтіруіне нақты не себеп болғаны да тарихи құпия күйінде қалды. Бір білетініміз — Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған жок. Бұл жонінде біз енді ғана айта бастасак, шетелдіктер баяғыда-ак дәлелдеген.³ Бұған, басқаныбылай қойғанда, Әбілқайырдың үш жүздің ханы емес, Кіші жүздің ғана ханы болғандығы-ак дәлел. Ендеше тарих ғылымы Әбілқайырды өз халқы мен мемлекетінің мүддесін аяққа басу-

¹М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Н. Алексеенко т.б. Аталған мақала, «Казахстанская правда».

²Бұл да осы мақалада.

³Су Би Хай. «Казахстан к России добровольно не присоединялся» Пекин. 1954.

шы сатқын ретінде қарауы тиіс. Шыңғыс хан тұқымдарының ішінде мұндағы сатқындықтар, сарай төңкерістері, хандарды, таққа үміткерлерді өлтірулер біраз бар. Әбілқайыр — солардың бірі. Тарихшы Ермұхан Бекмахановты абақтыға аттай 25 жылға аттандырып салып, кенес тарихнамасы Әбілқайыр ханды асқақтата марапаттады. Қенесары хан жөніндегі шындық үшін 25 жыл абақты кесілсе, Әбілқайыр жөніндегі өтірік үшін ғылыми атақтар берілді. Осының өзі-ақ Әбілқайыр ханның кім екенін (сатқын ба, жок үлттық қаһарман ба) аңғартса керек.

Енді Қазак Хандығының құрылу мерзіміне тоқталайык. «Қазақ ССР тарихындағы» Қазақ Хандығы 1456 жылы құрылды деген болжам Мұхамед Хайдардың «Тарихи Рашиди» кітабын теріс түсіндірген Вельяминов-Зерновтің еңбектерінен алынған. Қазак Хандығы құрылғаннан бір ғасырдан үақыттан соң жазылғандықтан әрі көптеген дәлсіздіктерге жол берілгендейтін «Тарихи Рашиди» еңбегі Қазақстан тарихы мәселе сінде сенімді түпнұсқа болып саналмайды. Мұхамед Хайдар мырза Дулати — Индияны жауап алушы, Ұлы Могол мемлекетінің негізін салушы, ақын-жазушы, тарихшы Захраддин Мұхамед Бабырдың немере інісі. Мұхамед Хайдар Захраддин Бабырга оның ордасы Лахорда болған кезде-ак барыш, өмірінің көп бөлігін қасында өткізеді. Бабыр талантты ғалым және мемлекет қайраткери Мұхамед Хайдарды өте жоғары бағалаған. Бабырдың көмегімен Мұхамед Хайдар Кашмир мен Тибеттің өмірі болады және өте ірі тәуелсіз өмір ретінде дүниеден өтеді.¹

Бабыр 1483 жылы 14 ақпанды Ферғананың өмірі Омар Шейхтің отбасында дүниеге келді. 1494 жылы әкесі өлген соң Бабыр 11-12 жасында Ферғана өмірі болады. Ол 1530 жылы 26 желтоқсанда Ағра қаласында Ұлы Могол мемлекетінің императоры болып түрғанда өледі. Өзінің есіеті бойынша Ұлы Могол мемлекетінің құрамындағы Кабул қаласында жерленеді². Бабыр Жошы Ұлысы (Алтын Орда) күйрекен соң 50 жылдан кейін, Қек Орданың ханы Әбілқайырдың (1468 жыл) өлімінен 62 жылдан кейін қайтыс болған. Мұхамед Хайдар Бабырдан

¹М. Тынышбаев. Аталған еңбек. 5-бет.

²Захир-ад-дин Мұхамед Бабыр. «Бабырнама». Аударған, алғысөзін, түсіндірмесін жазған – Байұзак Қожабекұлы. «Ататек» А., 1993. 3-бет.

әлдекайда жас болған және оның Кашириде жазылған «Тарихи Рашиди» кітабы мөлшермен 1550—1560 жылдары жарық көрсө керек. Бұл Әбілқайыр өлгеннен және Орта Азия мен Көк Ордадағы қайғылы оқиғалардан соң 80—90 жыл өткен уақыт. Мұхамед Хайдар қазақ жеріне мұлдем келмеген болуы мүмкін. Кітап Қазақ Хандығы ғана емес, Орта Азиядан да жылрақта, авторға Қашқар мен Бұхарадан, Самарқан мен Хорезмнен келген адамдардың әңгімелеріне негізделіп жазылған. Ендеше Кашириден шалғайдағы Қазақ Хандығында одан 80—90 жыл бұрын болған оқиғаны дәлме-дәл беруі мүмкін емес, тек автор өзіне жеткен ақпаратты ғана баяндаған. Ол ақпараттар шындықтан тысқары еді, ал кей кезде қазақ хандары мен шайбанилықтардан Каширге қашып келген адамдар айтқанда қасақана ақиқат жиі бүрмаланатын. Оның үстінен Мұхамед Хайдар өз еңбекін «дүние жүзінде қазак деген халық жок, құрып біткен» деген жаңсақ түсініктे аяқтаған.

Дәлел ретінде «Тарихи Рашидиде» келтірілген қазақ жөніндегі негізгі мәліметтерге тоқталайық. Мәселен, кітапта 1466 жылы (Әбілқайыр өлерден екі жыл, Алтын Орда күйреуінен 14 жыл бұрын): «Жәнібек пен Керей қазіргі күні Хан тауы деп аталатын, Моголстан шекарасына жақын жерге кетті; олар Әбілқайыр өлген соң, көшпелілердің недеуір бөлігі өз жақтарына шыққан соң күштейді»¹, — деп жазады. Мұнда Жәнібек пен Керей Шу өзенінің төменгі ағысында Әбілқайыр мемлекеті мен Алтын Ордана тәуелсіз Қазақ Хандығын құрғаны жөнінде бір ауыз сөз айттылмайды. Оның есесіне Жәнібек пен Керейдің Әбілқайыр өлген соң күштейгендігін дұрыс көрсеткен. Осының өзі Әбілқайыр өлген соң Көк Ордадағы билік Керей мен Жәнібектің қолына көшкендігін, олар Көк Орданы «Қазақ Хандығы» деп атағандығының, сондықтан Мұхамед Шайбани мұнда тұра алмай, Орта Азияны жаулауға аттанғандығын дәлелдейді. Кітаптың тарихи құндылығының қаншалықты екенін мына үзінді де дәлелдей түседі: «Дәл осы 1537 жылы шағатайлық Рашид хан (Сейдтің ұлы — Қ. Д.) шайбанилықтармен одактаса отырып қазақтарға өте күшті соққы берді. Соғыс-

та қазақтың Тоғым ханы 37 сұлтанымен бірге опат болды», — дей келіп, сөзін «жер жүзінде бірде-бір қазақ қалмады»² деп түйіндейді.

Осындай кисынсыз, дәлдіксіз жазылған еңбек және Вельяминов-Зерновтың үшқары пікірі «Қазақ ССР тарихының» негізін қалады. Кеңес дәүірінде Вельяминов-Зернов сынды тарих ғылымындағы үлкен бедел иесінің қателігін айту аса қауіпті еді. Сондықтан «Тарихи Рашидиде» қарап жасаған Вельяминов-Зерновтың, басқа да Ресей және Кеңес тарихшыларының барлық зерттеу жұмыстарын, тұжырымдарын «Қазақ ССР тарихы» сөзбе-сөз қайталаумен шектелген.

Мұндағы келенсіздіктерді тубірімен жойып, қазақ тарихнамасын қалпына келтіру үшін тәуелсіз Қазақстанның ежелгі және орта ғасырдағы тарихы, біріншіден, шынайы тарихи еңбектерге, төл тарихқа қатысты түпнұска құжаттарға сүйеніп және қазақ тарихшылары тарарапынан жазылуы қажет. Екіншіден, М. Тынышбаев, А. Асфендияров, Қ. Кеменгеров, Т. Шонанов, М. Шоқаев, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Ә. Марғұлан, Е. Бекмаханов сынды қазақ зерттеушілері жинаған материалдар на-зардан тыс қалмауы, қажет тұсында, басшылыққа алынуы тиіс. Үшіншіден, Мұхамед Салихтің «Шайбанинамасы», Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы», Әбдіразак Самарқандидің, Мұхамед Хайдар Дулатидың және қазақ тарихына қатысы бар басқа да авторлардың еңбектері, Жошы Ұлысындағы жазылған барлық әдебиеттер қазіргі қазақ тіліне аударылуы керек. Төртіншіден, Жошы Ұлысының (Алтын Орданы) қазақ мемлекеті болғандығын ескеріп, осы ұлыстың Туркиямен, Византиямен, Иранмен, Венеция және Генуямен, Литвамен, Польшамен, басқа да мемлекеттермен жазысқан құжаттарын іздестіріп тауып, зерттеу нысанасына айналдыру қажет. Сонда ғана төл тарихымыздың бет-бағдарын дұрыс анықтауға, Қазақ мемлекетінің тарихы бүрмаланбай жазылуына жол ашылады. Төуелсіздік алған Қазақ елі өзінің мемлекеттігінің тарихын айқын-

¹М. Тынышбаев. Аталған еңбек. 47-бет.

²Рашид хан Мұхамед Хайдардың өте жақын досы болған. Сондықтан ол «Тарихи Рашидиде» осы Рашид ханының тарихын баяндаған. Сейд пен Рашид — шағатай үрпағынан тараған соңғы хандар.

¹М. Тынышбаев. Аталған еңбек.

білуі тиіс. Бұл — жас мемлекетіміздің нығаюына қызмет етеді. Қазақ мемлекеті құрылудың мерейлі кезеңдерін халық болып тойлауға мүмкіндік туады.



Мұңғылтану және Шыңғыс хан тарихы

Бұл еңбектің басты мақсаты — мұңғылтанушылардың Шыңғыс ханның шыққан тегі мен ол құрган мемлекет хақындағы еңбектерін ой елегінен өткізу. Аталған мәселелеге үнілгенде, ең алдымен көзге ілінері — барлық тарихи еңбектерді не мұңғылтанушылар (мәселен, Б. Я. Владимирцев, В. Л. Котвич, Ереджен Хара-Даван, Е. Качанов), не парсы, араб және қытай тарихшылары (Рашид ад-Дин, Ибн әл-Асир, Жүзжани, Жувейни, генерал Мен-Хун мен монах Чан-Чуньнің материалдары неғінде жазылған «Юань-Чао-би-ши», «Юань-ши» және «Құпия шежіре») жазғандығы.

Осылың ішіндегі аталған мәселелеге тікелей қатыстысы — 1240 жылы қытай тілінде белгісіз автор жазған «Құпия шежіре». Бұл еңбек Теміршін Шыңғыс хан болып аталған және оның кият, найман, керей, меркіт тайпаларын бір ортага біріктіру жолымен жаңа мемлекет құруға ресми турде бекітілген құрылтай өткен мерзімнен (1206 жыл) 34 жыл кейін жазылған.

«Құпия шежіре» алғаш рет Пекиннен 1908 жылы табылады. Ол «Юань мемлекетінің құпия тарихы» деген тақырыптың, ең соңына қосылған «Мұңғылдар туралы құпия шежіре» деген қосымша тақырыппен жазылыпты. «Құпия шежіре» тек Мұңғылияның жерін ғана емес, Шыңғыс хан жауап алған жердің барлығын (оның ішінде Қытай жері де бар) қамтиды. Мұнда Шыңғыс хан құрган мемлекетті «Юань» мемлекеті деп атайды. Еңбек уш нұскада сақталған көрінеді. Түпнұсқадан мұңғыл тіліне осы халықтың таным-түсінігі мен жадына бұрмалай отырып аударған — мұңғыл жазушысы Даңнесурын.

Осы төржімадан қазақ тіліне аударған — Мағауия Сұлтанияұлы. Ол «Құпия шежірені» мұңғыл тіліне көп бұрмалап аударғаның өзінде онда көптеген түркі сөздері сақталғандығына қарап, бұл еңбек алғашында түркі тілінде жазылған деп санайды.

Әйтсе де басты тарихи дерек — жоғарыда аталған еңбектер емес, Шыңғыс ханның өзі жаздырып қалдырыған оқигалар тізбесі. Олар — Шыңғыс ханның билігі кезіндегі барлық негізгі оқигалар енген «Алтын дәптер», Шыңғыс хан шығарған «Жаңақ» және «Билік» зандар жинағы.

Жоғарыда аталған құрылтайдың ерекшелігі сол — онда Найман, Керей, Қият, Меркіт мемлекеттерінің барлық хандары ресми турде биліктен ажырайды, олардың билігі зансыз деп табылады.

Шыңғыс хан өлген соң 500 жылдан кейін, олар құрган Жошы Ұлысы, Шағатай, Үкітай, Төле мемлекеттері күйрекен соң ақиқаттан ауылды алыс аныздарға сүйе отырып, мұңғыл Санан-сепен-хун Тайджи (қонтайшы) «Шыңғыс Мұңғылияның және оны билеген өзүлттердің тарихы» деген эпос жазады. Онда Шыңғыс хан жөнінде үзік-үзік мәлімет қана келтірілген. Ал керісінше, түркі тарихшылары мұңғылтанушылардың Шыңғыс хан туралы еңбектерін зерттеуге талпынысын жасаған да жоқ және Шыңғыс ханның ата тегі мен ол құрган мемлекеттің құрамына енген ру-тайпалар хакында бірде-бір еңбек жазған жоқ. Соның салдарынан «Қазақ ССР тарихы» мен «Қазақ совет энциклопедиясы» іспетті барлық тарихи басылымдарда мұңғылтанушылардың еңбектері пайдаланылды, соларға сілтеме жасалды, ал Шыңғыс хан мұңғыл деп жарияланды. Өсіреле мұңғылтанушылар енгізген, қазақ тарихшылары еш қарсылықсыз қабылдаған «туркі-мұңғыл халқы» деген термин кисынға сыймайды. Құдды бір әлемде орыс-қытай, франко-герман, испан-ағылшын немесе итальян-славян халықтары өмір сүрген сияқты.

Мұңғылтанушылардың еңбектерін талдауға кіріспес бұрын Шыңғыс хан өміріндегі негізгі даталарды келтіре кетейік:

1. Тұған жылы — 1155.
2. Теміршіннің Құрылтайда ұлы таққа отырып, Шыңғыс хан аталуы — 1206 жыл.

3. Қият, найман, керей, меркіт, қоңырат, маңғыт, жалайыр тайпаларының Қазақстан территориясына қайта қоныстануы және Ұлытауда (Жезқазған облысы) өз мемлекеттеріне үйін, дулат, қыпшақ, уақ, шапырашты, ошакты, ысты, алшын, ағрың, албан, суан тайпалары мен татарларды қоса отырып базалық лагерь құруы — 1217—1218 жылдар.

4. Үш колоннамен Хорезмшах мемлекетінің территориясына басып кіруі — 1219 жыл.

5. Жошы ханың өлімі — 1227 жылдың маусымы.

6. Шыңғыс ханың өлімі — 25 тамыз, 1227 жыл.

«Әр түрлі жылдарда төмендегі саяхатшылар мен тарихшылар, ғалымдар мен лауазымды адамдар қазіргі Мұңғылияның территориясына барып, оның мемлекеттік құрылымы мен ондағы тайпалардың мәдениеті мен тұрмысы хакында жазбалар қалдырыды, атап айтқанда: Чань Мунь (1220, 1224 ж.ж.); Чжао Хунь (1221 ж.); Пэн Да-я (1223 ж.); Сюй-Тин (1235, 1236 ж.ж.); Плано Карпини (1246—47 ж.ж.); Чжан-Дэ-Хай (1248 ж.); Гильом де Рубрук (1253—55 ж.ж.); Ата-Малик-Джувейни (1251—52 ж.ж.); Марко Поло (1274—76 ж.ж.)¹ — деп жазады Е. Кычанов.

Бұл адамдар қазіргі Мұңғылияның территориясына 1217 жылдан кейін, яғни Шыңғыс хан қазіргі Қазақстан территориясындағы барлық қазақ тайпаларын бағындырған соң барады. Ал қазақ тайпалары қазіргі Қазақстан жеріне қоныстанған соң, қазіргі Мұңғылияның бос қалған жерлеріне бұған дейін оның солтүстік және шыңғыс бөлігін мекендереген ру-тайпалар қоныс аударады. Мұңғылияда қалған ру-тайпалар Шыңғыс хан мемлекетін құру кезінде болған барлық оқигалар мен соғыстарға, 1206 жылғы Құрылтайға және Шыңғыс ханың Қытай мен Орта Азияға жасаған жорықтарына қатысқан жок. Сондықтан қазіргі Мұңғылияның территориясына барған саяхатшылар мен зерттеушілерге ешқандай нақты және тарихи оқигаларға бай мәліметтер бере алмады. Осыдан келіп Шыңғыс хан тарихы жөнінде жансақ мәліметтер мен шын-

¹Евгений Кычанов. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. Өзгертулер енгізілген 2-басылымы. А., «Жазушы», 1992, 11-бет. (1-басылымы Мәскеуде 1973 жылы «Наука» (Главная редакция Восточной литературы) баспасынан шықкан).

дықтан ада мифтер, аңыздар туды, әрі ол мұнғыл деп танылды. Өкінішке орай, сол тарихи оқигалардың шын қатысушылары — қияттар, наймандар, меркіттер, керейлер, жалайырлар, қоңыраттар, маңғыттарға жан баласы бармады. Ең бастысы, сол кездегі ғалымдардың Шыңғыс хан шыққан қият тайпасына неге бармағаны да түсініксіз. Шын мәнінде барлық мәліметтерді солардан алуды керек еді гой. Бұл жерде көрнекті ғалымдар Л. Гумилев пен В. Ермолаевтың: «Оз сөзіне жауап беретін тарихшының деректерге құлай сенбеуі керектігін соңғы онжылдықтардың тарихнамасы сан рет дәлелдеді... Рашид-ад-Дин.

XIII ғасырдың соны мен XIV ғасырдың басындағы кәдүілгі мұсылманның көзқарасынан аса алған жок. Ол Мұнғыл ұлысының пайда болу тарихын ой елегінен өткізгенде, оған осы ыңғайдағы езіндік бағасын береді және орнықты көзқарасын білдіреді»,¹ — деген сөздерімен келіспеу мүмкін емес.

Барлық мұсылман тарихшылары Шыңғыс ханға көпір ретінде қараған, реті келсе төмендетуге тырысқан және оның шыққан тегі қияттарға, оларға жақын найман, керей, меркіт тайпаларына араласқысы келмеген. Шыңғыс хан Қытайды да жаулағандықтан қытай тарихшылары оған басқыншы ретінде қараған. Шыңғыс хан және оның тарихи рөлі туралы мардымсыз мәліметтің болуына, тарихи фактілердің бүрмалануына, міне, осындаі жағдайлар себепкөр.

Сол сияқты арабтар мен ирандықтар өздерінің солтүстігіндегі ауқымды территорияда түркі халықтарының күшесінен онша жақтырмайды және жекелеген түркі халықтары мен мемлекеттерінің қалыптасуын, олардың тарихының дұрыс жазылуын қаламайды. Осыны шебер пайдаланған мұңғылтанушылар олардың енбектерін өз пайдасына, яғни Шыңғыс ханың мұңғылдан шыққандығына қарай ойыстырып түсіндіреді әрі ұлы қаған жөнінде жалған, бүрмаланған тарихты ашықтанашық жаза бастайды. Бұл иран ғалымдарының тарихи тұлға Шыңғыс ханды түркілерден алғып, мұңғылдарға беру жөніндегі ықылас-тілегіне үйлесе кетеді.

¹Л. Гумилев, В. Ермолаев, Э. Хара-Даваның «Чингизхан как полководец и его наследие» деген кітабына алғысөз. Аталған енбек. А., 1992, 8—9-беттер.

Осы орайда мұнғылтанушылардың қолданған тәсілдері қарапайым әрі ұтымды. Олар негізінен төмендегідей.

1. Кият, найман, керей, меркіт, жалайыр, қоңырат, маңыт, уақ және тағы басқа ру-тайпаларды (қышшактар мен қаңылардан басқасы) мұнғыл тайпалары деп жариялау және Шыңғыс ханның шығу тегі мен оның мемлекетінің тарихын осы арқылы таратып, түсіндіру.

2. Барлық түркі есімдерін ол сөздің түркілік түбіріне қарамастан адам танымастай өзгертип, бүрмалап атау.

3. Шыңғыс хан және оның мемлекеті туралы ақпараттар мен мәліметтерді 1206 жылы Құрылтайда осы мемлекетті алғаш құруши қият, найман, керей, меркіт тайпаларының арасынан емес, сол кезге дейін қазіргі Мұнғылияның территориясын мекендеген, Шыңғыс хан әскері жаңа жерлерді жаулап алған соң қазіргі Қазақстанның территориясына коныс аударған қият, найман, керей, меркіт, татар, жалайыр, қоңырат, маңыт және басқа да ру-тайпалардың бұрынғы мекеніне коныс аударған ру-тайпалардың арасынан жинауы.

4. Қытай, парсы, араб ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерін өз пайдасына қарай бұрып, Шыңғыс ханның ататегін мұнғылдан тарату.

5. Оқиғалардың, құбыльстыардың шын жағдайына қабыспайтын өз көзқарастары мен байламдарын тарату.

Енді Шыңғыс хан тарихы жөніндегі барлық әйгілі мұнғылтанушылардың (профессорлар Б. Я. Владимирцев, В. А. Котвич, Ренк және тағы басқалар) деректері камтылып, жинақталған екі негізгі мұнғылтанушының — докторлар Эреджен Хара-Даван мен Евгений Кычановтың еңбектеріне талдау жасап көрелік.

Доктор Эреджен Хара-Даванның «Чингизхан как полководец и его наследие» кітабы¹.

Хара-Даванның кітабы тұнғыш рет 1929 жылы Белград қаласында басылып шығады. Автордың терең білімі бар. Ол Н. С. Трубецкой, П. Н. Савицкий, Г. В. Вернадский, Г. М. Грум-

Гржимайло және басқа да аса ірі ғалымдармен дос, жолдас болған, жақын араласқан. Ойрат руынан шыққаны, діні будда екені анық, бірақ монгол, қалмақ, бурят халықтарының қайсының өкілі екені белгісіз.

Қазіргі кездегі Мұнғылиядада Э. Хара-Даван Шыңғыс хан туралы тарихтың негізгі білгірі әрі құрметті кісі саналады. Ол өзін мұнғылтанушы профессорлар Б. Я. Владимирцев пен В. Л. Котвичтің ізбасары санаған. Э. Хара-Даванның аталған еңбегінің алғысөзінде айтылғандай, осы кітаптың қолжазбасын В. Л. Котвич қараған екен¹. Оның ғылыми ортада аса үлкен бедел иесі екенін кітапқа алғысөзді әлемге әйгілі ғалымдар Лев Гумилев пен Вячеслав Ермолаев жазғандық да білдіргендей.

Мұнғылтану мен түркітанудан орасан зор таным-түсінігі бар Э. Хара-Даван өз кітабында Шыңғыс ханның мұнғылдан шыққандығын және ол құрған мемлекеттің мұнғылдықі екендігін дәлелдеу үшін шын мәнінде аса зор, аса тендересіз күш салады. Өйтсе де, дәлелсіз нәрсені дәлелдеу мүмкін емес.

Бұған 1929 жылдан кейін мәлім болған тарихи фактілерді пайдалана отырып, Э. Хара-Даванның кітабын талдағанда көз жеткізуге болады.

Мұнғыл аныздарында, тіпті «Құпия шежіреде» Шыңғыс ханның тұған жылы туралы мәлімет болмаған соң, Хара-Даван мұсылман деректеріне жүгінуге мәжбүр болады. Ол Ұлы қағаннан туған жылын (1115) Рашид-ад-Дин еңбектерінен алады.

«Бізге дейін жеткен әртүрлі нұсқалардағы Шыңғыс ханнның өмірбаянында көптеген қарама-қайшылықтар кезігеді және оның дәуіріндегі толық тарихи шынайылық оның 1206 жылғы құрылтайда ұлы император ретінде жариялаудан кейін ғана пайда болады»², — деп жазады автор. Осы үзіндіден көріп отырғанымыздай, ол «хан» сөзі түркі халықтарында ғана кезігетіндіктен және ол бұл сөз түркі халықтарының сөзі екенін билетіндіктен, одан өзін аулақ ұстайды. Хара-Даван Шыңғыс ханнның өмірбаянында қайшылық көп екенін мойындаиды. Осы арқылы оның мұнғыл тегінен тарайтындығын кесіп айту мүмкін еместігін жасырып, ары қарай оның және осы мемле-

¹Эреджен Хара-Даван. Чингизхан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII—XIV веков. Алматы. «Крамдс — Ахмед Яссави» баспасы, 1992.

²Э. Хара-Даван. Аталған еңбек. 22-бет.

²Э. Хара-Даван. Аталған еңбек. 33-бет.

кетті қураушы ру-тайпалардың мұнғыл екендігін дәлелдеуге тырысады. Әсіреле Хара-Даван Шыңғыс хан шыққан тайпа қияттар туралы айтқанда «хан» сөзінен қашқақтайды. «Темучин (Теміршін — К. Д.) 1155 жылы ақпанды Онон өзенінің бойында туды. Оның әкесі Ислугей-богатырь (Есікей батыр — К. Д.) еді»,¹ — деп жазады автор. Одан әрі ол: «Есікей қият руының көсемі еді»², — дейді. Шын мәнінде

Есікей қият және тайшыут тайпалары біріккен мемлекеттің ханы еді. Тайшыуттар қияттармен ешқандай ру-тайпалық туыстықта болмаған. Есікей өлгенде олар қияттардан бөліне-жарыла кошкен және қияттармен қанқұйлы қурестер жүргізген, тіпті Теміршінді тұтқынға алыш, құлға айналдыра жаздаған.

Хара Даван Теміршінді тайшыуттардың тұтқындауы жөнінде былай деп жазады: «Тайшыуттар күн санап күшейіп келе жатқан бұл қауіпті қарсыластың көп кешіктірмей көзін жою керек деп шешеді. Олардың борджигин (беріжеген — К. Д.) руынан шыққан көсемі Торғылтай өзін бір кездері Ислугей (Есікей — К. Д.) иеленген жерлердің иесі деп жарияладап, жас Темучиннің (Теміршіннің — К. Д.) сонына мықтап түседі... Темучин қашады, бірақ оны күп жетіп, тұтқынға алады. Оған екі қолының білезігін қоса қамтыған ауыр кісен салынады. Ол осы тұтқыннан таңқаларлықтай кездейсок жағдайда құттылады»³. Тайшыуттардың бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Шыңғыс хан оларды тұп-тұқиянымен құртса керек.

«Ислугей (Есікей — К. Д.) — багатурдың (батырдың — К. Д.) тағы үш бауыры болған еді, барлығының әкесі — әйгілі Қабулханның ұлы Бартон»,⁴ — деп жазады автор Шыңғыс ханың атабабасы жөнінде. Бұл тұста ағаттық бар. Бартонның әкесі — Ембакай, Ембакайдың әкесі — Қабыл хан. Ендеше Қабыл хан — Есікейдің атасы емес, бабасы. Есікей, Бартон, Ембакай, Қабыл хан — мұның бәрі қазіргі кездегі қазақ есімдері. Бұл тұста есімдер сәл-пәл гана өзгертилген.

Хара-Даван аталған енбегінде мұнғылдардың шығу тегі

¹Сонда. 35—36 беттер.

²Сонда. 36-бет.

³Сонда. 39-бет.

⁴Сонда. 36-бет.

жөнінде де аз-маз мағлұмат береді. «ХII ғасырдың екінші жартысында Далай-Нұр (казіргі атапы — К. Д.) өзені маңында монғол тайпасына жататын татарлар көшіп жүрді»¹, — деп жазады ол татарлар жөнінде. Бұл үзіндінің сілтемесі де бар. Ол мынадай: «Осы тайпаның аты қытайлар арқылы басқа халықтарға да тарап кетті». Бұл тұста да автор ағаттық жіберген. Біздің ойымызша, татарлардың мұнғылдармен ешқандай туыстық байланысы болмаған, әрі олардың түркі халқына жататыны баршаға аян. Қытайдың тарихи деректерінде мұнғыл есімді тайпа 1206 жылға, яғни Теміршіннің Шыңғыс хан болып сайланған, ал оның мемлекеті мұнғылдық деп аталған құрьлаттай өткенге дейін кездеспейді. Оның үстіне қазіргі кезде мұнғыл сөзінің шығу төркіні қазақ тілінде жатыр деген болжам бар (мың-сандық өлшемі, қол — әскер, қосын мағынасында). Сондай-ақ барлық түркі халықтарының Шыңғыс ханға дейін де (мәселен, Шыңғыс хан қолына қосылған қыпшақ және хорезм әскерлерінде), одан көп уақыт кейін де әскерлері үш белімнен құралған: сол қол (қазіргі тілде сол қанат), орта қол, он қол (қазіргіше — он қанат). Ендеше мұнғыл этносының атапы түркі тілінен алынған. Бұл сөз түркі тілді халықтардың ішінде қазақ тілінде фонетикалық өзгеріске үшірамай, сол күйі сакталған. Өйтепе, «мұнғыл» (монгол) — қазіргі мұнғыл тілінде белгілі бір үғымды білдірмейтін, мағынасыз, мәнсіз сөз. Ендеше бұл атадың жоғарыда аталған қазақша мағынасы мұқият зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет етеді. Қазіргі кезде татарлардың саны мұнғылдардан төрт есе көп, ал татар тілі көне тілдердің қатарына жатады.

Бұдан кейін Хара-Даван сол жердегі ру-тайпаларды санамалап, олардың қонысын көрсетеді. «Олардан (татарлардан — К. Д.) Төле өзені бойымен батысқа қарай «Керейт»² деп аталған халық тұрган. Олардың батысында Алтай жоталарына қарай «Найман» тайпасы өмір сүрген. Татарлар, керейттер, наймандардан Онон өзенінің бойымен солтустікке қарай монғол деп аталған тайпа өмір сүрген. Монғолдардан батысқа Хенгайу (хан

¹Сонда. 32-бет.

²«Керейт» атапының сонындағы «т» әрпі қазақ тіліндегі «лар», «лер», «дар», «дер», «тар», «тер» жалғаулаты сияқты көптік мағынаны білдіреді — К. Д.

қайың — К. Д.) тауы және Байкал (Байкөл) көліне қарай «меркіттер» өмір сүрген¹,— дейді Хара-Даван. Автор басқа тайпаларды атағанда Онон және Керулен (көр өлең) өзендерінің аралығында, яғни мұнғылдардың онтустігінде өмір сүрген қияттарды қалдышып кеткен.

Сондай-ақ керейлер, наймандар, қияттар, меркіттердің әрқайсысының бөлек-бөлек төуелсіз, дербес хандығы, яғни мемлекеті болғаны, ал наймандардың жазуы, мөрі және мемлекеттік іс қағаздары болғаны көрсетілмейді. Ол аз десек, Хара-Даван татарларды, наймандарды, керейлерді, меркіттерді мұнғыл тайпалары деп атайды. Бұлай етпесе ол Шыңғыс ханың өзін және ол күрган мемлекетті мұнғылдықі лей алмас еді. Мұнғыл тарихшысы Д. Майдар мен кеңес тарихшысы П. Турчин «Разноликая Монголия» кітабында: «Онон және Керулен өзендерінің жағасында өмір сүрген шағын тайпаның адамдары өзін монголмыз деп атаған. «Монголдар» деген ресми атау XIII ғасырда, монгол халқы, мемлекеті пайда болғанда ғана шықты²,— деп жазады.

Бұдан XII ғасырда татарлар, наймандар, қияттар, керейлер, меркіттердің дербес хандығы мен мемлекеттігі болғанда мұнғылдарда мемлекеттік болмаған деген қорытынды шығады. Ендеше олардың қандай да бір саяси және әскери күш-куаты болмаған әрі осынау ауқымды аймактағы оқиғаларға ықпал ете алмаған. Барлық тарихшылар, оның ішінде Хара-Даванның өзі де қазіргі Мұнғылияның территориясында өмір сүрген тайпалардың бірігуін қарастырғанда тек татар, қият, тайшыут, найман, керей, меркіт, жалайыр, қонырат, маңғыттарды ғана атайды, ал мұнғылдар ешқашан ауызға алынбайды. Сол кездегі мемлекет қайраткерлерінен Есікей батыр, Шыңғыс хан, Таян, Бұйрық, Құшлік хандар (ушеуі де найман хандары), керейлердің Ван ханы (Тоғырыл хан), меркіттердің Токтабек ханы, жалайыр руынан Мұқалы мен Жамұқа және басқалар аталады, бірақ мұнғыл руынан шыққан бірде-бір мемлекет қайраткерлерінің есімі кездеспейді. Олар-

дың болуы мүмкін де емес, өйткені бұл ру өте шағын әрі әлсіз еді.

«Шыңғыс хан Бөртеге үйленген»³,— деп жазады бұдан әрі Хара-Даван. Бірақ автор Бөртенің түрік (қазақ) руына жататын қоныраттан шыққанын көрсетпейді. «Оның (Шыңғыс ханың — К. Д.) қонысына Меркіт тайпасының солтустік үш руы шабуыл жасайды. Ол рулар бұдан он сегіз жыл бұрын Исугей (Есікей — К. Д.) әйелін алып қашып кеткен көсемнің тумаластары еді. Ол әйел — Теміршіннің шешесі Озлун-аке (Өлең әке — К. Д.)»⁴,— дейді автор. Мұнда ол Шыңғыс ханың шешесі Өлең меркіт руынан шыққанын алғаш рет көрсетеді. Меркіт — қазақ руы, қазіргі кезде осы рудың өкілдері Шыңғыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында тұрады.

«Әйелі Бөртеге ол (Шыңғыс хан — К. Д.) өмір бойы мызығынан құштарлық, берілгендік сезімімен қарады. Оның басқа әйелдерінен де балалары болды, бірақ Бөртеден туған үлдары өмірлік серік, колғанат бола білді, ал басқалары, Х. Ләмнің сезімімен айтқанда, жылнамаларда ғана аталатын есімдер деңгейінен аса алмады»⁵,— деп жазады автор Шыңғыс ханың үлдары мен әйелдері жөнінде. Егер Шыңғыс ханың әкесі Есікей қият, шешесі Өлең меркіт, әйелі Бөрте қонырат екенін ескерсек, аса ірі ұлыстарды билеген оның үлдары Жошы, Шагатай, Төле, Үкітайды қазақ халқының өкілдері деп таныған жен.

Мұнғылтанушылар үшін аса қын да қатерлі мәселеге ойысада отырып, Хара-Даван: «Біз Чингиз есіміне жеткілікті түсіндірмені ешбір жерден кездестірмейміз»⁶,— деп жазады. Ал сілтемеде автор: «Профессор-мұнғылтанушы Вл. Котвичтің айтуынша, шыңғыс мұнғылдарда «Чингис» деген сөз жок... Бірақ соңғы талдаушылар бұл титулды мұнғыл-түрік сөзі «Тенгистен» (тенізден — К. Д.) шығарады»⁷,— дейді. Мұнғыл тілінде Шыңғыс сөзінің болмауы — табиғи нәрсе. Өйткені бұл сөз түркі

¹Хара-Даван. Аталған еңбек. 37-бет.

²Бұл да сонда. 43-бет.

³Сонда. 43-бет.

⁴Сонда. 52-бет.

⁵Сонда. 53-бет.

¹Хара-Даван. Аталған еңбек. 32-бет.

²Д. Майдар, П. Турчин. Разноликая Монголия. М.; «Мысль», 1984, 34-бет.

тілінен (оның ішінде қазақ тілінен) шыққан: шың — таудың ең биік, ұшар басы; ғыс — күн нұры, сөулесі; хан — мемлекет басшысы. Мағынасы — биік те, нұрлы хан.

Түркі есімдерін адам танымастай өзгертіп, мұнғыл есімдеріне айналдыру барлық мұнғылтанушыларға, соның ішінде Хара-Даванга да тән. Хара-Даванның кітабына жазған алғысөзінде Л. Гумилев пен В. Ермолаев бұл жөнінде: «Это сказалось и на интерпретации и на хронологии событий и даже на ономастике (например, на стр. 58 сочинения Хара-Давана имя Сенгун искажается до Саньгунь, Саньчунь и даже Сангум)»,¹ — деп жазады. Мұнғылтанушылардың еңбектеріндегі есімдердің өнін мұндай айналдырулар екінішке орай жетіп артылады.

Шыңғыс хан мемлекетін құру жөнінде Хара-Даван тәмендегідей мәлімет келтіреді: «Педантический строгий приверженец законности Чингизхан повелевает созвать к весне 1206 года (год барса) в верховьях реки Онона большое собрание — Курултай — из родичей, сподвижников, всех боготовров, нов — словом, всей монгольской аристократии при исключительно торжественной обстановке»². Осы тұста дәйексөзді узе тұралық. Тарихшылардың басым көшпілігінің пікірінше, Құрылтай қазіргі кездегі Мұнғылияның дәл ортасында орнالасқан Орхон өзені (Онон өзені емес) алқабындағы шебі шүйгін кең жазықта өткен. Ал, Хара-Даван айтқандай, Құрылтайды қазіргі Мұнғылия территориясының шалғайдағы солтүстік-шығысында, Онон өзенінің жоғарғы сағасындағы таулы, шатқалды аймақтарда өткізу қисынға сыймайды. Қектемде өтті деуі көңілге қонымыдь. Өйткени көктем — көшпелі халықтар үшін ең қолайлыш мезгіл.

Аз санды мұнғыл тайпалары аса ірі түркі тайпаларымен, халықтарымен көрші өмір сүргендіктен мұнғыл тілінде түркі сөздері ете көп. Көрші халықтардың сөз алмасуы, бірінің тіліне екіншісінің тілінің өсер етуі — занды құбылыс. «Құрал», «қымыз», «нагашы», «жиен» сөздерінің екі тілде де бірдей екені, тек фонетикалық өзгеріске ғана ұшырағаны — соның айғағы.

¹ Э. Хара-Даван. Чингизхан как полководец и его наследие. А. 1992, «Крамдс-Ахмет Яссави». 9-бет.

² Сонда. 67-бет.

Сондықтан Хара-Даван түркі және мұнғыл тілдеріне ортақ «Құрылтай» сөзінің өнін айналдыруға тырыспаған.

«По предложению Шамана Кэкчу (был найманың ірі қолбасшысы Көксу Сарактың туысы болуы да мүмкін — К. Д.) единогласно подхваченного всем собранием, Темучин был провозглашен божественным Чингизханом...»¹ — деп жазады Хара-Даван. Бұдан әрі ол осы оқиға жөнінде жазған Рашид-ад-Динге сүйеніп былай дейді: «Вот как описывает монгольская летопись Рашид-ад-Дин это великое событие (Рашид-ад-Дин 1247—1318 г.г.): На Курултае Кэкчу-Теб-Тенгри, сын Мунлика, знаменитый Волхв, славившийся своими чудесами и пользовавшийся большим авторитетом в Монголии, сказал: «Всевышний бог дарует тебе царство лица земного. Теперь когда побеждены твоей десницей государи этих земель называемый каждый гурханом и их области достались тебе, то пусть твое прозвище Чингиз»².

Мұндағы Мұндықтың ұлы Кэкчу (Көксу) — найман тайпасының өкілі. Бір тәуірі қазақ арасындағы байырғы есім Мұндық өзгертилмепті. Ал «Шаман Көксу» немесе «Кек Тәнірі Көксу» деген есімдердің мағынасы біреу-ак. Қазактар іслем дінін қабылдағанға дейін осы көк тәніріне табынғаны, яғни шаман дінінде болғаны белгілі. Оны Ш. Уәлиханов «Қазактардағы шамандықтың белгісі» деген еңбегінде айтып кеткен.

Ендеше текстегі «теб» сөзі «көк» сөзін қате жазудан туған болса керек. Ал тәнірлік діннің ескерткіші — дүние жүзінің барлық альпинистеріне белгілі Хан тәнірі тауы. Ол орысша жоғарыда келтірілген текстегі кісі есіміндегідей «Хан-Тенгри» деп жазылады.

Бұдан әрі Хара-Даван Шыңғыс ханың Құрылтайда сөйлеген сөзін келтіреді: «Моими устами говорит «Менкэ — Кёкэ — Тенгри (Вечно синее небо)»³. Мағынасы — «Мәңгі көк Тәнірі». Осынау сөз тіркесі — Шыңғыс ханың түркі тілінде сейлекеніне бұлтартпас дәлел. Түркі тілін білмейтін Хара-Даван осы сөз тіркесін келтіру арқылы өзіне-өзі қайшы келген.

Еңбектің 69-бетінде Хара-Даваның айтуымен жасалған

¹ Сонда. 67-бет.

² Сонда 67-бет.

³ Сонда. 68-бет.

Шыңғыс ханың туынын суреті берілген. Бұл суреттегі ту жоңғар қонтайшыларының туына қатты үқсайды және елдің бәріне белгілі Шыңғыс ханың тік бұрышты, дәл ортасында кун бейнеленген байрағынан недөүір көп өзгешелігі бар. Одан әрі: «Но пока Кәкчу — признавался полезным для целей, преследуемых Чингизом, последний дорожил своим шаманом, скрепив его, между прочим браком, в который вступила его мать, вдова Озлун-әке, с отцом Кәкчу Мунликом¹, — деп жазылған. Бұл факт наймандардың Шыңғыс хан мемлекетіндегі сан жағынан ең көп әрі мәдениеті жоғары тайпа екендігін әйгілей түссе керек. Осы бетте автор мынадай да қызық дерек келтіреді: «Чингизхан, как мы видели, не знали ни одного языка, кроме своего родного, который в ту эпоху не имел даже еще письменности. Первым учителем монголов по этой части явился уйгур Тататунга, хранитель печати найманского государства Таян хана, погибшего в битве с Чингизханом», — деп жазады ол. Осы бір үзіндінің өзі-ақ мұнғылтанушылардың Шыңғыс ханың мұнғылдан шыққандығын жоққа шығармай ма. Мұнғыл тілі түркі тілімен туыстас емес болғандықтан мұнғыл тіліне түркі (найман) жазуын енгізу біраз уакытты қажет ететін, аса курделі жұмыс болар еді. Ендеше Шыңғыс ханың түркі алфавитіне оп-онай қөше салуының өзі-ақ кияттардың, наймандардың, керейлердің, манғыттардың, меркіттердің, жалайылардың, қоңыраттардың сол кезде де ортақ тілде сөйлегендігін дәлелдесе керек. Сол себепті Шыңғыс хан бұл ру-тайпаларды қазіргі Қазақстан территориясына бастап апарып, Алтай мен Еділдің арасына қоныстандырған. Оларға дәл осы тілде сөйлейтін басқа да қазақ рулары (арғын, қыпшак, үйсін тағы басқалар) оп-онай араласып, одан сайын тұтасып кетеді. Сондықтан 1217—1218 жылдардағы барлық қазақ руларының біртұтас халыққа бірігуін Шыңғыс хан мемлекеті арқылы қазақ халықының қалыптасуының аяқталуы деп санаған жөн. Бұдан соң қазақ халқы ыдыраған жоқ. Ал ұлы қаған құрган мемлекет толысып, ұлкейген соң кейіннен оның ұлдары Жошы, Төле, Шағатай, Үкітай ұлыстарына бөлінгенде қазақ халқы Жошы Ұлысының құрамында осы жаңа мемлекеттің

¹Сонда. 71-бет.

жергілікті, негізгі халқы ретінде өмір сүреді. Шыңғыс хан ұрпақтары бірнеше ғасырлар өткен соң тарамдалып әу бастағы туыстығы алшақтап, сусыса келе алауыздық пен бакталастық туындаиды да, бұл мемлекеттердің өзара соғысы жиіледі. Нәтижесінде Жошы Ұлысы қуйрегенде, оның орнына Қазақ Хандығы құрылады.

Қанша бурмаланып, боямаланса да мұқият үңілген адамға ақиқат шындықтың сыртқы көзге елеусіз жұқанасы қалмай қоймайды. Сондай бір елеусіз жұқананың бірін төмендегі үзіндіден байқаймыз: «Шиги-Кутук был поставлен им главным судьей, получив от своего державного брата такого рода характеристическую инструкцию: теперь, когда я только что утвердил за собою все народы, будь ты моими ушами и очами. Никто не противится тому, что ты скажешь. Тебе поручаю судить и корать по делам воровства и обманов: кто заслуживает смерть того казни смертью; кто заслуживает наказания с того взыскивай; дела по разделу имения ты решай; решенные дела записывай на черные дзицы; дабы после другие не измениали»¹.

Шын мәнінде, «Шиги-Кутук» деп отырғаны Шегекүттік болса керек. Өйткені ол мұнғыл руынан шыққаған. Ол жөнінде мынадай сілтеме беріледі: «Когда Чингизхан, разбив татар, возвращался домой, то на дороге он подобрал мальчика-татарина, имевшего золотое кольцо и набрюшник с золотыми кистями, подбитым соболем. Его отдали на воспитание матери хана и она называла его шестым сыном»².

Біздіңше, Шегекүттік не Шыңғыс ханың шешесі меркіт руының қызы Өлеңнің, не Шыңғыс ханың бәйбішесі, қоңырат қызы Бөртенің туысы болса керек. Өйтпесе, Өлең ханша оны «алтыншы ұлым» дей қоюы екіталаі. Ал тіпті татар болғанның өзінде, Шыңғыс хан өз мемлекетіндегі мұндаі орасан зор билікті мұнғылға емес, түркі текстес татарға беруінің ұлы қағанының мұнғыл еместігіне бір айғақ іспетті. Хара-Даван жоғарыдағы үзіндісінде Березиннің еңбегіне³ сілтеме жасайды. Осы сілтеме-

¹Сонда. 82-бет.

²Сонда. 82-бет.

³Березин. Очерк внутреннего устройства улья Джучиева. Труды восточного отдела архивного общества. VIII. 1868 г.

ден көріп отырганымыздай, жалпы Ресей архивтік қоғамының шығыс бөлімі енбектерінің барлығында да Алтын орда емес, Жошы Ұлысы деп аталады. Ал Алтын орда астана ретінде ғана кездеседі. Бұл да бұдан бұрынғы пікірімізді растай түседі.

Бұдан кейін Хара-Даван Шыңғыс хан мемлекетінің құрылымы мен оның негізгі заңдарына ауысады. «...одним из важнейших приобретений, которая дала вновь введенная письменность явилось то, что благодаря ей оказалось возможным закрепить и кодифицировать монгольское обычное право и народные обычаи и воззрения,— деп жазады автор бұл жөнінде. — Это законодательство вылилось в форму большого Джасака, который делится на два крупных отдела:

1. Билик — сборник изречений самого Чингизхана, который содержал в себе мысли, наставления и решения законодателя как общего теоретического характера, так высказанные им по поводу различных конкретных случаев.

2. Собственно Джасак — это свод положительных законов, военных и гражданских, обыкновенно с установлением соответствующих кар за не исполнение»¹.

«Билик» және «Жасак» деген қазақ сөздері Шыңғыс ханының іс қағаздарында жазбаша түрде сақталғандықтан автор оны өзгерте алмаған. Түркі және мұнғыл халықтарында ортақ қолтеген сөздер болғанымен дәл осы сөздер мұнғыл тілінде жок. Мұнғыл тілдес халықтарды (қалмак, мұнғыл, ойрат т.б.) былай қойғанда, түркі тілдес халықтардың өзінде дәл қазіргі қазақ тіліндегідей бұл сөздер фонетикалық өзгеріске ұшырамай сақталған емес.

Хара-Даван бұдан кейін Шыңғыс хан сөздерінен бірер мысал келтіреді. Соның бірі — «Нет героя, подобного Есуге-баю»². Осындағы кісі есімінің сонындағы «бай» сөзі де тек қазақтаған тән емес пе?! Басқаны қайдам өз басымыз «бай» деген әлеуметтік жіктеу атауын қазақтан басқадан кезіктірmedік. Осыдан кейін автор «Билик» пен «Жасақтан» 22 бапты мысалға келтіріп, талдайды. Біз соның екеуін ғана қысқаша келтіріп өтейік. 3-бапта: «Беки (начальники) тъмы, тысячи, сотни...»³—

¹Сонда. 82-бет.

²Сонда. 87-бет.

³Сонда. 91-бет.

делінсе, 22-бапта: «Он поставил, эмиров (беков) над войсками и учредил эмиров, эмиров тысячи, эмиров сотни, эмиров десятки»¹, — деген сөз бар.

Мұндағы «бек», «эмір» деген билік иелерінің лауазымдары тек қана түркі тілінде кездесетінін, ары кетсе араб-парсы тілдерінде бар екенін ұмытпаған жөн. Бұл сөздердің өзгертилмеуіне басты себеп — Шыңғыс хан іс қағаздарында сақталғандығы. Әйтепер бірде-бір мұнғыл тілдес халықта (мұнғыл, қалмақ, бурят) мұндай сөздер кездеспейді.

«Войско было разделено на 3 части соответствующие наиболее крупным организационным подразделениям армии:

1. Центр — во главе которого был поставлен Кая.
2. Левая рука — командование которым было вверено Мукали.
3. Правая рука — командования которым было вверено Богурчи»², — деп жазады Хара-Даван. Осы үзіндіден Шыңғыс ханының әскерінің сап тузеуі қазақ хандарының (мәселен, Абылай ханының) қосынының түзем құруынан аумайтынын байқаймыз. Қолбасыларының есімдері де мұнғыл есімдерінен мұлдем болек. Солардың бірі Мұқалы жалайыр руының өкілі екені бағыдан-ақ анықталған.

Барлық мұнғылтанушылар, әсіресе, Хара-Даван үшін түйіні қызын, шешілмес мәселе қият, найман, керей, меркіт, жалайыр, қоңырат, маңғыт іспетті қазақ ру-тайпаларын, сондай-ақ татарларды мұнғылға айналдыру еді. Сондықтан ол амалсыздан кісі есімдерінің, жер-су аттарының, қысқасы түркі тіліндегі сөздің бәрінің өнін айналдыруға, тарихи фактілер мен оқиғаларды бүрмалауға, аңыз-мифтерге сүйенуге тиіс болды. Оның ең басты тарихи құжат ретіндегі сүйенері — 1206 жылғы Құрылтай өткен соң 34 жылдан кейін, сол Құрылтайға қатысқан ру-тайпалар Қазақстан жеріне көшіп кеткен соң (1217) 23 жылдан кейін жазылған «Құпия шежіре». Құрылтайға, одан кейінгі жорықтарға қатысқан ру-тайпалар қазіргі Қазақстанға, Орта Азияга көшіп кеткен соң солардың бұрынғы мекеніне қоныстанған ру-тайпалардың айтуы бойынша жазылған «Құпия шежіре» тарих-

¹Сонда. 94-бет.

²Сонда. 96-бет.

шылар тарихи дерек ретінде сүйенетін құжатқа жатпайды. Өйткені оның баяндалуында мифтік сарын басым. Автордың өзі бұл жөнінде: «Собственно из монгольских первоисточников до нас дошло только «Сокровенное сказание о Чингизхане», написанное неизвестным автором в 1240 году¹,— деп мойындайды. Сондай-ақ ол Шыңғыс ханың шыққан тегі, ол құрған мемлекеттің ұлттық құрамы жөнінде еуропалық ғалымдардың бір пікірге келе қоймағанын: «Кто был этот «безвестный и чужой» народ? Кто был его грозный вождь Чингизхан? На эти вопросы европейские историки даже теперь, после 700 лет, мало что могут ответить»²,— деген сөзі арқылы байқатады.

Қазіргі Мұнғылиядыры жер-су аттары түркі тілінде емес, мұнғыл тілінде деген сұлтаудың орынсыз екендігінің тәмен-дегідей себептері бар.

Біріншіден, барлық түркі ру-тайпалары қазіргі Мұнғылиядың территориясынан 1217 жылы көшіп, қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Кавказ, Ресей жерлеріне, тіпті шығыс Еуропаға қоныстарған. Олар қалдыған қоныстарға көшіп барған мұнғыл ру-тайпалары 750 жылдан астам уақыт ішінде бұл жерлерге өз атауларын қойып үлгерді. Халық жадындағы мұндай өзгерістерге мысалды алыстан іздеп қажеті жоқ. Басқаны былай қойғанда, бұрынғы Қенес Одағы территориясындағы жергілікті халық қойған жер-су аттарының бір ғана XX ғасырдың өзінде қанша рет өзгергенін еске түсірсек, жетіп жатыр. Ал Мұнғылиядыра оның халқы мұлдем бос қалған елді мекендерге көшіп барды емес пе?!

Екіншіден, мұндай аса үлкен себептерге қарамастан, Мұнғылия территориясында Алтай, Қобда, Орхан, Қерөлен тағы басқа түркі тілдеріндегі атаулар (ұзын саны 500-дей) сакталған.

Мұнғылтанушылар енбектерінде, өсіреле Хара-Даванда, түркі есімдерін, жер-су аттуарын бұрмалауға ұмытылуышылых, оған көп мән берушілік әрекеттері жиі кездеседі. Мәселен, Анбағай (Анбақай немесе Ақбақай), Тухта-Беки (Токтабек), Кабул (Қабыл), Катул (Қатыл), Күшлук (Күшлік немесе Кішлік), Тенгрі (Тәнірі) тағы басқалар³.

¹Сонда. 26-бет.

²Сонда. 25-бет.

³Сонда. 119, 121-беттер.

Сондай-ақ, автор Шыңғыс хан ұлдарының есімін де бұрмалап айтады. Джучи (Жошы), Чагатай (Шағатай), Угедей (Үкітай), Тулуй (Төле)⁴, Субедей (Сұбітай)⁵, Кара-Корум (Қарақорым)⁶.

«Қара» — ежелгі түркі тілдерінде «қалың», «улкен» деген ұғымдарды берген. Қазіргі қазақ тілінде де реңдік ұғыммен қатар, осы ежелгі мағынасын сактап қалған. Мәселен, қара орман, қара шаңырак, ірі қара тағы басқалар. «Қорым»— ежелгі түркі тілдерінде бірнеше мағына береді. Ең негізгі екеуін мысалға алайық: 1) халқы көп, ірі елді мекен; 2) киыршық тастардың үйінділері. Түркі халықтары мекендереген қоныстарда Қарақорымға ұксас жер-су аттары жетерлік. Олар: Қаратеніз, Қаракүм, Қарабақ, Қарабұғаз тағы басқалар.

Хара-Даван, басқа атауларды былай қойғанда, Жайық өзенінің өзін «Чжаяк» деп, адам танымастай өзгертіп атайды⁴. Ендеше мұнғылтанушы Хара-Даванның еңбегіндегі жер-су аттарына, кісі есімдеріне аса терең тілдік талдау жүргізіп барып айқында маса, адамды адастыратынын ескерген жөн. Мұндай аса жауапты ежелгі түркі, ежелгі мұнғыл тілдерін жетік менгерген мамандар жүргізгенін азбал.

Автордың Шыңғыс ханың қазасы туралы пікірі де таразылауды, екшеуді қажетсінеді. «Относительно смерти Чингизхана, кроме официальной версии во время охоты на диких лошадей»⁵,— деп жазады ол. Ешқандай деректен ұлы қағаның қазасы туралы рееси мәлімет әлі күнге дейін табылған жоқ. Сондықтан Хара-Даван өзге авторлардың болжамдарына сүйеніп былай дейді: «Существует несколько других версий, но все они сходятся на дате его смерти в 1227 году и в том, что он умер не своей смертью. Так у Марко Поло — Чингизхан умирает от раны стрелой в колено, у Плано Карпини — от удара молнии, по распространенной у монгол легенде — от раны причиненной Тангутской ханшей, красавицей Кюрбелдишин»⁶.

¹Сонда. 123-бет.

²Сонда. 128-бет.

³Сонда. 129-бет.

⁴Сонда. 149-бет.

⁵Сонда. 167-бет.

⁶Сонда. 167-бет.

Біздінше, мұқият талдағанда бұл болжамдардың барлығы іске аспай қалады:

1. Шыңғыс хан қартайғанда өз өскерінің алдыңғы сапында соғыспай, үрысты бір орталықтан басқарып отырган. Ендеше тізесінен жарапануы мүмкін емес.

2. Таңғыттар түркі тектес халықтардың қатарына кірмейтіндіктен, оларда Құрбeldішін сияқты түркі есімдері кездеспейді. Біздінше, Шыңғысхан қазіргі Қазақстан жерінде қайтыс болған. Бұл жөнінде бұдан бұрын да өз пікірімізді таратып айтқандықтан, осы мақалада оны қайталап жатуды артық санаймыз.

Хара-Даван кітабында келтірілген Шыңғыс хан тұқымының билігі жөнінде П. В. Шкуриннің мәліметі көніл аудартпай қоймайды¹. Бұл — Қытай тарихында билік жүргізген 20-өulet екен. Ол 1281 жылға дейін Мэн-чу (мәнгі) деп аталып кетеді. Бұл өuletten хан болғандар төмендегідей:

1. Шыңғыс хан 1155—1227 ж.ж. Қалғандары былай билік курды:

2. Тули-хан (Төле хан — Қ. Д.) 1227—1229 ж.ж.
3. Угедей-хан (Үкітай хан — Қ. Д.) 1229—1241 ж.ж.
4. Гуюк-хан (Қуйік хан — Қ. Д.) 1246—1248 ж.ж.
5. Мөнкә хан (Мәнкә хан — Қ. Д.) 1249—1259 ж.ж.
6. Кубалай-хан (Құбылай хан — Қ. Д.) 1260—1295 ж.ж.
7. Тәмур (Темір — Қ. Д.) 1307 ж. өледі.
8. Хашан-Құтлук (Қайсар Құтлық) 1311 ж. өледі.
9. Буиньту (Буынты — Қ. Д.) 1320 ж. өледі.
10. Шоди-Бала (Шәді Бала — Қ. Д.) 1323 ж. өлтірілген.
11. Есун-Тәмур (Есен Темір — Қ. Д.) 1328 ж. өледі.
12. Хошили Хутукту (Құттықты — Қ. Д.) 1329 ж. у беріп өлтірілген.
13. Тоб-Тәмур (Тұп темір — Қ. Д.) 1332 ж. өледі.
14. Или-Джебе (Іле Жебе — Қ. Д.) 1332 ж. өледі.
15. Тоган-Тәмур (Тоган Темір — Қ. Д.) 1370 ж. өледі.²

¹Справочникъ по истории странъ Д. Востока. Китай. Харбинъ. 1918 жыл. 1-белім.

²Хара-Даван. Аталған еңбек. 266-бет.

Бір жақсысы П. В. Шкурин барлық хандардың есімін онша өзгертипепті. Ол түркітанушы болмағандықтан ғана мұндей азын-аулақ қателіктерге жол берген сияқты. Бұл тізімге қарғанда Қытайды ешқандай мұнғыл өuletі емес, түркі өuletі билеген. Қытайды билеген хандар (тайшылар емес!) оның астанасы Пекинді Ханбалық қылып өзгертикенін Марко Поло өз еңбегінде көрсетеді. Бұл хандардың барлығы мұсылман дінінде болғандығын Ханбалықта (Пекинде) үш мешіттің жұмыс істегені-ақ дәлелдейді. Мешіттер онда ғана емес, Қарақорымда да болған екен. Ол жөнінде Плано Карпини: «Там находятся двенадцать кумирен различных народов, две мечети, в которых провозглашается закон Магомета»¹, — деп жазады.

Міне, жоғарыдағы талдаулардың өзі-ақ Хара-Даван еңбегінде жинақталған мұнғылтанушылардың ой-байламдарының жаңсақтығын дәлелдесе керек.

Енді екінші бір мұнғылтанушы Евгений Кычановтың еңбектерін талдап көрейік. Мұнғылдардың ертеректегі тарихына токталағанда ол: «сведения о монголах второй половины XII в. почти нет», — деп жазады². Мұнысы шындыққа жана спайды. Өйткені XI—XII ғасырлардағы қытай хроникаларында қият, найман, керей, меркіт және ақ татарлардың мемлекеттері туралы мәліметтер жетерлік. Бұдан әрі Е. Кычанов қазак руладын мұнғыл руладары деп атап, олардың мекендерін көрсетеді: «Самыми замечательными из них во второй половине XII века собственно монгольская группа племен, от которой они и получили в начале XIII в. свое общее наименование: джалаиры жили в долине р. Онон; кияты и тайчиуты в долинах рек Онона и Селенги; кереты — в долинах Орхона и Толы и в бассейне реки Онган (Онған — Қ. Д.), между горными хребтами Хангай и Хэнтэй, найманы — между Хангайскими и Алтайскими хребтами, татары у озер Буир-Нур и Кулун-Нур (қазіргі атаулары да сондай — Қ. Д.) и вдоль китайской стены, меркиты — в бассейне реки Селенги»³.

¹Плано Карпини. Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Гильома Рубрука. Алматы «Ғылым». 1993, 16-бет.

²Е. Кычанов. Алматы. «Жазушы», 1992. Издание 2-ое с изменениями «Наука». Главная редакция восточной литературы. М., 1973, 10-бет.

³Сонда. 12-бет.

Автор атаған ру-тайпалардың арасынан тайшыуттар мен татарлар ғана қазак халқының курамына кірмейді. Тайшыуттардың бұдан арғы тағдыры белгісіз, ал татарлардың сан жағынан мұнғылдардан да көп халыққа айналғаны тарихтан белгілі.

Бұдан әрі Е. Қычанов: «Китайцы делили татаро-монголов на черных, белых и диких. Белые татары кочевали вдоль Великой Китайской стены, черные — в глубинных районах Монголии, а «дикие» — в северных таежных районах. По этой классификации Темучжин происходил из черных татар»¹, — деп жазады. Мұнғыл-татарлар деген атау — қытайлардық емес, европалық ғалымдардың ойлас тапқан нәрсесі. Автор қазіргі Мұнғылияның терриориясын сол кезде мекендеген көшпелі татар тайпаларының қытайша атауын дұрыс береді. Қытайлар қият, қонырат, татар іспетті түркі тайпаларының барлығын бір ғана атпен татар деп атаған. Өйткені XII ғасырдағы қытай жазбаларында, Қычановтың өзі де мойындағанындей, түркі тайпаларын былай койғанда «мұнғыл» деген сөз де кездеспейді.

Теміршіннің шығу тегін автор қияттан таратады². Ол Шыңғыс ханның ағайындары туралы: «Их было четверо братьев (есімдер мұнғыл түсінігіне қарай көп өзгертилген — К. Д.): Темучжин (Теміршін), Хасар (Кайсар) — сыновья Оэлун (Өлең), Бектер (Бектур), Бельгутай (Белгітай)»³, — деп жазады. Қычановтың кісі есімдерінің өнін айналдыратыны жөнінде алғысөз авторы Л. Степанова да: «Жена Чингизхана вела свое происхождение от рода қонырат (в книге —«унгират»), издавна бывшего составной частью казахского народа...»⁴, — деп жазады. Қоныратты «унгират» деп өнін айналдырган адамның басқа есімдерді бұзып жазбасына кім кепілдік бере қояр екен?

Қытайлар қазақтың барлық рулярын татарлармен тілі, мәдениеті ортақ болған соң соларға телігенін жоғарыда айттық. Тарихта мұндай шатасудың сан түрлі мысалы бар. Мәселен, патшалық Ресейде салт-дәстүрі мен тілдері аса жақын қара-шайлар, құмықтар, балқарлар және әзіrbайжандар, татарлар

¹Сонда. 14-бет.

²Бұл да сонда. 13-бет.

³Сонда. 25-бет.

⁴Л. Степановың атаған кітапқа жазған алғысөзі. Сонда. 4-бет.

деп аталған. Бірінші Кавказ соғысында бірде-бір ресми құжатта, тарихи және әдеби жазбаларда қарашибалар, құмықтар, балқарлар туралы кездеспейді, олардың барлығы татарлар деп аталады. Тіпті ұлы жазушы Л. Толстойдың шығармаларында да татарлардың есімі ғана аталады. Ал тілі басқа кавказ халықтары: черкестер, чешендер, ингуштер, лезгиндер өз атымен айттылады. Қалмақ, бурят, ойрат іспетті мұнғыл халықтары да төл атауын сақтаған. Өйткені патшалық Ресейде мұнғыл халықтары емес, түркі халықтары ғана татарлар деп аталған.

Аталған енбекте Теміршінге оның болашақ ірі қолбасшысы былай дейді: «Мой отец зовется Наху-Баяном (Накты Баян — казаққа тән есім — К. Д.). Я его единственный сын Боорчу»¹. Э. Хара-Даванның енбегінде оны «Богурчи» дейді. Онықіне қарағанда Қычановтықи дұрысырақ. Біздінше, Шыңғыс ханының қолбасшысының есімі не Бауыршын не Бөрші болуға тиіс.

Одан әрі Шыңғыс хан мемлекетінің тағы бір ірі қайраткері туралы айттылады: «...ведавшим конями Сачабеки, главы ветви чжурки чингисова рода Кият...»². «Сача-беки» деп отырганы Салшыбек деген қазақ есімі болса керек, себебі мұнғылдарда «бек» деген түркі сөзімен аяқталатын есім бұрын да болмаған, қазір де жок.

Жошыны үйлендіру жөнінде Қычанов былай дейді: «...он (Шыңғыс хан — К. Д.) предложил скрепить новый союз брачными узами — женить своего сына Джучи (Жошы) на дочери Ван-хана Чаурбеки»³. Мұнда аса үлкен қате кеткен. Басқа авторлардың енбектерінде Ван ханының (Уан ханының) қызының, Жошы ханының әйелінің есімі — Бектұрмұс не Бектұмұш. Мәселен, «Қазақ совет энциклопедиясында»— Бектұмұш⁴.

Осы автор тайшыуттардың түгелдей Шыңғыс хан қолынан қырылғанын растайды: «Во след бежавшим тайчиутам была организована погоня. Те, кто не успел уйти, кого догоняли нукеры Чингиса, жестоко поплатились за юношеские обиды хана. Перебил и пеплом развеял он тайчиутов, вплоть до детей

¹Е. Қычанов. Сонда. 29-бет.

²Бұл да сонда. 44-бет.

³Сонда. 49-бет.

⁴КСЭ (орысшасы). 4 том, 481-бет.

и внуков их¹. Аталған мәлімет тайшыуттардың қияттармен туыстыры туралы болжамды толығымен теріске шығарады.

Барлық мұнғылтанушылар сияқты Е. Қычанов та наймандарды мұнғылдарға жатқызды: «Найманы были многочисленным племенем кочевавшим между Хангаем и Алтаем в верховьях Иртыша... К 1204 г., когда назрел неизбежный конфликт между найманскими ханами — Таян-ханом, главой, найманов и его братом — Буюрок-ханом и между Таян-ханом и его сыном Кучлуком. Найманы были одним из самых культурных монгольских племен... Может быть, поэтому найманы свысока относились к монголам. Мать (по сведениям Рашид-ад-Дина, жена) Таян-хана, Гурбесу, так отзывалась о монголах:

Костюм у монголов невзрачен на вид,
От них же самих нестерпимо смердит.
Пожалуй, подальше от них².

Бұл үзіндіде қөптеген қарама-қайшылыштар бар. Егер наймандар мұнғыл тайпаларына жатса, қалай олар мұнғылдарды менсінбей қарайды? Сондай-ақ мұнда Бұйрық, Құшлік, Гұлбасу іспетті қазақ есімдері жөн-жосықсыз өзгеріледі.

Шыңғыс хан өзінің 230 мың адамнан тұратын атты әскерін Қара Ертістің жогарғы сағасынан кураган дейтін Хара-Даваның, Б. Я. Владимирцевтің және басқа да белгілі мұнғылтанушылардың болжамымен Е. Қычанов келіспейді. Өйткені ол тарда биік таулы өлкеден жер қайысқан қолды және оны тағаммен, басқа да әскерге қажет керек-жараптармен қамтамасыз ететін аса ауқымды заттарды табу мүмкін еместігін түсінген. Бұл туралы Қычанов: «Лето 1219 г., Чингисхан провел на берегах Иртыша, а осенью двинулся оттуда в поход на Мавереннахр...»³— деп жазады. Ертістен Мәуреннахрга дейін 2500 км. қашықтықтағы жер бар екенін ескерсек, ұлы қағанның бұлай істеуі мүмкін еместігіне көз жеткіземіз. Өйткені қалың қол Мәуреннахрга шаршап-шалдығып, тоз-тоз болып өреп жетер

¹Е. Қычанов. Аталған еңбек. 51-бет.

²Сонда. 63—64-беттер.

³Сонда. 101-бет.

еді. Сондай-ақ Шыңғыс ханның Хорезмшах мемлекетінің шегіне Қаратауды асып барып солтустіктен үш колоннамен басып кіргенін елдің бәрі біледі. Ал оның әскерінің негізгі күші солтустіктен Бұхара мен Самарқанд шабуыл жасаған. Бұл мәселе жөнінде Хара-Даван: «Чингисханшел с запада и шах в своей ставке, в Самарканде, мог предвидеть, что челюсти отверстой пасти, в которой он очутился вот-вот сомкнутся у него в тылу»¹,— деп жазады. Келтірлген мәліметтердің бәрі Шыңғыс хан Ұлытау баурайында үш жыл бойы (1217, 1218, 1219) қүш жинап жатқанын растай түседі. Е. Қычанов еңбегіндегі бір ерекше жәйт — оның Шыңғыс хан туралы қөптеген деректерді біле тұра, оны таңғұттармен соғыста, Мұнғылияда олді, сонда жерленген демеуінде. Ұлы қаған өмірінің соңғы жылдары туралы Қычанов: «Лето 1224 года Чингизхан, уже третий год не участвовавший в завоевательных походах (ауырғаны себепті — К. Д.) провел на берегах Иртыша»²,— деген пікір айтады. Бұл пікір біздің бұдан бұрын айтқан Шыңғысхан қазіргі Мұнғылияның территориясына ешқашан қайтпаған, Қазақстан жерінде өлген деген болжамызызды растай түседі. Ал, Қычанов айтқандай, ол өмірінің соңғы, 1227 жылғы жазын Ертіс жағалауында өткізген болса, онда ол жерді қазіргі Семей облысының Абай ауданында Шыңғыс тауы деген қысынға сыйады.

Ал Шыңғыс ханның қазақ және татар халықтарының алдындағы тарихи қызметі — оның ыдыранкы қазақ хандықтарын және қазақ ру-тайпаларын біріктіріп, татарлармен бірге табиғаты қолайсыз Мұнғылия жерінен Қазақстан мен Еділ бойының шебі шүйгін, кен жазықтарына алып келуі. Ол кезде арғын, қыпшак, уак, албан, суан, үйсін, дулат, шапырашты, ысты, ошакты, алшын іспетті басқа да қазақ ру-тайпалары Қазақстан жерін бұрыннан мекендейтін. Сөйтіп Шыңғыс хан Алтайдың арғы бетіндегі тайпалар мен бергі бетіндегі тайпаларды қоса отырып Хорезмшах мемлекеті мен ұсақ князьдықтардан тұратын Русь төтеп бере алмаған қуатты империя құрады. Бұл туралы айтқанда Е. К. Қычанов мұнғылтанушы

¹Хара-Даван. Чингисхан как полководец и его наследие. А., 1992. «Крамдс — Ахмет-Яссави», 143-бет.

²Е. Қычанов. Аталған еңбек. 109-бет.

Н. Ц. Мункуевтің пікірін көлтіреді: «Лучшие людские силы были посланы за пределы страны (Монголии) на войну и остались за ее пределами, сложив головы на полях сражений или осев на завоеванных землях»¹. Мұңғылиядан тысқары жерлерге қоныстанған қазактар мен татарлардың түп атасы мұнғыл деп дәлелдеуге тырыспасақ, сондай-ақ олар қалдырыған бос жерлер қазіргі мұңғылдардың қонысын кеңейтуге мүмкіндік бергенін мойындасадақ, тарихи шындық қалпына келер еді. Э. Хара-Даван сияқты Е. Кычанов та, басқа мұңғылтанушылар да кез келген халықтың белгілі бір этноса жатуының ең басты белгілерінің бірі оның ұстанған діні екенін естен шығарады. Шыңғыс хан құрган мемлекеттің діні тәнірлік дін болған. Ал бұл дін Хорезмшахқа бағынатын қыпшактарды қоспағанда барлық қазак ру-тайпаларының діні еді. Шыңғыс хан да осы дінді өз мемлекетін нығайту ісіне жақсы пайдаланған. Оның тарихын зерттеген барлық зерттеушілердің қателігі қазаққа тәнірлік дін шығыстан келді деп есептеуінде. Қазақ ру-тайпалары мынадай халықтардың ортасында өмір сургені белгілі: шығыста — көрістер, маньжурлар, мұңғылдар, солтустікте — қыргыздар, онтустік-шығыста — қытайлар, онтустік-батысында — мұсылман халықтары, батысында — христиан халықтары. Сол кезде аталған халықтардың бірде-бірі тәнірге табынбаған. Бұл дінді ұстанған тек қана қазактар. Оның қазактарға батыстан келгені туралы тарихшы С. А. Плетнева былай дейді: «В VII веке территорию Прикаспия посетил армянский историк Иосиф Каган-катваций. В написанной им книге «История Авган» описываются события, которые происходили во время миссии епископа Исаила в 80-ых годах VII века к язычникам савирам, проживавшим между реками Сулак и Едил»². «История Авган» китабында савирлардың (булар садырлар болуы да мүмкін — Қ. Д.) діні туралы былай жазылады: «...однако среди множества божеств (тengri) наиболее почитаемый был Тенгри-хан — чудо-вищий, громадный герой, бог неба и света...» Поклонение единому божеству — Тенгри-хану говорит уже о стремлении савир создать какой-то общий культ — культ бога и героя... Посколь-

¹ Е. Кычанов. Аталған еңбек. 123-бет.

² С. А. Плетнева. «Хазары». Издательство «Наука» М., 1976. 33-бет.

ку солнечные амулеты Тенгри-хана были распространены по всему каганату, можно думать, что культ этого бога-героя принял все народы государства. Культ бога-героя переплетается с культом вождей»¹. Х ғасырдың өзінде-ақ қият, меркіт, найман, керей, қонырат, жалайыр, маңғыт, татар іспетті ру-тайпалардың қазіргі Мұңғылия жерінде өмір сургені, тәнірге табынғаны қытай деректерінен белгілі. Ал Шыңғыс ханының 1206 жылғы құрылтайда хан сайланған соң: «Мәнгі көк Тәңірі» деп сейлегені «Моими устами говорит: Менкэ-Кёк-Тенгри (Вечно синее небо)» және рас². Ендеше мұңғылдар тәнірлік дінді ұстанбаса, Тәңірі-ханның кім екенін білмесе, Шыңғыс хан және жоғарыда аталған оның қол астындағы ру-тайпалар қайдан мұнғыл болмақ? Біздіңше, бұл ру-тайпалар және европоид татарлар қазіргі Мұңғылия жеріне қағанат қуиреген соң батыстан, тәнірі дінімен бірге келсе керек. Қазақтың тауға «Хан тәнірі» деп атқоюы да осының дәлелі іспетті.

Қазактардың үндіеуропалық халықтарға тікелей қатысы бар екенін дәлелдейтін тағы бір дерек бар. Оны зерттеуші Плетневың жоғарыда аталған еңбегінен кездестіреміз. «В середине X в. придворный Кордовского халифа Абдрахмана III еврей Хасдай ибн-Шафрут,— деп жазады зерттеуші,— заинтересованный дошедшими до него слухами о реальном существовании где-то в далеких восточных степях иудейского государства, отправил царю этого государства обстоятельное письмо»³. (Осы хатқа Хазар мемлекетінің қағаны жауап қайтарады. Хаттың қысқаша тексті XVIII ғасырда Константинопольде (қазіргі Стамбулда) жарияланды. Онда хазарлықтардың Албанияға жойқын жорық жасап, олардың орталығы Ардебильді талқандағаны айтылады. Албания ол кезде Кавказда болғанын, жорықтың 730—731 жылдары жасалғанын Плетнева нақты деректерге сүйене отырып дәлелдейді⁴. Хазарлар Албанияны талқандағаннан кейін албандардың бір бөлігін өздерімен бірге ала кетіп, Еділ өзенінің шығысына қоныстандырады. Қазақ ішіндегі албан руы солар

¹ Сонда. 33—34-беттер.

² Хара-Даван. Аталған еңбек. 68-бет.

³ С. А. Плетнева. Хазары. 5-бет.

⁴ Сонда. 6—8-беттер.

болса керек. Ал албандардың қалған бөлігі Түркия жеріне, одан Грекия арқылы етіп, қазіргі Албания мемлекетін құрады.

Көшіп-қоныш жүргенде албан тілі көп өзгеріске үшыраған сияқты. «Қазақ совет энциклопедиясында» бұл мәселе қақында «Албан тілі болгар, румын, грек тілдеріне жақын. Оnda латын, грек, славян тілдерінен енген кірме сөздер де бар¹,— деп жазылған. Жалпы албандардың Кавказда мекендеуіне қарағанда (Даръял — Дария, Ардебиль — Ардебел болуы да мүмкін — К. Д.) олардың әу баста түркі тілдес болуы да мүмкін. Осы іспепті тарихи деректерді жинақтағанда қазақ рулары да, татарлар да, Шыңғыс хан да мұнғыл болмаған, ал бұлар қалдырып кеткен жерге кейіннен көшіп келген мұнғыл руы тәңірлік дінді, Тәнірханды білмеген.



Деректер терең талдауды қалайды

Мұнғылтану және Шыңғыс хан тарихы сияқты мейлінше күрделі мәселенің зерттеушісі ретінде мен өз еңбегіме шікір білдірушілердің бар екенине қуанамын. Өйтсе де М. Ж. Жолжанұлының мақаласын² жауапсыз, елеусіз қалдыра алмадым. Аталған мақаладағы маған қарсы пікірлер онша таңырқата қойған жоқ. Бәлкім, бұл ғылыми пікір-таластың шарты шығар, өйтсе де мен Шыңғыс хан тарихына қатысты автор жіберген төмендегідей бірнеше үлкен жаңсақтықтарды атап өтуге міндеттімін.

Біріншіден, казак жері қай заманда да Тұранның, яғни түркі халықтары мен тайпалары мекендереген жерлердің ішінде болған. М. Жолжанұлы сүйеніп отырган «Дешті Қыпшақ» атавы парсылардың сезі. «Дешті Қыпшақ» (парс.)— Қыпшақ даласы —

¹КСЭ. 1-том. 254-бет.

²М. Жолжанұлының «Ізгі ниетпен іс біттес» деген мақаласы «Қазақ тарихы» журналының 1996 жылғы 4-санында жарияланған.

XI—XVI ғ-да қолданылған геогр. ұғым,— деп жазылған «Қазақ совет энциклопедиясында». — Ол алғаш парсы ақыны Насир-и Хұсраудың дастанында (1030 ж.) аталады. Одан бұрын Дешті-Хазар, Оғыз даласы. Сондықтан қазақтарды Дешті Қыпшақтың халқы, оның түп-төркіні қыпшақтар деп карау — тарихты үлкен қателікке әкеп соқтырады. Оның үстіне найман, керей, қият, меркіт, жалайыр, қоңырат, маңғыт ру-тайпалары қазіргі Қазақстан территориясына 1217—1218 жылдары Шыңғыс ханның басшылығымен келгені анық.

Екіншіден, Шыңғыс ханның анасы Өлең қоңырат руынан емес, қазақтың меркіт руынан шықкан. Шыңғыс хан талқандаған соң меркіттер керей руының құрамына енген. Қазір олар Шыңғыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында, Алтай өлкесінде және КХР-дің Іле Қазақ автономиялы ауданында тұрады. Меркіттер қазақтан басқа ешқандай халықтың құрамында жоқ. М. Жолжанұлы Шыңғыс ханның шешесі қоңырат руынан шықкан деп, үлкен жаңсақтық жіберген. Ал қоңырат руы қазақтағана емес, өзбек, қаракалпақ халықтарының құрамында да кездеседі. Қоңырат руынан Шыңғыс ханның әйелі Берте шықкан¹. Мәселен, Е. Қычанов бұл туралы: «Оәлун, мать Темучжина, он силой отбил у меркитского Эке-Чиледу»² деп жазады.

Үшіншіден, автор: «К. Данияров Шыңғыс ханның кезінде және ол елін біріктірмес бұрын «таза монголмыз» дейтіндер саны 400—500 тутін болды десе, Хара-Даван: «Шыңғыс тұсында таза монголдар саны 400000 жан болды» деген, яғни бұл 80000 тутін» деген теріс қорытынды жасайды. Біздінше, сол кездегі мұнғыл руының саны туралы қисынды дерек Э. Хара-Давандықі емес, мұнғыл ғалымы Дамдинжавин Майдар мен кенес ғалымы Петр Турчиндықі. Олар бұл туралы: «Онон мен Керулен өзендерінің жағасын мекендереген шағын тайпаның адамдары өздерін монголмыз деп атады. Ресми атав тек XIII ғасырда монгол халқы мен мемлекеті құрылған кезде ғана пайда болды»,— дей келе сол кездегі мұнғылдардың саны 400—500 ғана тутін екенін айтады³.

¹Хара-Даван. Алматы, 1992, 37-бет.

²Е. Қычанов. Аталған еңбек. 5-бет.

³Д. Майдар, П. Турчин. «Разномликая Монголия» М, «Мысль», 1984, 34-б.

Төртіншіден, автор қияттар қазактың үш жүзінің бірде-біреуіне енбегендіктен олар басқа тайпалардың ішіне сіңіп кеткен және қазір жоқ деген негізсіз тұжырым жасайды. Қазақ жүздеріне, мәселен, іслем дінін таратушы қожалар кірмейді. Әйтсе де қожалар өзін қазақ деп санайды.

Ал қияттардың ешбір жүзге енбеген себебі олар өзін жалпы қазаққа ортақ әрі билеуші ру санайды. Егер қияттар қандай да біржуздің не рудың құрамына енсе, өздерінің бұрынғы рөлін жоғалтады.

«Қазақ тарихы» редакциясының қоржынына «Қияттардың Ұлы Ұлыстағы рөлі» деген мақала жазып тапсырғандықтан бұл мәселеге мен жеке тоқталуды артық санаймын.

Бесіншіден, Шыңғыс ханның есімі жөнінде Э. Хара-Даван: «Мы нигде не встречаем удовлетворительного объяснения Чингис... значение слова Чингис приблизительно соответствует китайскому титулу Гурхан»¹,— деп, бұл сөздің мұнғыл тілінен шыққандығын толықтай жоққа шығарады. Ал М. Жолжанұлы қалмақ тілін жақсы білетінін дәлелдей отырып «Шыңғыс» сөзінің түп-теркінін сол тілден іздейді. Әйтсе де мен бұл мәселеде өз пікірімді дұрыс деп санаймын.

Алтыншыдан, М. Жолжанұлы қият руының атауы Қият қаласынан шықкан деп, мениң пікірімді жаңсақ түсіндіреді. Мен тек қалаға «Қият» деген ат берген мұнғылдар емес, ендеше «қият» сөзінің төркінін мұнғыл тілінен ғана емес, түркі тілінен іздеу керек деген болжам айтқанмын. Мақала авторы бұл сөз араб тіліндегі «қят» (кат) тубірінің фонетикалық өзгеріске үшіншаған түрі деген пікір білдіреді. Солай болса солай да шығар, бірақ осының өзінде «қият» сөзі мұнғыл емес араб тілінен тараған отырған жоқ па.

Жетіншіден, Шыңғыс хан мен оның үрпақтары деп салған белгісіз суретшілердің портретін автордың Шыңғыс ханның мұнғыл екенін дәлелдейтін айғақ ретінде келтіруі мүлдем қисынға сыймайды. Оның пікірінше, осы портреттерден-ак Шыңғыс пен оның үрпақтарының мұнғыл екені көрініп тұр. Суретті қандай автор, қандай пифылмен салмайды. Ендеше су-

рет айғақ емес. Мәселен, белгісіз қытай суретшісі салғна бір портретте Шыңғыс хан қытай қалпағымен отыр. Оған қарап Шыңғыс ханды нағыз мұнғыл деп айта алмайсыз. Оның устінен қытай тарихшыларының пікірінше, портретіне қараганда ол нағыз қытайлық.

Сегізіншіден, мақала авторы нақты деректерге сілтеме жасамай-ак еш дәлелсіз ойраттар Шыңғыс хан өскеріне 40000 жасақ берген дейді. Ешбір тарихи деректе Теміршінді ұлы қаған сайлаған құрылтайға және оның жорықтарына жонғар-ойраттардың қатысқаны жөнінде мәлімет жоқ. Жонғар-ойрат деген ортақ атаумен мұнғыл ру-тайпаларының бірігуі 1635 жылы Жонғар мемлекеті құрылғанда ғана жүзеге асқан. Оның контайшы басқарған¹.

Тоғызынышыдан, мені белгілі тарихшылардың енбегін пайдаланбайды деп жазғыру қисынсыз. Оған көз жеткізу үшін мениң мақалаларымдағы сілтемеге назар аударса жетіп жатыр. Ал белгілі мұнғылтанушылардың енбегімен келісе бермейтінім өз алдына жеке өңгіме.

Онынышыдан, мақала авторының: «Шыңғыс өскерінің өзі басқаратын алдыңғы полкының басым көшпілігі осылардың құрамындағы торғауыттардан тұrsa, ал ханның өзін қорғаған ұландары да осылардың хоشاуыттарынан жасақталған. Бұлардың екеуі де қазіргі қалмақтардың құрамына кіреді», деп жазуы еш негізсіз. Тәрізі бұл арада М. Ж. Жолжанұлы жонғар аныздарына сүйенсе керек. Өйткені Шыңғыс хан ешқандай полк, оның устіне алдыңғы шептегі полк басқарған емес. Ол бүкіл қосын, қолды басқарған. Екіншіден, оның өскери полкке емес, ондықтарға, жүздіктерге, мындықтарға, түменге (он мындықтарға) болінген. Шыңғыс хан өскерінде ешқандай ұлан болған емес және оны ешқандай торғауыттар мен хошауттар күзеткен жоқ. Бұл туралы ешбір деректен арнағы мәлімет кезdestіrmейсіз. Шыңғыс ханды оның өз руы қияттар күзеткен.

Онбіріншіден, Шыңғыс ханның төнірегіндегі Дабун-Баян, Алан Гоя, Боданшар туралы М. Жолжанұлы келтірген деректер әйгілі мұнғылтанушылардың да, түріктанушылардың да

¹Э. Х. Даван. Аталған енбек. 52, 67-беттер.

¹КСЭ. 1974, 4-том, 474-бет.

(Х. Даван, Е. Кычанов, Владимирцев, Котвич, Жүвеини т. б.) еңбектерінде кездеспейді. Бұл есімдердің барлығын мақала авторы мұнғылдар мен қалмақтардың аныздарынан алса керек.

Шыңғыс хан жөніндегі мифтер мен аныздардың көп болатын себебі — бірде-бір зерттеуші XIII ғасырда да, кейін де оның туған руы кияттардың ортасында болмай, солардан дерек жинамай, олар тастап кеткен жерге кейіннен қоныстанған мұнғыл тайпаларынан дерек жинағандығында. Ендеше М. Жолжанұлының маған қарсы айтқан өрбір пікірінде тек деректерге ғана сүйенгенін, айғактарына нақты сілтеме бергенін және деректерді бос келтіре бермей, оны қысынды түрде дәлелдеп, терең талдап барып байламға келгендін өтінеді едім.



Мұнғылтану тарихы

Мұнғыл тарихнамасында батыс мұнғылдардың Шыңғыс хан жорығына қатысқаны көп айтылады. Мұнғыл тарихшыларының мәліметінше, Шыңғыс хан жорығына ойраттар және оған кіретін рулар: хошимиаттар, чорастар, дүрбіттер, торғауыттар — барлығы да қатысқан, ал олардың Шыңғыс хан өскеріне берген жасағы — 40000 адам. Бұл ешқандай тарихи дерекпен дәлелденбекен және жалғандығын шығару оп-օнай.

Біріншіден, егер тіпті ойраттар 40000 өскер бергеннің өзінде ол Шыңғыс хан колы үшін түкке түргысыз, болмашыған.

Екіншіден. Ешқандай ойраттар (жонғарлар) Шыңғыс хан жорығына төмендегідей себептермен қатысуы мүмкін емес:

1. Жезқазған облысының Ұлытау ауданындағы Жошы хан мазарына қазіргі Мұнғылияның территориясынан 1217—1218 жылдары Шыңғыс ханмен бірге еріп келген, Қазақстан мен Орта Азияны жаулауға қатысқан барлық көшпелі ру-тайпалар өздерінің таңбаларын қалдырған. Олар: кияттар, қоңыраттар, керейлер, наймандар, қыпшактар, қаңылдар, оғыздар және басқалар. Оғыздан басқасының бәрі қазақ рулары. Мазарда

мұнғыл руларының (оның ішінде ойраттардың) бірде-бірінің таңбасы жоқ¹.

Егер ойраттар Шыңғыс хан жорығына қатысқан болса, онда олардың рулық таңбасы Жошы мазарына міндетті түрде қашалып жазылар еді. Өйткені Шыңғыс хан мемлекетіне қарасты барлық ірі ру-тайпалар 1227 жылы Жошыны жерлеуге қатысқан еді.

2. Ойрат (Жонғар) мемлекеті қазақ ру-тайпалары қазіргі Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ Автономиялы ауданынан 1217—1218 жылдары көшіп кеткен соң мұнғыл рулары сол жерге көшіп баруы нәтижесінде құрылған. Оған дейін мұнғыл рулары қазіргі Мұнғылияның арғы шығыс жағын мекендеген. Ойрат (Жонғар) мемлекетінің құрылған жылы қытай, иран және ортаазиялық деректерден белгілі. Бұл — 1635 жыл. Ал мемлекеттің қулаган мезгілі — 1758 жыл². 1635 жылға дейін ойраттардың (жонғарлардың) тайпалық бірлестігі болмаған. Егер Шыңғыс ханның 1227 жылы 8 тамызда қайтыс болғанын, ал Ойрат (Жонғар) мемлекетінің 1635 жылы құрылғанын ескерсек, онда ойраттар Шыңғыс ханның жорығына қайтіп қатыспақ?

1635 жылы ойраттардың құрамына кірген рулар: дүрбіттер, баяттар, торғауыттар, өлеуттер, хошимиуттар, чорастар, захчиндер және басқалары сол кезге дейін әрқайсысы бөлек-бөлек көшіп жүрген. Ал осы жылы аталған рулар мейлінше ірі ойрат (жонғар) мемлекеттік бірлестігінің құрамына енеді. Бұл мемлекеттің тұңғыш контайшысы (мұнғыл, ойраттарда ешқашан «хан» деген болмаған) чорас руынан шыққан Бootур³. Ойраттардың құрамына енген барлық рулардың саны аз еді және әрқайсысы ортақ өскерге 3000-нан 7000-ға дейін адам қоса алған. Алғашында батыс мұнғылдардың бұл ру-тайпалық бірлестігі ойрат деп аталады. Кейінрек шығыс мұнғылдар он қол (бұрынғар), ал батыс мұнғылдар сол қол (жонғар) деген атка ие болады. Асылы Шыңғыс хан өскерінің он қолы — «он қанат», сол қолы — «сол қанат» деп аталған. Шыңғыс хан мен

¹КСЭ. А., 1974, 4-том., 481-бет.

²КСЭ. Алматы., 1971., 4-том, 474-бет.

³Бұл да сонда. 474-бет.

оның өскері тарихында ешқандай «бұрынғар», «жонғар» сөздері кездеспейді. Ал қазақтар жонғарларды өлімсақтан бері қарай «қалмақ» деп атаған. Мағынасы: «қал-мақ», яғни «қалғысы келді». Ендеше бұл сөздің шығу тәркіні қазақ тілінде.

Жалпы мұнғыл тарихнамасында Шыңғыс хан туралы ақылға сыйғысыз қиял-ғажайып өртегілер барышылық. Мәселен, онда Шыңғыс ханның тек торғауыттардан жасақталған алдыңғы полкты басқарғаны, ал ұлы қағанның жеке өзін хоши-миуттардан жасақталған сарбаздар күзеткені айтылады. Бұл мифтің ақылға сыймайтыны төмендегі дәлелдерден көрінеді:

1. Шыңғыс хан өскерінде ешқандай рота, полк, батальон, дивизия деген болмаған. Оның өскері төмендегідей сандық көрсеткіштер арқылы құрылған: 10—100—1000—10000. Он мындан тұратын өскери құрылымға ту берілген. Сондықтан ол түмен жүретіндіктен «түмен» деп аталған. Шыңғыс хан өскерінде 40—45 түмен болған. Осы түмендерден өскердің он қанаты, сол қанаты және негізгі орталық күші құрылған. Бұл — қытай, иран және батысевропалық жазбалардың барлығынан кездестіруге болатын дерек. Өскердің орталық үйіткіш күшін Қая (Қаят), сол қанатын жалайыр Мұқалы, он қанатын Богуршы (Бағушы) басқарған¹. Ал Ұлы қағанның өзі ешқашан да қайдағы бір «полкты» бастап, ұрысқа қатыспай, өскерді тұтастай басқарып отырған.

2. Барлық жазба деректерден Шыңғыс ханды оның ұландары (кешіктендері) күзеткендері белгілі. Бұл жөнінде Э. Хара-Даван былай деп жазады: «Все гвардейцы (кешиктеңи) должны быть аристократического происхождение (қолбасылардың, билердің, бектердің және басқа да аксүйектердің балалары — Қ. Д.). Ныне, когда небо повелело мне править всеми народами, для моей охранной стражи, кешик стрелков и других — повелел Чингизхан»². Мұнғыл және қытай тарихнамасынан мұнғылдардың ешқашан тәнірге табынбағаны белгілі. Бұл ежелгі дінді тек қазақтар ғана үстанған.

1206 жылы қазіргі орталық Мұнғылиядада Орхон өзенінің бойында Құрылтай өтіп, қият руының билеушісі Теміршінді

төрт қазақ руының (қият, найман, керей, меркіт) 12 би әк киізге көтеріп, хан сайлайды және оған Шыңғыс хан деген ат берілді. Егер торғауыттар мен хошемиуттар біреулер айтқандай Шыңғыс ханға аса жақын болса және ханның олардан жасақталған күзетшілері болса, онда неге олар аталған Құрылтайға қатыспайды? Шыңғыс ханды әк киізге көтерген 12 бидің арасында торғауыттар мен хошемиуттардың және басқа да мұнғыл рулаresын өкілдері болмаған. Осының өзі-әк мұнғылдардың Шыңғыс ханның ата тегіне, ол құрған мемлекетке еш қатысы жоқтығына және қатысы болмайтынына айғақ емес пе. Ал қият, найман, керей, меркіттерді мұнғыл рулаresы деп дәлелдеу мүмкін емес, өйтіп арам тер болу әншайін әурешілік. Жалпы Шыңғыс ханды мұнғыл деген тұжырым ешқандай ғылыми талдауға сай емес. Өйтсе де мұнғылтанушылар бұл райдан қайтар емес.

Шыңғыс хан мен оның ұлдары мұнғыл рулаresынан әйел алмаған. Ұлы қағанның бірінші әйелі — қоңырат қызы Бөрте. Ол Бөртені қатты құрметтеген. Шыңғыс хан Бөртеден туған ұлдары — Жошы, Үкітай, Төле, Шагатайға ғана хандықты мұраға қалдырған. Ал қалған әйелдерінен туған ұлдарына хандық бермеген. Оның қалған әйелдері төмендегідей: Құлән — меркіт ханы Тоқтабектің қызы, Гүлбасу — Шыңғыс ханмен шайқаста қаза тапкан Найман мемлекетінің ханы Даянның жесірі, Осей — бұрынғы татар ханы Ақ Шеріннің қызы. Ал Жошы ханның үлкен әйелі — Бектұмыш — Керей мемлекетінің ханы Тұғырылдың бауырының қызы. Ұлы жаһангер қолбасшы Бату хан осы Бектұмыштан туған. Бату хан шешесін Жошы ханның мазарына жерлеген. Мұны Ә. Марғұлан бастаған Қазақ КСР Ғылым академиясының экспедициясы моланы қазған кезде анықтаған¹. Қазақ совет әнциклопедиясында бұл туралы: «Қабір астында төсөлген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған», — деп жазылған. Бұл — Бату ханның шешесін жерлегендер және олардың айналасындағылар таза қазақ тілінде сөйлегенінің айғағы.

¹Э. Хара-Даван. Алматы. «Крамдс — Ахмед Яссави» 1992; 96-бет.

²Бұл да сонда. 87-бет.

¹КСЭ. 4-том. Алматы, 1974, 481-бет.

Шыңғыс хан Орта Азияны мұрагерлікке қалдырган оның екінші ұлы мұнғыл тілінде сөйлемегені былай тұрсын, түркі тілдерінің білгірі, ғалым болған. Ол өзі билеген мемлекетке ресми және мемлекеттік тіл ретінде шағатай тілін енгізген. Ұлы ақын Әлішер Науай, мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын Захраддин Бабыр осы тілде сөйлеген, жазу жазған, Ақсак Темір және Орта Азияның басқа да белгілі адамдары осы тілде сөйлеген. Жалпы, шағатай тілі XIII—XX ғасырлардағы ғылым мен мәдениеттің, білім мен әдебиеттің тілі саналған. Қазақ ақындарының бір тобы — «кітаби ақындар» жырларын осы тілде хатқа тусірген.

Мұнғылияның «Улан Баатор» газетінің 1996 жылғы 128-санында Шыңғыс пен оның тұқымынан тараған хандардың әйелдерінің жетеуінің суреті жарияланды. Газеттің мәліметтінше, олардың алтауы қоңырат қыздары да, біреуі найман қызы. Олардың арасында Шыңғыс ханың әйелі Бөртенің және Үкітай ханың әйелі Дәрінің суреттері бар. Қалған суреттер Шыңғыс тұқымынан тараған, кейінректегі хандардың әйелдерініki.

Шыңғыстың мұнғыл тегінен тарағанын дәлелдеу мен мұнғыл тарихын жазуға халықаралық түрік-мұнғыл зерттеу орталығының вице-президенті, тарих ғылыминың докторы, Ұлан Батырда тұратын ұлты қазақ Мұнғылия азаматы Ислам Қабышұлы көп еңбек сінірді. Әйтсе де оның еңбектеріндегі кейір мәліметтер 1217—1218 жылдары барлық қазақ рулары қазіргі — Мұнғылия жерін тастап, қазіргі Қазақстан жеріне қоңыс аударғанын, сөйтіп бұрынғы мекенін басқа халықтарға қалдырганын, сондай-ақ Шыңғыс хан әйелдерінің қазақ және татар тегінен шыққанын дәлелдей түседі. «Шыңғыс 1219 жылдан 1926 жылдың жазына дейін қазақтың Кіндіккүш деген тауын қоныстанғаны туралы соны дерек оның кеңесшісі Елюпцай мен Қытайдан шақыртып алған Чак-Чунь соғы мен керейдің ғұламағалымы Шың ағай жылнамаларын парактағанда айқындалып отыр. Ол аса ыстық өз өлкесінен алыстарап кетпей, бүгінгі Семей облысының Кіндіккүш тауына орналасуы әбден орынды. Сол Кіндіккүш тауы кейін Шыңғыстау болып атальп кетті. Бұл — жаз жайлауы, қыс қыстауы бар, табигат болмысы

Онон (Өнен — К. Д.) өзені жағалауына үқсас өлкө. Елу жыл ат үстінде өткен өмірінің он жылдары Алтын ұлысының абақтысында тұтындалған Шыңғыс хан жәйлі қоңыс, жақсы мекенде жан рахатына бөленді. Бұл туралы тұран халқына байланысты жәдігерліктер мен монгол, қытай жазбаларында айқын тұрған ақиқатты әлем тарихшылары шатастыра береді¹, — деп жазады И. Қабышұлы. Одан әрі ол Шыңғыс хан әйелдері туралы басқа тарихшылардың дерегіне қайшы келмейтін мәліметтер береді. «Шыңғыстың бәйбішесі Бөртенің ордасы Керулен өзенінің жағасында, екінші қатыны Меркіт қызы Құлән ордасы осы Шыңғыстауда орналасса, ушінші қатыны татар ханы Их-Шеріннің (Ақ Шерін — К. Д.) қызы Есүйдің ордасы Долы өзенінің жағасында, төртінші қатыны Есүйдің сіңлісі Есүкеннің ордасы Найман Тай ханының ордасында орналасқан. Осы Құлән Шыңғыстауда өліп, үнгір ішіндегі көлдін бүйіріне жерленгенін жапон зерттеушілері жазып жүр. Әсілі бұл «Қоңыр өүлие» үнгірі болуы мүмкін»², — деп жазады ол. Жоғарыда келтірген пікірлердің ішінен қисынға сыймайтыны — Бөрте ордасын Мұнғылияның шығыс бөлігінде Керулен өзені жағасында дегені. Ол жер — Шыңғыс ордасынан 3000 шақырымнан астам қашықтықта. Бұл мемлекет билеушілердің салтына, қағидасына сыймайтын нәрсе. Мұның үстіне Шыңғыс хан хандықты мұрагерлікке қалдырган төрт ұлдың (Жошы, Үкітай, Шағатай, Төле) және бес қыздың шешесін Шыңғыс пен Бөртенің өздері өкілдері болып келетін қияттар мен қоңыраттардан жыражка, тұған-туыскандарынан аулакқа қалдырып кетуі мүмкін емес. Ел арасына кең тараған аңыздарға сүйенсек, Бөртенің ордасы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығында болған. Бөрте 72 жасында өліп, сол жерге жерленген.

Егер Шыңғыс хан мұнғыл болса ен күрығанда бір әйелді мұнғылдан алмас па еді. Сондай-ақ ол хандықты қазақтың қоңырат руынан тұған Бөрте ұлдарына мұрагерлікке қалдырыды ғой. Егер Шыңғыс хан мұнғыл болса, сол халықтан әйел альш, мұрагерлікті де тек қана соларға қалдырmas па еді.

¹ «Егемен Қазақстан» газеті. 18-шілде, 1992 жыл. Ислам Қабышұлы «Шыңғыс хан».

² Бұл да сонда.

Мұнғылдан туған, бала кезінен мұнғыл ортасында өскен адамның өз халқынан жерінүі, оны менсінбеуі мүмкін бе?!

Мұнғыл тарихнамасындағы Шыңғыс ханың төнірегіндегі жаңсақтықтар адамды тандандырмай қоймайды. Мәселен, И. Қабышұлы Шыңғыс ханың өлімі төнірегінде мынадай мәлімет келтіреді: «Тіпті оның өліміне дейін әртүрлі айттылады. Бұл түркіда Арғын қобызшының хикаясы айрықша мәні бар оқига. Ұлы хан туған елін, өскен жерін тастап, аяулы аруларын да сарғайтып қазақ жерінде жан ләззатын күйттеп жатып алғанда, «ордаңды ойрандап, таңғұттар талқандап, шаңырағыңды шалқайты ханым» дейді жыршы. Бес жұз сұлу, елу әйел еншісіне тиген ұлы ханың алғашқы жары ажарлы Бөрте де пенде емес пе, ордада үлде мен бұлдеге оранған соң тыныш отыра алмайды. Алғашқы алғаншығы Арғын қобызшымен ашына болса, артында қалған басқа арулары да амалын таптай не қылсын. Суық хабарды естіген қызыраныш хан терісіне сыймай ашуланғаны сондай — ертеңінде-ақ еліне жүріп кетеді. Келісімен Арғын қобызшыны өз қолымен өлтіріп, ат басын таңғұтқа бұрыпты¹.

Егер таңғұттармен соғыс 1227 жылы жазда басталғанын (сол соғыс кезінде Шыңғыс хан өліпті-міс) ескерсек, бұл миғтің қисынсыздығы сондай, аса нашар құрастырылған ертегіге ұқсайды. Шыңғыс хан 1155 жылы туған, 1227 жылы ол 72 жаста еді. Сол кездегі Азиядағы көшпелі халықтардың ортақ жасы 50 екенін ескерсек (көбі жастай қыршынынан қыллады), онда бұл — карттың жасы. Ал Бөрте күйеуінен бір жас үлкен еді, ол 73-те болған. Ендепше төрінен көрі жақын кемпірді күйеуінің көзіне шөп салды деп ғайбаттау, съпайылап айтқанда, көргенсіздік. Ләнктің мәліметі бойынша, Бөрте 73 жасында дүниеден қайтып, оны жерлеуге төрт ұлы, бес қызы және Шыңғыс хан — барлығы қатысады. Одан әрі И. Қабышұлы: Шыңғыс ханың өлімі туралы: «Монгол тарихшылары шығыстағы таңғұт жорығында Арбух деген тауда құлан қуалап жүріп аттан құлап өлді десе, сол жолы таңғұт ханының сұлу жары Гүрбөлжіннің қолынан қаза тапқанын айтатын тарихшылар да бар»²,— деп жазады.

¹И. Қабышұлы. «Егемен Қазақстан» газ. 18-шілде, 1992 жыл.

²Бұл да сонда.

Мұнғыл тарихшыларының айтқанындағыдей, Шыңғыс ханың соңғы жорығын пайымдар болсак, Шыңғыстаудан ішкі Мұнғылиядығы Арбух тауына дейін 3000 шақырым. 72 жастағы карттың осыншама үзак жолда ат үстінде жүріп өтуі әрі жолда құлан аулауы мүмкін емес. И. Қабышұлы ұлы қаған өліміне қатысты Қазақстан ғалымдарының пікірін де келтіреді: «Қазақстанның кейбір ғалымдары Шыңғыс ханың мәйіті Бурхан-Халдун тауында емес, Шыңғыс тауының «Қоңыр өулиедегі» үңгір жартасының бүйірінде, көлшік астында жатуы мүмкін деп көрсетеді». Ал қытай тарихшылары Шыңғыс хан Қытайда жерленген деп санайды. Сөйтіп Шыңғыс ханың өлімі мен оның сүйегі жатқан жер туралы мұнғыл тарихнамасы мен басқа ғалымдардың еңбектерінде сан түрлі миғтер қалыптақаны болмаса, накты мәліметтер жоқ. Жалпы, қаған 1223 жылы өз мемлекетін 4 бөлікке бөлген сон, мемлекет істерінен кеткенін ұмытпау керек.

Бұдан әрі И. Қабышұлы: «Әлем тарихшыларынан орыстың Бартольд, Владимирцев, Гумилевті, батыстың Марко Поладан Рубрук, Жувейніне дейін, қытайдың Чань-Чуньнан Гомо-Жосына дейін, монголдың Лунсан данзан Еңлаоасынан Н. Сайшал, Н. Нацагдорж, Ш. Бара Сухбаатырна дейін, немістің К. Маркстан Ф. Краузе, В. Шуплеріне дейін, қазақтың Шоқанынан Абайына, Өлкейінен Манашина дейін талай еңбектер жазса да Темужиннің тегі кім дегенді тектемейді»¹,— дейді. Мұнаймен толықтай келісе отырып, қазақтар Шыңғыс ханың ататегін зерттеуді қолға алмағанын айта кету керек. Өйткені Қазақстан Ресейдің, кейін Кеңес империясының отары болғандықтан орыстар Шыңғыс ханың тегі кім болса, о болсын бірақ қазақ болғанын қалаған жоқ, оларға осы саясат қолайлы да қауіпсіз еді. Мұнғыл және қытай тарихшылары да бұл мәселеңің зерттеп жарытқан жоқ. Себебі олар Шыңғыс ханың қазақ екенін накты да айқын аңғарды. (Өйтпесе оны мұнғыл деп танып Ұлан Батырга немесе қытай деп тауып Пекинге ескерткішін орнатуға бола береді). Ал батыс және Ресей ғалымдарын бұл мәселе қызықтыра қоймады. Жалпы мұнғылтанушылардың барлығы Теміршіннің ата-тегінің мұнғыл екендігі

¹Бұл да сонда.

жөнінде өз дәлелдеріне өздері сене қоймайтынын жасыра алмайды. Бұл Котвич, Владимирцев, Хара-Даван, Кычанов, Лэнк, Жувейни іспетті ірі мұнғылтанушылардың еңбектерінен аңғарлып қалады.

Гильом де Рубруктың «Путешествие в восточные страны» еңбегінде мұнғылдар туралы бірде-бір мәлімет жок. Кітапта оның татарлар еліне саяхаты баяндалады¹. Осы еңбектің есекертесінде «В русских же летописях периода монгольского ига монголы обычно именуются татарами»², — деп жазылған.

Карамзиннің барлық еңбектерінде мұнғыл сөзінің орына монгол, яғни түркі тілінен шыққан сөз жазылады. Ал Үндістанда күрган мемлекетін Захраддин Мұхамед Бабыр «Ұлы монгол мемлекеті» деп атаған. Батыстағылар жалпылама татар деп атаған түркі тайпалары, халықтары («татар» сөзі батыстың тарттараралы, яғни тозақ сөзімен үндес, сондықтан оларға татар сөзі жұғымды, сінімді) тек кеңес өкіметі түсындаған мұнғыл деп атала бастады да, 70 жыл ішінде дүние жүзіне кең таралып кетті.

Шыңғыс ханың ата-тегі қият руының шығу төркіні мен Әмудария жағасындағы Қият қаласы атауының арасындағы байланысқа сай бұл тақырыпқа қайтып келу қажеттілігі туады. Қият қаласының атауы арабтың «қят» сөзінен шыққан деген кейбір тарихшылардың³ пікірі дұрыс емес. Ол —«қият»—«қят» деген фонетикалық ұқсастыққа сайған жаңсақтық. Арабтар Орта Азияға VII—VIII ғасырларда келген және осыдан соң ғана Орта Азияға араб тілі тарай бастаған. Әйтсе де араб сөздері жер-су аттарына қойылмаған. Орта Азияда арабша аталған бірде-бір қала не елдімекен жок.

Шын мәнінде Әмудария жағасындағы қалалар өте ертеде, б.д.д. II ғасырда Зеравшан өзенінің Әмударияға қүйған жерінде Самарқан және Бұқара қалалары орнаған соң-ақ салына бастаған. Әмудария бойындағы Қият, Қөне Ургеніш, Хиуа және

¹Алматы «Ғылым» 1993., 76-бет. Кітап «Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Рубрука» басылымы (Москва. Государственное издательство географической литературы. 1957) бойынша басылған.

²Сонда. 174-бет.

³М. Жолжанұлы «Қазақ тарихы» журналы, № 4, 1996 жыл.

басқа қалалар біздің дәуірімізге дейін орнаған. Мәселен, 1996 жылы қазан айында Ташкент қаласында алты түркі мемлекетінің басшылары бас қосқанда Хиуа қаласының 2000 жылдығын тойлау жөнінде шешім қабылдады. Әмударияның батыс жағалауында Хиуа қаласы салынса, Әмударияның қарсы бетінде шығыс жағалауында Қият қаласы салынған. Қият қаласында 973 жылы 4-қазанда ұлы ғалым Бируни тұғандықтан кеңес заманында қаланың аты Бируни аталды. Осы үш қала (Хиуа, Қөне Ургеніш, Қият) бір оазисте. Осында Хорезмшахтар мемлекеті құрылды, оның астанасы Қөне Ургеніш болған.

Әмудария бойындағы қалалар ағыспен төмөн қарай салынғаның ескерсек (Самарқан — Бұхара — Қият — Хиуа — Қөне Ургеніш), Қият қаласының түсында соңғы екеуіне қарағанда өзен суы мейлінше жиі жайылады және аринасын да өзгертіп отырады. Дарияның бұл мінезі жергілікті диалектіде жағаны қият (қияды) деп айтылады. Қала Әмударияның жағасына өте жақын орналасқандықтан оған осы ат берілсе керек. Қалай болғанда да қаланың атауы түркі сөзінен шыққаны анық. Бұл қала Хорезмшахтар мемлекетінің астанасы Қөне Ургеніштей, Хиуа хандығының астанасы Хиуадай әйгілі тарихы болмағандықтан елеусіздеу қалған, кейін Бируни аталған. Әйтсе де оның Хиуа мен Қөне Ургеніштен ерте салынғаны күмән тудырмайды. Қазақ тарихына тікелей қатысы болғандықтан бұдан әрі аталған қаланың тарихы терең зерттеліп, жариялануы тиіс. Қазақ мемлекетінің тарихы Қазақ Хандығынан емес, Шыңғыс хан мемлекетінен басталуы қажет және төмөндегідей жалғасады: Шыңғыс хан мемлекеті — Ұлы Ұлыс (Жошы ұлысы) — Қазақ Хандығы — Ресей отары — тәуелсіз Қазақстан.

Қият қаласында ірі өзен порты болған және XIX ғасырдың соңына дейін Әмудария арқылы Аral теңізіне дейін желкенді қайықтар жүрген. Оған қоса Қият қаласында өткел болған. Хорезм оазисі мен оның басты қалалары Қөне Ургеніш пен Хиудан шығысқа бара жатқан керуендер Қият қаласында Әмудариядан өтіп, Отырарға дейін барған, Отырарда Сырдариядан өтетін өткел болған. Отырардан кейін керуендер Иассыға (Түркістанға), Таразға, Баласағұнға, Жаркентке, Ұльтауга барап көшпелі халықтармен тауар айырбас жасайды. Шыңғыс

хан тараған қият руына қазақ халқының тарихында өте үзак рөл ойнауына тұра келеді. Шыңғыс Жошы, Батудан бастап казактың барлық хандары осы рудан тарайды.

Сондай-ақ казактың барлық рулары туралы шежіре жүргізілсе де, қият руының шежіресі жазылмаған, оны ешкім зерттемеген. Тарихтың бұл да бір жұмбагы. Шыңғыс хан мемлекеті мен Ұлы Ұлыстағы (Жошы ұлысында), сондай-ақ бүткіл еуразия кеңістігіндегі барлық тарихи оқиғаларға 1206 жылы Шыңғыс хан мемлекеті құрылғаннан бастап, 1480 жылы Ұлы Ұлыс ыдырағанға дейін үлкен ықпал еткен рудың тарихы мұлдем зерттелмей, жалпы бұл руды тарихшылар мұлдем на- зардан тыс қалдырыпты.

Сондықтан қият руы туралы дәл қазір қолда бар деректерді келтіруді жөн санаймыз. Ұлы Ұлыс мемлекетіндегі қияттардың рөлі жөніндегі Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» еңбегінде¹ жөне бірқатар Ресей басылымдарында біраз дерек бар. Әйтсе де осы аз ғана деректердің өзі Ұлы Ұлыстағы қияттардың рөлін айқын көрсетіп береді. Өкінішке орай Ұлы Ұлыстағы қияттардың рөлі тұракты деңгейде болмаган. Қерісінше, олардың әрқайсысы мемлекет ісіне өз ықпалын жүргізу мақсатында өзара қырқысты, билікке таласты қүштейтіп, мемлекет қуатын әлсіреткен. Бірақ қалай болғанда да қият руы Ұлы Ұлыс мемлекеті ыдырағанға дейін оның өміріне зор ықпал етіп отырған. Бұл жөнінде Өтеміс қажы: «Алтын Орданың бұлғақ жылдары Бердібек хан таққа отырған соң (1357—1359 жылдар) басталды. Осы кезде қият Мамай Алтын Орда адамдарының бір белгін Қырымға, ал қият Теніз-Бұқа Сырдарияның төменгі ағысына алыш кетті»², — деп жазады.

«Так қият Исадай — это временщик (ханнан кейінгі басты адам — К. Д.) Узбек хана, известный как Иса-бек... В то время после Джанибека-хана над всем улысом (левого крыла) билем был Джир-Кутлу, сын кията Исадая»³, «Затем (Тохтамыш-оглан) выступил в поход и пошел на кията Мамая. Пришел на встречу и Мамай. Произошло жестокое сражение. Войско Ма-

мая был разбито, а сам он был схвачен и убит...»⁴. Ұлы Ұлыстағы өзара қырқысты тұтандырып және ұлы мемлекеттің одан кейінгі тарихына зұлымдық ұрығын сепкендіктен Мамайға толығырақ тоқталған жөн. Қолбасылық дарыны болмаса да ол Мәскеуге жорық жасап, Ұлы Ұлыс әскері үшін қолайсыз жағдайда ұрыс жүргізеді. Атты әскер үшін аса қолайсыз тар қыспакта, екі өзеннің ортасында Куликово даласында ұрысты дұрыс басқара алмай жениледі. Бұл — Ұлы Ұлыс тарихындағы тұңғыш жениліс еді және оның кесірі де тимей қалған жоқ. Мамайдың женилісін пайдаланған Тохтамыс хан Ұлы Ұлыстағы билікті өз қолына алады да, орыс әскерін женип, Мәскеуді қайтадан құзырына бағындырады.

Мамай хақында Ресей ғалымдарының еңбектерінде көп жазылған. Сергей Марковтың еңбегінен ғана мәлімет келтірейік. «Постепенно Мамай дослужился до чина темника — начальника над десятью тысячами клинов. Он достиг неслыханной власти, когда ему ничего не стоило посадить на трон нового хана, а через месяц прирезать его как овцу, чтобы возвести на царство другого потомка Чингиз-хана. Сам Мамай никаким Чингизидом не был и поэтому не мог рассчитывать на то, что его поднимут на белой кошме. Он был казнен на рыночной площади Кафры, там, где обычно выставляли на продажу рабов. Это произошло 28 ноября 1380 г.»⁵. Қияттар жөнінде Шалгез (Шалқиіз — К. Д.) жыраудың мынадай толғауы бар:

Енді бірін кім десен —
Қырқадан қырқа қараған,
Қырық шалғысын тараған,
Қалмақтан ақкан қара қан
Адамға сайшп жалаған,
Мын қызылбас кез келсе,
Бір өзіне балаған,
Үсті бір қару қалталы,
Жалманы қарыс балталы,

¹Сонда. 119-бет.

²С. Марков. Земной круг. Издание второе. Издательство ЦК ВЛКСМ. Молодая гвардия. 1971, Москва, 116—121-беттер.

¹Өтеміс қажы. «Чингиз-наме». А., «Гылым». 1992.

²Сонда. 49-бет.

³Бұл да сонда. 61-бет.

Оны бір несін сұрайсын.
Ол кісінің ішінде
Қияттан жалғыз аттанған
Айдынды Димас тағы бар¹.

Қият руы туралы еңбектерді оқығанда Шыңғыс ханнан бастап оның XVI ғасырға дейінгі ұрпактарының ішінен бірде-бір мұнғыл есімдерін кездестіре алмайсыз, тек қазақ есімдері ғана кездеседі. Қият руы туралы жоғарыдағы деректерді жеткілікті деп санаймыз. Енді оны қазақтың «Қобыланды батыр» жырымен толықтырайық:

«Қырық мың үйлі қияттан
Қырық мың әскер қол алыш
Ақ қара бас ту алыш
Қызыл басқа жол салыш
Көшірем деп Қазанды²
Бұ да күшті мал алыш
Боз ат шалып құдайға...
Жұртын жиып қуаныш
Қияттан шықкан бес батыр
Қарақозы, Аққозы
Қатардан асқан қос батыр,
Қарашиб ұлы Қосдеулет
Топты бұзған бұл батыр
Қара Бокан жауырынышы
Тұнде қалың жол тартар
Файыптан болжап сөз айттар
Қарамандай батырдың...»³

Бұл жырдан XV—XVI ғасырларда қияттардың саны 200 мың адам шамасында болғанын біліп отырмыз. Ал қазақ халықтың құрамындағы қазіргі қияттардың саны белгісіз. Қият

¹Х. Досмұхамедов. Аламан, Алматы, «Ана тілі» 1991, 126-бет.

²Қазан емес, Ауганстандағы Газна қаласы екені анықталған. Ал «қызылбас» легендар — иран текстес халықтар.

³«Қобыланды батыр». А., «Жазушы» 1968 ж.

руының өкілдерін Ресейдің Самар, Волгоград, Саратов, Ростов облыстарынан кездестіруге болады. Өз сөздеріне қарағанда олар қазақтың бірде-бір жүзіне кірмеген, олар атам заманнан бері қарай барлық қазаққа ортақ Шыңғыс хан руынан (төре) және жекелеген жүзді емес барлық қазақты басқаруға қатысып отырған. Олардың айтуынша төреге Шыңғыс тұқымдары ғана емес, барлық қияттар жатады.

«Казахстанская правда» газетінде жазушы Шахмардан Құсайыновтың «Государство казахов: Адат и Шариат»¹ деген мақаласы жарияланды. Онда автор қазақ мемлекеті мен қазақ халықтың зерттелу жағдайына қатты алаңдаушылық білдіреді. Ол Санкт-Петербург тарихшылары С. Кляшторный мен Т. Сұлтанов кітаптары туралы айта келіп: «Полемизировать с объяснениями, которые дают Кляшторный и Султанов скучно. От них за версту несет грубо сколоченный советской историко-идеологической школой», — деп жазады. Оның дұрысы. Қазақ мемлекетінің тарихын Қазақ Хандығынан бастау деген сөз — қазақ халқы мен оның мемлекетінің тарихымен шындалған айналысы келмеу деген сөз. Қазақ мемлекетінің тарихын Шыңғыс хан, Ұлы Ұлыс мемлекеттерінің тарихынсыз жазу мүмкін емес. Әйткені қазіргі қазақ халықтың құрамындағы рулар ол мемлекеттерде де басты рөл атқарған. Ол рулар — қият, найман, керей, меркіт, алшын, арғын, қыпшак, қонырат, үйсін, дулат, жалайыр, шапырашты, ысты, албан, суан және басқалары.

Ең бастысы мемлекеттің аты емес, осы мемлекетте тұрып жатқан халықтың аты, ал көшпелілер үшін осы мемлекеттің күрап отырған рулардың аты емес пе?! Қазіргі нақты жағдайда жоғарыда аталған рулар мына мемлекеттердегі халықтың құрайтын ұстынның негізін қалады: Шыңғыс хан мемлекетінде, Бату хан ұлысында (Ұлы Ұлыс), Қазақ Хандығында. Қазақтың қонырат, қият, қыпшак іспетті рулары басқа да халықтардың құрамына енгені қазір көп айтылып та, жазылып та жүр. Иә, башқұрт, мадьяр, өзбек, карақалпак, қарашибай, балқарлардыбылай қойғанда орыс, украин сияқты тегі бөтен халықтардың құрамына енгені де рас. Әйтсе де бұл халықтардың

¹Ш. Құсайынов. «Казахстанская правда» газ. № 236-237, 30-қазан, 1996 жыл.

бірде-біреуінен ол рулардың өкілін таппайсың, олар осы ұлттардың ішіне басы бүтін сіңіп кеткен. Тек қазақ халқының құрамында ғана олар алғашқы қалпын сақтап қалған. Сондықтан بұл рулардың негізі, базасы қазактар деп есептеген жөн.

Халықтың тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы 530 жылдың ішінде қалыптасуы мүмкін бе? Біздіңде оған мындаған жылдар қажет. Халықтардың қалыптасу теориясы бойынша, алдымен этникалық (ұлттық) тіл, мәдениет, ғұрп, тұрмыс тағы баска-ларды жасайтын тығыз этнос қалыптасуы қажет. Осының бөрі тұтастай алғанда ұлт, халық, мемлекетті құрайды. Осы мәселе ескерілмесе ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын олқы тарих жазылмак.

Қытайлар мындаған жылдардан бері қазактарды «хасак» деп атайды. Ха — нағыз, сак — сақ деген сөз. Бұл жерде үндес үш әріп қана аудысады: х-қ, с-з, к-қ. Осы арқылы қытайлар қазактардың этникалық түп-тамырын сақтардан шыгарып отыр. Мұндай пікірмен неге келіспеске? Біздің ғалымдар мұны көзге ілмей, қарабайыр да ғылымнан ада «қаз-ақ» (ақ қаз) іспетті үқсас сездерден іздейді.

Тарихта бір ұлтқа екінші ұлттың ат берген мысалы көп. Мадьярларға венгр деген атты славяндар берген. Ханзуларға қытай деген есімді түркілер берген. Германдықтарға неміс деген атауды да славяндар берген. Жонғарларға қалмақ деген атты қазактар қойған. Бұл жерде де солай: қазақ деген атты қытайлар шыгарған.

Бату хан ие болып қалған Ұлы Ұлыс (оны атасы Шыңғыс хан ұлы Жошыға еншіге берген еді) мемлекеті туралы негізгі мәліметтерді келтіре кетпесек бұл еңбек жартыкеш күйінде қалар еді. Тек сонда ғана қазақ мемлекеттерінің үзілмес байланысы айқын көрінеді. Бату ханның шықкан тегі, Еуразияның ауқымды кеңістігіндегі оның аса зор ролі жөнінде ешқандай ғылыми талас, дау-дамай жок. Еуразияның көптеген халықтарының қалыптасуы мен тағдырына Бату хан орасан зор ықпал жасады. Әйтте де тарихшылар бұл туралы жүмған аузын ашпайды.

«Бату, Батый, Сайын (1208—1255). Алтын Орданы құруши. Бату хан, сірә, 1235 жылғы Құрылтай жиналышына қатысып,

Русь пен оған көршілес халықтарға қарсы жаңадан жорық жасауды ұсынған болса керек,— деп жазады Қазақ совет энциклопедиясында. —1236 ж. көктемде армиясы батыска аттанды. Отрядтары 1236 ж. күзде Еділ бұлғарларының жеріне келіп жетті... Рязаньды, Москванды, Владимирді, Козельскіні алды... 1240 ж. декабрьде Киев алынғаннан кейін Руське қарсы соғыс аяқталды. Осы жылдың аяғында Батый хан Киев жерінен Венгрияға, Польша мен Далмацияға жорық үйімдастыруды»¹.

Бату хан өзінің хаттары мен грамоталарын қазіргі қазак тіліне өте үқсас тілде, яғни көне қазақ тілінде жазған. Ол қолбасшы әрі мемлекет қайраткері ретінде атасы Шыңғыс ханнан асып түспесе кем түспеген. Шыңғыс хан сияқты ол да бірде-бір әскери шайқаста женіліп көрмеген, Шыңғыс хан сияқты ол да алыш мемлекет құрған. Бірақ ол атасында мемлекетті бір ғана Азияда емес, Шыңғыс Еуропаның аумакты кеңістігін қоса отырып құрған. Егер Шыңғыс хан 1223 жылғы ақ өз мемлекетін Бөртеден туган төрт ұлына бөліп берсе, ал Бату хан 1236 жылдан 1480 жылға дейін, яғни 244 жыл өмір сүрген іргел мемлекет құрған. Егер атасы Азия мемлекеттерінің ғана әскерін тізе бүктірсе, Бату хан Азия ғана емес, Еуропа мемлекеттерінің әскерін де талқандаған. Шыңғыс ханнан айырмашылығы Еуропа тарихында Бату ханды мұнғыл емес, татар деп, оның жорығын татарлардың шапқыншылығы деп атайды. Оның себебі мынада. Бату хан әскерінде татарлар азшылық болған (білкім 3-4 процент). Бірақ олар әскерді бастаушылардың құрамына еніп, алдыңғы салта жүрген. Бату ханның мемлекеттік бірлестігіндегі әр түрлі ру-тайпалардың ортақ атауы болмағандықтан Шыңғыс хан біріктірген халықтарды мұнғыл деп жалпы атайды. Сияқты оларды да татар деп жалпылама атап кеткен (Ал қазір мұнғыл сөзінің шығу төркінің көптеген тарихшы ғалымдар «мың-қол» сездерінің бірігуінен деген пікір айтып жүр).

Бату хан ақ киізге 1227 жылды әкесі Жошы өлген соң Ұлытудағы Құрылтайда көтерілген. Осы жерден ол 1236 жылды Батыс елдеріне жорығын бастайды. Оның осы жорығына қатысқан рулар Жошы ханның мазарына өз таңбаларын түсіріп қал-

¹КСЭ. 2-том, А., 1973, 199-бет.

дырганына қарағанда, мазар құрылышы осы 1236 жылы аяқталса керек. Бату хан әскеріне енген ру-тайпалар құрамы тарихта сол таңбалар арқылы қалған. Мазарда бірде-бір мұнғыл руының таңбасы жоқ болғандықтан Бату хан әскерінде мұнғылдар болмаған деп кесіп-пішіп айтуга болады. Бату қолы Еуропаға басып кіргенге дейін Ресей және украин жерлері княздықтардың арасындағы ымырасыз соғыстың әсерінен қанға батып жатқан еді және осынау өзара қырқыс Киев мемлекетінің құлауына түрткі болды. Қеңе славян тілі орыстарға да украиндықтарға да ортақ тіл болғандықтан Киев Рүсін орнату тарихтағы үлкен қателік еді дейді білетіндер. Аталған өзара қырқыс ондаған, тіпті жүздеғен жылдарға созылып, бұл княздық тұрғындарының түбіне жетіп, олардың территориясын қаныратып бос қалдырапар еді. Сондықтан Бату хан оларды оп-оңай тізе бүктірді. Киев мемлекетінің территориясын басып алу ол жерде азамат соғысының тоқтауына және орыс, украин іспетті ірі этностардың қалыптасуына игі ықпал жасады. Бату ханың жорығын қытай тарихшылары да дәл осылай бағалайды.

Ұлы Ұлыс мемлекетінің территориясына Шыңғыс хан замдары «Жасак» және «Билік» кіргізіледі.

Ұлы Ұлыс тарихы жөнінде бірқатар ғалымдар енбек жазды. Оның негізгісі — Ресей тарихшыларының¹. Сондықтан Ұлы Ұлыс XIII—XV ғасырлардағы аса ұлы империя болса да, ол әлем мемлекеттерінің тарихында онша әйгілі емес. Алтын Орда Ұлы Ұлыстың астанасы ғана екені жөнінде Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» енбегінің кіріспесінде В. П. Юдин ете нағымды жазды. Ол бұл мәселе жөнінде: «Давно установлено, что название «Золотая Орда» было присвоено Улусу Бату русскими. Этимология названия была установлена после опубликования 1-го тома «Сборника материалов, относящихся к истории Золотой Орды» В. Г. Тизенгаузена. Обычай тюрко-мон-

¹ Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950; Тиценгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. т. I., СПБ, 1884, т. 2. М.-Л., 1941; Рашид-ад-Дин. Сборник летописей т. I—III, М.-Л., 1952—56. Аминал-Холи. Связь между Нилом и Волгой в XIII—XIV вв. сокращенный перевод с арабского. М., 1962.; Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. М., 1966.

гольских народов ставить верховному хану «Золотую юрту» хорошо известен¹, — деген байлам айтады. Алтын киіз үй керей Үан ханда, Шыңғыс ханда, Хулагу ханда және басқа да дала билеушілерінде болған².

Еділ патшадан кейін көшпелі халықтар билеушілерінен Еуропаға басып кіріп олардың әскерін талқандаған Бату хан болды.

Шыңғыс хан 1206 жылы өзін ақ киізге көтерген төрт қазак руын (кият, найман, керей, меркіт) өзіне жақын тартқан. Өз мемлекетін төрт ұлына бөлгендеге Орда құру үшін Жошы ханға ол екі найман руын — Бағаналы мен Балталыны береді. Осы мәселе туралы Бұқар жырау:³

Бағаналы Орда, басты Орда
Байсал Орда қонған жүрт,—

деп жырлайды.

Кейін Бату хан ұлы мемлекеттің билеушісі болған соң да Бату Сарайынан (Астрахан облысы Селитреновское селосы) Ұлытауға келіп тұруды үнатқан, осы жер оның жайлауы болған. Бату Сарайына қайтып бара жатқан жолында ол қатты сүйк тиіп, қайтыс болған. Өз өсіеті бойынша ол Ұлытау — Ақкөл — Торғай облысы — Сарайшық әкелініп, «Бату қорғаны» деген жерге жерленген. Ұлы Ұлыстағы жер былай бөлінген. Қияттарға Волгоград, Саратов және Ростов облыстары, Еділ мен Дон өзенінің бойы берілген. Қазіргі Ставрополь өлкесін маңыт руласы — ембайлық, едисен, едішкөл, бұршак жайласа, бесінші ірі маңыт руы барлас Бұхара мен Самарқан аудандарына коныстанған. Осы рудан Ақсак Темір шыққан. Ал жоғарыдағы төрт рудан біраз қазақ руласының (қышшак, керей т. б.) қатысымен Ногай Ордасы құрылған. Оның басшысы Едіге би енбайлық руынан. Нақ осы Едігенің сатқындығынан Торқа елді мекенінде Дағыстандағы Терек және Сулақ өзендерінің бойында Тоқтамыс хан Ақсак Темірден женилген. Сол женілістен соң бозекпе хансымақтың атынан Едіге Ұлы Ұлысты он жылдан астам билеген.

¹ Өтеміс қажы. Аталған енбек. 32-бет.

² Козин С. А. Сокровенное сказание. 139, 457-беттер.

³ Бес ғасыр жырлайды. А., «Жазушы» 1989., 82-бет.

Осы тұста Ногай Ордасындағы әдеби шығармалар мен ногайлар тарихына тоқтала кеткенді және көрдік. Өйткені қазақ мемлекеті мен қазақ халқының тарихын зерттеуде ногайлардың әдеби шығармалары маңызды рөл атқарады. Себебі ногай және қазақ жыр-дастандары егіздің сыңарындағы үқсас. «Қарайдар мен қызыл гүл», «Бозжігіт», «Шора батыр», «Едіге»— эпикалық жырлар халық арасында кең тараған... Ноғай халқының өлең, жырлары қазақ ауыз әдебиетімен үндес, тубірлес¹,— деп жазылған бұл туралы Қазақ совет энциклопедиясында.

Қазақ әдебиетінде ногайлардан басқа ногайлы дегендер де кездесді. Бұлар кімдер өзі? Тарих ғылымы ногайлардың тарихы мен фольклорына мейлінше көп тоқталса да ногай мен ногайлы бірдей халық деп санап, оған көніл бөлмейді. Шынында бұл екеуі мұлдем белек халықтар. Ноғайлардың әдеби мұралары жөнінде КСЭ-да: «14—16-дағы ногайлы аталған тайпалардың әдебиеті²,— деп, арнайы бөліп жазылған. Ұлы Ұлыс 1480 жылы, яғни 15 ғасырдың аяғында құлағаны мәлім. Ноғайлар туралы орыстың да тарихи әдебиеттерінде «Большая Ногайская Орда», «Маленькая Ногайская Орда» деп жазылған. Қазақша қате аударылып, сол бізде «Улкен Ноғайлы», «Кіші Ноғайлы» делініп жүр. «Ноғайлы. Улкен Ноғайлы, Кіші Ноғайлы — Алтын Орда құлағаннан кейін ногайлар күрган феодалдық мемлекеттер»³,— деп жазылған энциклопедияда. Қателік осы жерде. Егер Ноғайлы болса, онда ногайлар емес, ногайлар күрган мемлекеттер болмай ма?

Жоғарыда энциклопедиядан келтірғен үзінділерде тағы бір сәйкесіздік бар. Мәселен, Ұлы Ұлыс XV ғасырдың сонында 1480 жылы құлаған, ал ногайлы аталған тайпалар әдебиеті XIV—XVI ғасырларда, яғни 180 жыл бұрын қалыптасады. Көпжылдық зерттеуіміз бізге ногайлы — Ұлы Ұлыс халықтарының жалпы атауы, ал ногай — соның бір гана бөлігі деген қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді. Бұған тек ногайлы телініп келген, шындығында ногай және қазақ халықтарына ортақ фольклор мен әдеби ескерткіштерді оқысаңыз көз жеткізесіз. Ендеше ногай және қазақ тарихи тағдырдан бір-бірінен

¹КСЭ. 8-том., 1976, 392-бет.

²Бұл да сонда. 394-бет.

³Сонда. 393-бет.

айырылуға мәжбүр болған Ұлы Ұлыстың үлкен халқы — ногайлының құрамдас бөліктері деген байlam жасауға негіз бар. Ноғайлардан қалған әдеби ескерткіштердің барлығы Ноғай Ордасы құрылмай түрғанда дүниеге келген. Олар «Ер Тестік», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» сияқты ертегі-аңыздар, «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ — Мамай» іспепті әпостық жырлар¹. Бұлардың барлығы — қазақ және ногай халықтарына ортақ дүниелер. Тілі, дәстүрі, болмысы бір қазақтар мен ногайлар 1480 жылы Ұлы Ұлыс ыдыраған соң екіге белінеді. Ноғай Ордасының іргесі Едіге (1352—1419)² кезінде қаланыш, оны ұлы Нұридиннің кезінде 1428—40 жылдары толығымен қалыптасады. Ендеше Ноғай Ордасы ногайларының бір белігі гана. Мұны Ұлы Ұлыстың кезінде әмір сүрген Шалқиіз жырау Тіленшүлінің³ мына жолдарын оқығанда айқын аңғаруға болады:

Темір еді биіміз,
Теніз еді халқымыз,
Тебірлерге қалғанда
Тенсeler сойды ауыр ногай жұртыңыз!
Соқса бір жілік сындыраған,
Кек қоянның қос құлағын тұндыраған,
Көгіллірдің жез қанатын сындыраған⁴.

Біздінше, кітапта «ноғай жұртыңыз» деген тіркес қате басылған. Сондықтан Ноғай Ордасы XIII ғасырда әмір сүрген Жошы ханының шебересі, Ұлы Ұлыстың батыры Ноғайдың атымен аталды⁵ деген болжам да қате, Шалқиіз жыраудың сөзіне қарасақ, Ноғай Ордасындағы халық саны ең молайған, гулденген кезінің өзінде 80—100 мындан аспаған, ендеше олар қалай

¹Бұл да сонда. 394-бет.

²КСЭ. 4-том., 1974, 105-бет.

³КСЭ. 8-том., 1976, 394-бет.

⁴Қазақ Хандығы дәуіріндегі әдебиет. Құрастырып, алғысөзін, әміrbаяндых анықтамалар мен түсініктерді жазған — М. Мағаунин. А. «Ана тілі» 1993., 27-бет.

⁵КСЭ. 4-том., 1974, 105-бет; 8-том., 1976, 392-бет.

ғана «төніздей» болсын? Ал соншалық көп батыры болған Ногайлының кішкене болуы мүмкін емес. Сондай-ақ жоғарыда аталған әдеби ескерткіштердегі көптеген оқиғалар Нұритдиннің кезінде құрылыш бітті дейтін (КСЭ) Ногай Ордасы құрылғаннан көп бұрын болған.

Ендеше ногайлы деген халық қайдан шықты? Біздінше, ногайлы деген атаудың түп-төркіні Шыңғыс ханға апарады. Қият, найман, керей, меркіт деген төрт тайпаны біріктірген Шыңғыс хан осы біріккен халықты қалай атауды білмей басы қатады. Әрбір тайпа оған әскер, қол берген. Сондықтан ол бұдан кейін өзіне қосылатын арғын, қышшак, үйсін, жалайыр, қоңырат, маңғыт, дұлат және тағы басқа ру-тайпаларды есепке ала отырып өзі біріктірген халықтарды «мың қол» деп атаған. Монгол сөзінің «мың қол» дегеннен шыққаны казак тарихшыларының (оның ішінде И. Қабышұлы да бар) кейінгі зерттеулерінен айқындалып отыр. Ол сөз кейіннен фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мұнғыл тілінде бұл атаудың мән-мағынасын аштындағы сөз жок.

Еуразия континентінде аса үлкен мемлекет құрған Бату хан да өз халқына қандай ат беруді көп ойланады. Бату ханының сүйікті жиені, Ұлы Ұлыстың батыры Ногай батыр еді. Ендеше өзінің сүйікті жиені Ногай батырдың атын өзі біріктірген халыққа Бату ханының беруі занды құбылыс. Ал «Ногайлы» деген сөз Ногай сияқты батырлар деген ұғымды берсе керек. Сондықтан қазак халқының тарихы былай тарауы қажет: мыңқол — ногайлы — казак.

Ал қазактар қалдышып кеткен орынға көшіп келген халықтар яғни қазіргі мұнғылдар өз-өзінен «монгол» атандып кеткен.



Қазақ жүздері

Әлемдік тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, мемлекет әлдекандай себептерден әлсіреген кезде ондағылардың орталықтан алшактау тенденциясы пайда болады. Елдегі күштердің барлығы

да мүмкіндігінше тезірек орталықтың билігінен құтылып, тезірек төүелсіздік алыш, өз мәселелерін өз бетінше шешуге ұмтылады. Ондай мемлекеттерде сепаратизм етек алады да, соның нәтижесінде мемлекет құйрейді. Оның орнына жана мемлекеттік құрылымдар пайда болады. Бірнеше бөлікке бөленген мемлекеттің орнына құрылғандар көрші күшті мемлекеттің оңай олжасына айналады. Мұндай даму кезеңінде Ұлы Ұлыс (Алтын Орда), Ногай Ордасы, Қазақ Хандығы, Ақсак Темір ұрпақтарының өте күшті мемлекеттері — барлығы да бастан кешті.

Қазақ мемлекетінің қүйреуі оны орталықтағы биліктен іс жүзінде дербес деуге болатын мемлекеттік құрылымдарға — Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзге — бөлгөн кезден басталған еді. Әрбір жүздің өз ханы, биі болғандықтан olandың іс жүзінде дербес болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Әрбір жүздің ханы өз жүзіндегі мәселелерді орталықтан рұксат сұрамай-ак өздігінше шешті. Қазақ жүздерінің пәлендей тарихи та-мыры жок, олар XVII ғасырда онашалану кезінде пайда болған. Жүздер пайда болған соң Қазақ Ордасындағы орталық биліктің күші ең төменгі деңгейге дейін әлсіреді, орталық билік тек сөз жүзінде қалып, мемлекетті басқару мүмкін болмай қалды. Жеке өзінің билігі үшін ғана күрес жүргізген сепаратистер, үш жүздің хандары мен билері, өз жүзін, дербес билігін негіздеуге ғана ұмтылып, орталық билікті одан әрмен әлсірете берді. Мұны көрші Ресей мемлекеті ұтымды пайдаланады. Оның саясаты жүздерді бір-біріне қарсы қою арқылы бірте-бірте Қазақ Хандығының территориясына сұғыну, оны онтустікке қарай ығыстыру, Жонғар мемлекетін қаруландыру арқылы Қазақ Хандығының территориясына олардың басып кіруін үйимдастыру, сөйтіл екінші майдан ашу, ен соңында күшті де біртұтас мемлекетті жер бетінен жойып жіберу болатын.

1939 жылы бұрынғы КСРО Ғылым Академиясының тарих және философия бөлімінің үйімдастыруымен өткен ғылыми конференциялардың бірінде сөйлеген сөзінде академик Б. Д. Греков бұл жөнінде айтқан еді. Ол Қазақ Хандығы үш бөлікке бөлінгенін, олардың әрқайсысы «жүз» деп аталатынын, осының нәтижесінде орталық биліктің әлсірегенін, будан кейін қазақ

мемлекеті көп өмір сүрмейтінін Орынбордан жіберілген мәліметтерде бар екенін және ол архивтерде сакталғанын айтқан еді.

Б. Д. Греков — кеңес заманындағы аса ірі тарихшы, ол А. Ю. Якубовскиймен бірлесе отырып Ұлы Ұлыстың тарихы және оның жеріндегі Қазақ Хандығының құрылуды жөнінде ғылымға кеңінен танымал еңбектер жазған еді. Осындаи деректерден соң жүздер Қазақ Хандығындағы сепаратистік қозғалыстардың нәтижесінде пайда болды деген байlamға қарсы дау айтуға бола ма?

Бұл жөнінде А. И. Левшин: «Мы говорим здесь о разделении Казахского народа на три орды... Будто бы один из сильных казахских ханов разделил весь свой народ между тремя сыновьями... и соседние народы не замедлили воспользоваться онами... С запада начали нападать волжские калмыки, с севера сибирские казаки... Страшнее всех были с востока зюнгары (Джунгары – К. Д.)», – дейді А. И. Левшин¹.

Қазақ мемлекетіндегі бұл тарихи оқиғалардың салдары баршаға мәлім. Бұл сепаратистер өлсіреткен Қазақ мемлекетінің өз территориясына басып кірген Жонгариямен қырғын соғысы, Ресейдің бірте-бірте Қазақ Хандығын жойып жіберіп, өз отарына айналдыруы. Ал Ресей қазақ халқын жер бетінен жойылып кетуден сақтап қалды деген байlam — отарлық мифтердің бірі. Өйткені Жонгар мемлекеті Қытай және қазақ әскерлерінің екі жақты соққысынан 1755—1756 жылдары күйрекен еді. Ал Қазақстанды патшалық Ресейдің толықтай басып алуы XIX ғасырдың екінші жартысы.

Батыс ғалымдарының жазуынша, Африканың жастары Еуропа елдері мен АҚШ-тан университет тәмамдайды да, өз елдеріне еуропалық және америкалық дипломмен оралады. Өз еліне келген соң бұл жастар бірте-бірте тройболистерге айналды және мемлекетті тұтастай емес, өз тайпаларын ғана көре бастайды. Ангола, Бурунди, Сомали, Мозамбик жастарының мұндай қылыштарының түпкі нәтижесі қасіретті.

Осыған үқсас жағдай қазіргі тәуелсіз Қазақстанның басында

¹А. И. Левшин. Аталған еңбек, 165-бет.

да бар. Жекеленген өркөкірек адамдар қайта құрылған қазақ мемлекетінің өте ауыр отарлық езгіден қалған салдарлар сипатындағы мәселелерін қара бастарының қамы үшін пайдалануға тырысады. Соның бір айғағы — тұтастай қазақ халқының арнамысы үшін емес, дербес билігі үшін күрес жүргізген жекеленген жүздің хандары мен билерін мадақтау әрекеті. Ондай адамдар осы арқылы қазақ халқының жүзге бөлінуінің қалмайтындығын, тарихилығын көшпілік санаасына сініре түскісі келетіндей.

Сепаратизмнен кезінде еуропалық ірі-ірі мемлекеттер де қашып құтыла алмаған. Оның мысалы аз емес.

Қазақ мемлекеті үш жүз құрылған соң біраз уақыт өмір сүргенімен бұл мемлекетте күшті орталық билік өлсіреп, оны басқару киынға айналды. Қазіргі кездегі өсіреле интеллигенцияның арасында жасырын сипатта сакталып отырган жүзшілдік, яғни сепаратистік қазақ халқының, оның мемлекетінің шынайы тарихын жазуға кедергі келтіріп отыр. Жүзшілдіктің қазақ халқына ең көп қасірет өкелген кезі – жоңғар шапқыншылығы кезеңі.

1731 жылы қазан айында Кіші жүз ханы Өбілқайыр Кіші жүздің Ресей құрамына кіретіні жөнінде шартқа қол қойды¹. «Под стягом России» деп аталатын архив құжаттары жинағындағы дата мен мазмұн басқаша². Мәселен, бұл құжатта мынадай даталар келтірлген:

1730 жыл, 8 қыркүйек. Кіші жүз ханы Өбілқайырдың императрица Анна Иоановнага өзіне қарасты халқымен бірге Ресейдің қол астына қабылдау жөніндегі етініш хаты.

1731 жыл, 19 акпан. Императрица Анна Иоановнаның Өбілқайыр ханға және барлық қазақ халқына олардың Ресей бодандығына қабылданғандығы туралы грамотасы.

Грамотада Өбілқайыр сұрағандай тек Кіші жүз ғана емес, барлық қазақ халқы Ресей бодандығына қабылданғандығы жөнінде айтылған. Оnda қазақ халқы өзірге қыргыз-қайсақ емес, қазақ деп аталғанын айта кету керек. Бұл сатқындықтың

¹КСЭ. 2-том, 14-бет.

²«Под стягом России» Архив құжаттарының жинағы. Москва. «Русская наука». 1992. 362—363-беттер.

күны осындай. Егер жонғарлармен соғыстың ең шиеленіскең тұсы 1742 жыл екенін ескерсек, сепаратист Әбілқайырдың казақ халқына қашшалық қырғын-апат өкелгенін тусінуге болады.

Қазақ мемлекеті Алтын Орданың күлдірау тарихын бастаң кешіп, соның жолымен ыдырады. Алтын Ордада алғашында сепаратистердің күшімен автономиялық мемлекеттер пайда болады — Қырым Хандығы, Қазан Хандығы, Астрахан Хандығы, Ноғай Ордасы, Қазақ Хандығы. Бұл Ұлы Ұлыстағы орталық биліктің әлсіреуіне әкеліп соқтырып, нәтижесінде 1480 жылы Ұлы Ұлыс толық ыдырайды. Бұл мемлекеттің ыдырауынан пайда болған ұсақ мемлекеттердің барлығы да көп ұзамай-ақ жойылып кеткенде Ұлы Ұлыстың тұрғын халқының 60 проценттейі құрамына кірген Қазақ Хандығының XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін өмір сүргенін атап өткен орынды. Ноғай Ордасы құлаған соң оның тұрғындарының 70 проценттейі Қазақ Хандығының құрамына сізіп кетті, ал Астрахан Хандығының 100 процентке жуығы қазақ арасын келіп паналады да, бірте-бірте қазақ халқының құрамына енді.

Сондықтан тарихтағы жекеленген ыңғайсыз жәйттерге қарастаң қазақ мемлекетінің өркениет деңгейіне сай, шынайы тарихын жазатын кез жетті. Тек сондай тарих қана қазақ халқының ұлттық санасының деңгейін көтеріп, оны шын мәніндегі гүлденген, өркениетті мемлекет құруға жетелейді.



Жошы ұлысындағы қияттардың рөлі

Ұлы Ұлыста қияттардың орны үлкен және оның тарихи тағдырында шешуші рөл атқарған. Жошы мемлекетіндегі (Ұлы Ұлыстағы) қияттардың рөлін мейлінше толық сипаттайтын бірнеше тарихи мәліметті көлтірейік. Алғашқы төрт мысал Өтеміс қажының «Шыңғыснаме» еңбегінен (А., «Ғылым», 1992):

1. «Смутное время в Золотой Орде началось с воцарения Бердебек хана (1357—1359). В его время Кият Мамай увел часть людей Золотой Орды в Крым, а Кият Тенгиз-Бука — к низовьям Сыр-Дарьи». 49-бет.

2. «Так Кият Исадай — это временщик¹ Узбека хана, известный как Иса-бек». 61-бет.

3. «В то время после Джанибек-хана над всем улысом (левого крыла) билем был Джир-Кутлу, сын кията Исадая». 61-бет.

4. «Затем (Тохтамыш оглан) выступил в поход и пошел на Кията Мамая. Пришел с большим войском навстречу и Мамай. Произошло жестокое сражение. Войско Мамая было разбито, а сам он был схвачен». 119-бет.

Қазақ халқының тарихымен, әдеби мұрасымен ете көп әрі жемісті еңбек еткендердің бірі — дәрігер Халел Досмұхамедов. Жыраулардың шығармаларын зерттей отырып, ол Шалгезден (Шалқиіз — Қ. Д.) мынадай мысал келтіреді:

Енді бірін кім десен —
Қырқадан қырқа қараган,
Қырық шалғысын тараған,
Қалмақтан акқан қара қан
адалға сайып жалаған,
Мың қызылбас кез келсе,
бір өзіне балаған,
Үсті бір кару қалталы,
Жалманы қарыс балталы,
Оның бір несін сұрайысын
ол кісінің ішінде
кияттан жалғыз аттанған
Айдынды Димас тағы бар².

Жошы Ұлысының құрылғанынан бастап оның күйрекенге дейінгі барлық тарихында және оның ішінен белініп шыққан қазақ мемлекетінің тарихындағы қияттардың рөлі туралы бұдан басқа да көптеген мысалдарды келтіруге болады. Әйтсе

¹Ханның ең сенімді көмекшісі.

²Х. Досмұхамедов, Аламан. А., «Ана тілі», 1991. 126-бет.

де жоғарыда келтірілген деректерді жеткілікті саңай отырып «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтірумен шектелеміз¹:

Қырық мың үйлі қияттан

Қырық мың әскер қол альш,

ақ қара бас ту альш,

Қызыл басқа жол салыш,

Көшірем деп Қазанды²

Бұл оқиға XV ғасырда болған. Қазақ халқы үшін сын сағаты соққан бұл кезеңде қияттардың саны 40 мың түтін, немесе 200 мың адам еді. Бұл үзінді қияттардың көп екенін және олардың мемлекет ісінде зор рөл атқарғанына айрак. Жырда қияттардың жасағы сарбаз емес, «әскер» деп аталады. Бұл — әскер сөзі қазақ тіліне сарбаз сөзінің орнына XX ғасырда енді деген жаңсақ пікірді жоққа шығарады. Тіпті бұл сөз қазақ тілінің құрамында Шыңғыс ханның кезінде (ол қият руынан ғой) кірген болуы мүмкін.

Әйтсе де егер біз Жошы Ұлысындағы қият Мамайдың қылған қылуеүтерін айтпай кетсек, біздің зерттеуіміз толық-қанды болмас еді. Мамай туралы әсіресе Ресей тарихнамасында көп жазылған. Орыстың ірі зерттеушісі Сергей Марков³: «Постепенно Мамай дослужился до чина темника — начальника над 10 тысячами клинков. Он достиг неслыханной власти, когда ему ничего не стоило посадить на трон нового хана, а через месяц прирезать его как овцу, чтобы возвести на царство другого потомка Чингиз хана. Сам Мамай никаким чингизидом не был и поэтому не мог рассчитывать на то, что его поднимут на белой кошме»,— деп жазады.

Қият Мамай қол жылы Мәскеуге аттанады. Бірақ қолбасылық дарыны болмаған соң, екі өзеннің ортасындағы тар қыспақта соғысады. Атты әскерлердің қымылына тарлық еткен осы Куликово даласында Жошы Ұлысынның әскері жеңіліс табады. Куликово даласында келе жаткан Литва билеушісін Мамайдың неге тоспай-ақ ұрысқа кіруі белгісіз күйінде қала берді.

Генуэздіктердің Мамай жорығына қатысуы жөнінде С. Марков былай дейді:⁴

¹«Қобыланды батыр» жыры. А., «Жазушы», 1968.

²Қазақ ғалымдарының зерттеуінде бұл Қазан қаласы емес, Ауғанстандағы Газна қаласы.

³С. Марков. Земной круг. Екинші басылымы. М., 1971 «Молодая гвардия». 116—121-беттер.

⁴С. Марков. Аталған еңбек. 121-бет.

«Но вот заблестели шлемы и металлические самострель: со стороны Дона двигались генуэзская пехота... Он был казнен на рыночной площади г. Каффа, там, где обычно выставляли на продажу рабов. Это произошло 28 ноября 1380 года».

Мамай Жошы ұлысынның ханы Тоқтамыстың бүйрығымен өлтіріледі. Ногайлар (Дағыстан) мен Қырым татарларының арасында бір аныз сакталған. Онда Мамайдың туыстары түнде оның сүйегін жасырын түрде қазып альш, Мамайдың өзі туған киіз үйдің орнына жерлейді. Бұл Берке Сарайынан (Царево селосы) 60 шақырым жерде. Оның үстін үлкен қорған басып қалған. Ногайлардың айтуынша бұл Волгоградтағы атақты Мамай қорғаны.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда қияттар Ұлы Ұлыста үлкен рөл атқарған. Бұл тарихи деректер мен әдеби шығармаларда қияттардың бірі ерлік көрсетсе, екіншісі көлен-келі жағымен көзге түскен. Ұлы мемлекеттердің өрлеу және құлдырау кезеңдерінде мұндай мысалдар көпtek кездеседі.



Дулаттар

Дулаттар алғаш рет Қытай деректерінде біздің заманымызға дейінгі II ғасырда үйсіндердің құрамында көзігеді. Олар — Үйсін тайпасын құрайтын руладың ен іріci¹. Академик В. Бартольд дулаттардың мекені туралы: «Үйсуні, а следовательно и дулаты кочевали на северо-запад от Тяньшаньских гор»², — деп жазады. Үйсін-дулаттар қазір де Тяньшань тауының солтустік-батысын, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын мекендейді.

Олар туралы Қазақ совет энциклопедиясында: «Дулаттар әр түрлі тарихи деректерде «дулу», «дуулуг», «далу», «далуг», «дог-

¹Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья.

²Бұл да сонда.

лат» түрінде көзігеді. Тұрік қағанатының құрылудында ең маңызды рөл атқарған руладың бірі — дулаттар. Академик С. Е. Маловтың зерттеуінше, Тұркі Қағанатының билеушісі Күлтегін қағанның басына қойылған құлпытастағы жазбада дулу руынан шықкан ағайынды Бұмын қаған мен Естеми қағанның есімдері көзігеді. Бұл рудың бір бөлігі ғұндарды құраған тайпалар одағына еніп, 434—453 жылдары Қосеми Моншак ханның ұлы Еділ патшаның (453 жылы қайтыс болған) басшылығымен жасалған Еуропаға жорыққа қатысады»¹, — деп жазылған.

Тянь-Шань тауларының айналасындағы көптеген жерлерде — Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстырында Қытай мен Қыргызстан территорияларында — дулаттардың рулық таңбасы көзігеді. «Тұркі халықтарының тарихында үлкен із қалдықтан, алғашқы Тұрік Қағанатының ең басты ұйымдастырушыларының бірі Естеми қаған өз ордасын қазіргі Кегенге жақын мандағы Құяс (ежелгі атауы) жеріне тіккен. Шамамен 676 жылды Естеми қаған өлген соң оның үлкен ұлы Жұрын хан болады. Ол қытайлар мен жонғарлардың Мәуреннахды басып алмақ ниеттегі әрекеттерін тыйып тастайды. Сұлу қағанның билігі кезінде дулулар үйсін одағын құрып, араб қолбасшысы Құтайба ибн Мұслимге тойтарыс береді. Сұлу қаған Құтайбаның Шаш (Ташкент), Ферғана, Өндіжан, Қоқан қалалары бағытындағы жылжуын 20 жыл бойы тоқтата алды. Сұлу ордасын Суяб (Сужан) қаласына тікті, 738 жылды қаза тапты»². Пәлендей үлкен маңызы жоқ тарихи фактілер мен оқиғаларды есептемегендеге академиктер Бартольд пен Маловтың еңбектерінде, «Тарихи Рашидиде», Қазақ совет энциклопедиясында дулат туралы деректер осымен тәмамдалады.

Осы жолдардың авторы ізденіс нәтижесінде дулаттардың Еуропа тарихындағы рөлі туралы дерек тапты. Мұндай деректер археолог, тарих ғылымының докторы, Ресейдің оңтүстігіндегі көршілері — дала көшпелілерінің ортағасырлық мәдениеті мен тарихы жөніндегі бірнеше монографиялардың авторы С. А. Плетневаның еңбектерінде көзігеді.

¹КСЭ. 4-том, 41-бет.

²КСЭ. 4-том, 41-бет.

Зерттеу жүргізудегі өзінің мақсаты туралы С. Плетнева: «стремилась дать картину жизни воюющих между собой племенных кочевнических союзов на территории восточной Европы их война с Византией, Ираном, Арабским халифатом» деп жазады. Галым еңбегінің ең маңызды тұстарының бірі дулу (дулат) руы жөнінде.

С. А. Плетневаның еңбекіндегі тәмендегі үзінділерге көніл аударайық:

«Вторая половина VI в. ознаменовалась созданием великой державы тюрков — каганата, возглавляемого одним из самых сильных тюркских родов — Ашина (Алышын)».

«Византийцам всегда было важно иметь в Причерноморье сильных союзников, так как без них власть над далекими от Константинополя крымскими провинциями становилась номинальной. Кубрат принадлежал к роду Дуло (Дулу), который в Тюркском каганате боролся за власть с правящим родом Ашина (Алышын)».

«Болгары под предводительством энергичного и талантливого хана Аспаруха оказали хазарам сопротивление, но Батбай (дулу) не поддержал».

Дулу мен Ашиндердің мәдениеті жөнінде айтқанда С. А. Плетнева былай деп жазады:

«В частности на Маяцком городище в настоящее время прочитены надписи следующего содержания: Ума и Ангуш наши имена. Элчи (Елші) и Ата-ач (Атапш) и Буха трое их, а на одном из характерных для кочевников сосудов на фляжке было написано: кумыс, наливая в это большое отверстие — пей»¹.

С. Плетнева еңбекіндегі осы мәліметтер Шығыс Еуропа тарихында Тұрік Қағанатының атқарған орнымен рөлі және қағаннатағы екі негізгі ру Дулат пен Алышының тарихы жөнінде терең зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Азиядағы XVI ғасыр оқиғаларының арасынан Фергананың бұрынғы билеушісі Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың Индияны жауладап алғаны көрнекті орын алады. Бабырдың серіктерінің бірі — Дулат руынан шықкан Мұхаммед Хайдар. Ол

¹С. А. Плетнева. Хазары. М., «Наука», 1976, 19, 21, 22-бб.

жөнінде М. Тынышбаев былай деп жазады: «Мухаммед Хайдар, автор «Тарихи Рашиди» происходит из рода Дулат и был курегеном (т. е. был женат на принцессе Чингизовой крови), приходился двоюродным братом Бабуру и Сейдхану (шагатаиду), принимал активное участие в их войнах против узбеков и казахов. Хайдар ушел в Лагор к Бабуру, затем овладел Кашмиром, присоединил Тибет и умер там независимым государем. Шестой предок Мухаммеда Хайдара знаменитый эмир Болатшы — Дулат, в 1348 году привез из Кульджинского района Токлык Тамира в район Иссык-Куля, где обитали Дулаты и провозгласил ханом Шагатаева улыса»¹.

Сондай-ак Дулат руынан Махмуд Жорас және Әмір Уәли деңгелі галымдар шыққан. Шагатай ұлсын оның ең соңғы хандарды Сейіт және оның ұлы Рашид билеген. Қоңтеген дулаттықтар олардың әскери қолбасшылары болған².

«Тарихи Рашиди» енбегі ең соңғы шағатайлық Рашид ханың тарихы жөнінде. Шагатай — Шыңғыс ханың Жошыдан кейінгі ұлы, оған әкесі Орта Азияны мұрагерлікке қалдырган. Рашидтің әкесі Сейіт, жоғарыда айтылғандай, Мұхаммед Хайдардың туған нағашысы еді. Мұхамед Хайдар әйгілі енбегін Кашмир мен Тибеттің дербес билеушісі болған кезде, яғни Орта Азия мен Қазақстандағы ірі оқиға, алыш мемлекет — Жошы Ұлсының ыдыраған соң 80—90 жылдан кейін жазған еді.



Арғындар

Қазак мемлекеті мен қазақ халқының тарихи тағдырындағы арғындардың орнын бағалау қын. Өйткені орта ғасырлардағы тарихи деректерде арғындар туралы ете аз айтылады.

¹М. Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925, 5-бет.

²КСЭ, 4-том, 41-бет.

Қазақ совет энциклопедиясында арғындарға ете жупыны мәліметтері бар жарты бет берілген¹. Онда арғындардың ғұндардан тарайтыны, қытай деректерінде ғұндардың бүкіл түркі халықтарының ата тегі ретінде қаастырылатыны, бұл пікірді В. Бартольд пен А. Бернштам да қолдайтыны айтылған. Сондай-ақ онда арғындардың шежіресі де беріледі. Бірак энциклопедияда арғындардың қазақ халқын құрайтын ең үлкен ру-тайпалардың бірі ретінде тарихи жолы мұлде көрсетілмейді. Шыңғыс хан, Ұлы Ұлыс, Қазақ Хандығы мемлекеттерінің құрылуы кезеңдеріндегі, яғни XIII—XVI ғасырлардағы тарихи оқиғаларға арғындардың қатысы мұлдем қаастырылмайды.

Біз танысқан барлық тарихи деректерде XIII—XV ғасырлардағы оқиғалардың негізгі арқауында қият, найман, керей, меркіт, жалайыр, қоңырат, маңғыт, татар ру-тайпалары кездеседі. Олар қазіргі Мұңғылияның аумағын мекендейп, Шыңғыс ханың басшылығымен тарихтағы алғашқы қазақ мемлекетін құруда белсенділік көрсеткен. Ешқашан да қазақ мемлекетінің құрамына енбегенімен татарлар осы мемлекетті қуруға қомақты ұлес қосып, Шыңғыс ханың, кейінірек Бату ханың әскерінің құрамында үнемі болып, олардың жорықтарына белсенділікпен қатысады.

Арғындар туралы мәліметтің аздығы олардың қазіргі Мұңғылияның аумағын (территориясын) мекендеңгендігінен және жоғарыда аталған қазақ ру-тайпалары қатысқан оқиғаларға қатыспағандығынан. Әйтсе де аталмыш ру-тайпаларды Шыңғыс хан 1217 жылы Мұңғылия аумағынан бастап шығып, қазіргі Қазақстан жеріне келгенде Алтайдан Еділге дейінгі кен Сахараны мекендейтін қыппак, дулат, үйсін, албан, суан, шапырашты, ошақты, алшындар сияқты арғындар да Шыңғыс хан мемлекетінің құрамына өз еркімен кіріп, оның бұдан кейінгі барлық жорықтарына қатысқан. Қазақ руладының ішінен Шыңғыс хан империясының құрамына тек қаньылар ғана енбей қалады. Олар Хорезмшахтар мемлекетін құруға қатысады. Шыңғыс хан әскерінің олармен қырғын соғыс жүргізгені тарихтан мәлім.

¹КСЭ, 1-том, 450-бет.

Шыңғыс хан мемлекетіне өз еркімен қосылған ру-тайпалар оның 170 мың әскерінің санын 350—400 мыңға дейін жеткізді. 1219 жылы Хорезмшах мемлекетімен соғыс басталар алдында оның әскерінің саны Хорезмшахтар әскерімен бірдей еді, ал атты әскерлерінің саны асып түсетін. Сондай-ақ бұл қазақ руладын тұратын ұлттық әскер еді де, ал хорезмшахтардің тұран және иран текстес түрлі ұлттардың өкілдерінен құралған болатын. Тарихшылардың басты қателігі сол — олар Шыңғыс хан Мұңғылиядан шыққан 170 мыңдық әскерімен хорезмшахтардың 400 мыңдық әскерін тас-талқан етті деп сандайды.

Арғындардың бұдан кейінгі тағдыры қазақ мемлекетімен оның гүлденген кезеңінде де (Шыңғыс хан империясы, Ұлы Ұлыс мемлекеті), әлсіреген кезеңінде де тығыз байланыста болады. Бұл ру көп санды болғандықтан қазақ халқының тарихында маңызды рөл атқарған. Олар Ұлы Ұлыс тарихына әсіресе Қазақ Хандығының қалыптасуы мен нығаюына ұлкен ықпал етеді. Арғындардың Мұхаммед Шайбани ханының әскерінің құрамында болып, Орта Азияны жаулап алуда белсенділік танытқаны қазірге дейін белгісіз болып келді. Өлемге әйгілі «Бабырнама» кітабындағы мәліметке қарағанда олар тілті Мұхаммед Шайбанидың ауган жорығына да қатысқан екен. Бұл туралы Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр былай деп жазады:

«Жаудың әскері екі жасаққа бөлінді: оның бірін Шах Шуджа Арғын басқарды, мұны бұдан былайғы жерде Шахбек деп атайдыз, екіншін оның інісі Арғын Мұқым басқарды. Бұл арғындардың адамдары алты-жеті мың қара болды, құрығанда төрт немесе бес мыңға тарта қарулы мықты жігіті болғаны даусыз¹. «Арғындар жағынан Халвача Тархан Қамбар Әли Тәнірбердімен су үстінде айқасты»². «Алты-жеті күннен кейін Насыр мырзаның нөкері Шайбани хан Қандағарды қоршап алды деген хабар жеткізді»³. Бабыр Темір үрпактары мемлекетінің күйрекеніне қатты күйзеледі: «Өзбектер мен Шайбани

¹Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама, А., «Ататек», 1993, 244-бет.

²Сонда. 245-бет.

³Сонда. 245-бет.

сияқты ата жауымыз, жат жүрт Темір бектің үрім-бұтағына қарайтын жерді жаулап алды»⁴.

Көптеген тарихи деректерге (оның ішінде «КСЭ»² де бар) қарағанда, X ғасырда Алтайдан Донға дейінгі аралықты қыпшактар мекендейген. Ендеши арғындар қазіргі қонысына қашан және қалай келген? Тіпті «арғын» сөзінің мән-мағынасы не? Көптеген тарихшылар оны «арғы ғұн» сөзінен таратады немесе Аргунь өзенінің атауымен байланыстырады. Мәселен, энциклопедияда бұл туралы: «Ақ-ғұн, аруғ-ғұн — екеуі бір мәнді сөз. Мұндай аттар ежелгі тайпалар арасында жиі кездеседі. Мәселен, аруг-тұқым, арут (арық) — тыным»³, — деп жазылған. Мұндағы айқын, даусыз нәрсе арғындардың шынында да Арғын өзенінің жағасын мекендейгені. Тек ру атауы өзен атынан емес, керісінше, өзеннің аты сол жерде арғындар тұрған соң қойылған болуы тиіс. Бұл сөздің түпторкінің «ғұн» деп аталған көшпелі тайпалардың мемлекеттік бірлестігімен байланысты қарастырмай анықтау мүмкін емес.

Қазіргі қазақ тілінде құн деген сөз бар. Бұл сөз реңми құжаттарда, зандарда, ғылыми әдебиеттерде кеңінен колданылады. Мысалы, құн заны, тенгенін құны, қосымша құн заны және тағы басқалар. Біздіңше, ғұн және құн — бір сөз (гүни — құнның европалық тілдердегі дыбысталуы болса керек). Ендеши қазақ тарихнамасында «ғұн» сөзін «құн» күйінде жазатын мезгіл жетті деп санаймыз. Өйтсе де халық атауы есебіндегі бұл сөздің мағынасы басқаша. Мұны қазақ тіліндегі бір сөздің бірнеше мағына беруімен түсіндіруге болады. Мысалы, қазақ тілінде «жат» түбірінен тарайтын әр түрлі мағыналы сөздер бар: жат — бөтен, басқа; жаттау — есте сақтау; жату — іс-әрекет атауы. Ендеши ежелгі түркі тілінде құн сөзінің де мынадай бірнеше мағынасы болуы мүмкін: құн (баға), төзімді, тұра алатын, қуатты. Онда ғұндар — төзімді, қуатты халық.

Ғұндар туралы ете көп тарихи деректер бар. Олар туралы Руперт Метьюз⁴ былай деп жазады:

¹Бұл да сонда. 295-бет.

²КСЭ. 7-том, 102-бет.

³Бұл да сонда. 102-бет.

⁴Руперт Метьюз. Страны мира. Завоеватели. «КУБК» фирмасының баспасы. 1995.

«Гүндар Кіндік Азиядан (қазіргі Қазақстан аумағы — К. Д.) келді және қазіргі Венгрияның (қыпшақтардың бір тармағы мадьярлар — К. Д.) аумағын тұрақтап қалды. Еділ патша қазіргі Ресей мен Грекияның оңтүстігінен бастап Францияға дейінгі жерді жауулап алды. Еділ Еуропаны да Азияны да тітіреткен жауынгер тайпаның (дұрысы — тайпалар бірлестігінің — К. Д.) королі еді. 452 жылы Еділ Италияға басып кіріп, көптеген қалаларды өзіне қаратты. Рим папасы I Лев оны Римді аяп, «мәңгілік қаланы» шашпауға көндірді».

Біздіңше, арғын сөзі арғы-ғұн немесе арұғ-ғұн сөздерінің бірігуінен жасалмаған. Бұл — дыбысталуы үқсас сөз тіркестеріне ыңғайластыру әрекетінен туған. Біздің пікірімізше, ол «ар» және «құн» сөздерінің бірігуінен жасалған. Арғындар ғұн әскерінің негізін қалағандықтан, арқұн (арлы құн) деген биік атақ берілген болса керек. Сөзбе-сөз мағынасы — «төзімді, табанды ар». Олар алшын, дулат, найман, қыпшақ, үйсін, шапырашты, керейіт, меркіт, жалайыр, қонырат, қият, оғыз тағы басқалардан құралған ғұн тайпалары бірлестігінде маңызды рөл атқарғаны даусыз. Аталған ру-тайпалар бұдан кейінгі көп гасырлық тарихта кейде өзара бөлінсе де тарихи тамыры бір болғандықтан Шыңғыс хан, Ұлы Ұлыс, Қазак Хандығы мемлекеттері кезінде олар қайтадан бірігіп отырған. Бұл арада қазақ ру-тайпаларының арасында ешқашан да руаралық соғыс болмағанын атап өткеніміз жөн.

Біздің заманымыздың басындағы арғындардың мекендеген жері Арғын өзенінің жағалауы, Арғын өзенінен Алтайға дейінгі Байкал көлінің оңтүстік жағалауымен өтетін қазіргі Транссібір магистралының ұзына бойындағы кең-байтақ аумақ және Транссібір магистралынан Байкал-Амур магистралына дейінгі аумақ деп есептеген жөн. Мұндай байламға келуімізге бірнеше себеп бар. Ресей мен Қытай империялары 300 жылдан астам уақыт отарлағанына қарамастан осы өлкедегі жағырапиялық атаулар біраз фонетикалық өзгеріске ұшырағанымен қазақша нұсқасын сақтап қалған. Ондай жер-су атаулары мыналар: Байкал — Бай-көл, Енесай — Ана-су, Амур — (Өмір), Ангара (Аң+қара) тағы басқалар. Аңқара сөзінің мағынасы — «аң мол жер». Аң — жабайы хайуан, қара — ежелгі түркі тілінде

мол, көп (ну орман — қара орман, қара жол — үлкен жол т.б.) Лена — Лан. Өзенге мұндай ат оған кішкене өзен-бұлактардың көп қосылуынан, сөйтіп жиі-жиі арнасынан шығып кетуінен берілсе керек. Колыма (Колым), Зея (Зія немесе Зая). Бұл тізімді бұдан өрі де соза беруге болады. Бірақ біз осы келтірілгендердің өзін жеткілікті санадық. Жалпы Батыс және Шығыс Сібірдің XX ғасырдың басындағы картасына көз салар болсаныз (Ол Том қаласында бар) ондай мысалды көптен табасыз.

Тілті 70-жылдары салына бастаған БАМ темір жолындағы ірі бекеттердің (станциялар) өзінің атауы қазақша: Тында (Тыңда), Чара (Шара немесе Шар), Тайшет (Тайшет) және тағы басқалар. Батыс Сібірде: Кемерово (Кемер), Обь («Оп», «опша», «обу» сөздері). Обь өзенінің салалары — Катунь (Қатын), Бия (Би), Томь (Том), Чулым, Кеть (Кет), Тым.

Сондай-ақ Сібір атауының өзі түркі тілінде. Суб-иер — сулы жер. Суб — су, иер — Жер. Тұбірі дәл осындай дыбысталатын сөздер түркі халықтарының кейбірінде қазірге дейін сол күйі сақталған. Мұны XIX ғасырдағы Ресей ғалымдарының өздері де айтқан еді.

Арғын өзенінен Днепрге дейінгі кең байтақ аумакты ежелден бері қарай арғын және қыпшақ тайпалары мекендеген. Егер Қазақстандағы кеңес империясы тұсындағы өзгертуге дейінгі жер-су аттары мен Сібір және Қыыр Шығыстағы географиялық атауларды салыстыра қалсаныз үқсас не бірдей атауларды көпtek кездестіресіз. Мысалы, Шар өзені Сібірде де Семей облысында да бар. Шет ауданы Қарағанды облысында бар. Ал БАМ-да — Тайшет. Мұның барлығы арғындардың көптең жылдар бойы (ғасырлар бойы болуы да мүмкін) Арғын өзенінен Ресейге қарасты Алтай өлкесіне, одан Қазақстанға бірте-бірте көшіп отырғанына, жол-жөнекей өздері қоныстанған жерлерге ат койғанына айғақ болса керек.


Өуелі саха (якут) халқы тарихтың күрделі кезеңінде Сібірге кетіп, тілін жергілікті халықтардың диалектісімен шұбарлап, бұзып алған арғын тайпасының бір руы болуы мүмкін деп болжам жасауға болады. Сахалардың түрмисында ежелгі қазақтармен көп үқсастығының болуының өзі осындай болжам жа-

сауға мүмкіндік береді. Мәселен, сахалар негізінен қазакқа ғана тән қазы, қарта, қымыз іспетті тағамдар даярлайды.

Көптеген тарихи шығармаларда Алтай тауының атауы түркі тіліндегі «алты ай» сөздерінің бірігүйнен шыққан делінеді: осы тауды толық айналып шығу үшін салт аттыға кемінде алты ай уақыт керек көрінеді. Атау осы ұғымның негізінде қойылыпты. Біз тауды атпен айналып шығу үшін алты ай уақыт кететінін теріске шығармаймыз. Әйтсе де бұл атау басқа да бір себепшен берілуі мүмкін фой. Мысалы, осы тауда аргындардың өте үлкен, бай әрі ықпалды руы алтайлар тұрған. Қазақтардың арасында «Аргын болсан, алтай бол» деген қанатты сөз күні бүгінге дейін айтылады. Ендеше таудың атын аргындар қоюы да мүмкін деген болжам жасауга негіз бар. Жалпы аргындарда таудың кісі есімімен аталуына мысал жетерлік. Мысалы, Ерейментау Ерейменнің есімімен, Баянауыл тауы Баян есімімен, Шыңғыстау Шыңғыс хан есімімен аталған. Мұндай әдет қазақтың басқа рұтайшаларында кездеспейді. Бұл жерде Алтай тауына тек бір кісінің есімі ғана емес, тарихы ғасырлар тереңіне кететін бүкіл бір рудың (немесе ру тармағының) есімі берілген.

Қазіргі Семей облысы, Абай ауданының территориясында, Ертіс өзенінің жағасында (Курчатов қаласы тұрған жерде) Шыңғыс ханның ордасы болған¹. Оның ордасы қайда болса, сол жерді кият руының Шыңғыс ханның өзі шыққан бір тармағы мекендеген. Оларға көп артықшылық беріліп, мемлекетті билеуге үнемі қатыстырылып отырған. Аталған тармақтың адамдары Шыңғыс хан өлген соң, оның жерленген жерінен алыс кеткісі келмей, Ертіс жағалауында қалып қойған. Кият руының негізгі бөлігі Бату ханмен бірге Еділ жағалауына қоныс аударып, Ұлы Ұлыс мемлекеттің өмірінде маңызды рөл аткарған. Бату да, Шыңғыстың одан кейінгі үрпақтары да Шыңғыс ханды дүниеге өкелген кият руын ерекше құрметтеген. Кияттардың әлті Ертіс жағалауын мекендеген тармағы қалың аргынның ішінде жүріп олармен араласпай қалған жоқ. Қазақ халқында жекелеген рулардың өкілдері, тіпті тұтас рулар да басқа ірі рулардың арасында қалып, оларға сіңіп кеткеніне мысалдар

¹Кычанов. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. 2-басылымы. А., «Жазушы», 1992, 109-бет.





жетерлік. Мәселен, бір кезде жеке мемлекеті болған меркіттер кейіннен керей руының құрамына еніп кетсе, керейттердің (ке-рейлердің алғашқы атауы — керейт) бір бөлігі Кіші жүздің ішіне сіңіп кеткен. Осында дәлел-мысалдардан соң аргынның ішіндегі тобықты жоғарыда айтылған қияттардың Ертіс жағалауында қалып қойған тармағы болуы мүмкін деген жорамал жасауға болады. Бұл болжамымызды аргынның негізгі белігінің менталитетінен тобықтының менталитетінің айырмашылығы болуы бекіте түскендей. Ұлы Абайдың:

Аргын, найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне,—

деген өлең жолдарындағы мегзеу де бекерден бекер айтылмаса керек.

Сөз соңында атом полигонына Семей облысының Абай ауданы неге таңдал алынғаны жөніндегі жорамалымызды айта кеткенді жөн санадық. Атомшы ғалымдар бұл жерге полигон салуғылымға да, қысынға да сыймайтынын дәлелдеді. Ол түрғын халқы аз мекенге салынуы тиіс еді. Ал Семей полигоны халқы тығызы орналасқан уш ірі аймақтың түйіскең жерінде. Олар — Алтай өлкесі, Павлодар облысы, Семей облысы. Қазіргі кезде Рубцовск қаласы мен Алтай өлкесінің басқа да аудандары Семей полигонынан Абай, Шұбартай аудандарының халқынан аз зардал шегіп жатқан жок. Сталин мен Берия осы жерде Шыңғыс ханның тұқымдары тығызы орналасқанын білген соң, сол жерді таңдал алған жоқ па екен деген ой келеді. Қазақстан тарихына көз жіберсек, Сталин мен Берияның қазақ халқын жер бетінен толықтай құртып жібере алмаған күннің өзінде 1932 жылы қолдан жасалған аштық, Қазақстанның күғындағы халықтарды жер аударатын және ядролық сынаптар еткізетін орын жасау арқылы қазақтың санын олар планетадағы көп санды халықтардың қатарына қосыла алмастай қылыш азайтуға күш салғаны айқын байқалады.



Наймандар мен керейттер (кереілдер)

Өлемдік және бұрынғы одақтық тарихнамада Шыңғыс хан мұнғыл, оның жорығы мұнғылдар жорығы делініп келді. Шыңғыс хан мұнғыл емес, қият деген қазақ руынан шыққан дыбын, ал қияттардың жүздеген жылдар бойы Еділ жағалауын мекендегендігін бұдан бұрынғы еңбектерімізде талай рет дәлелдегендіктен енді бұл мәселені төптіштей беруді артық са-наймыз.

Ал Шыңғыс ханның Батыс елдері мен Қытайға мұнғылдарды бастап барғандығы туралы санада орнығып қалған көзқарас мәселесі басқа әңгіме. Шыңғыс хан жорығына бірде-бір мұнғыл руы қатыспаған соң алғашында оның әскерінің негізгі бөлігін құраган наймандар мен керейттер тарихта мұнғыл ру-тайпалары деп танылған. Бұл тарихты бұрмалау ғана емес, қазақ халқының мұддесіне нұқсан келтіріп, корлау болып табылады. Аталған руларды мұнғылдық деп тану қазақтың өткен тарихына шек келтіру деген сөз. Бұл байламға сенсек, мың, екі мың жылдан астам тарихы бар ру-тайпалардан құралған халықтың өткен тарихы жоқ, көктен салбырап түскендей болып шыға келеді.

Диалектика заны бойынша, тіршілік қарапайымнан күрделіге, төменинен жоғарыға қарай дамиды. Сол сияқты бұл ру-тайпалардың да жекеленген рулары, рулық тармақтары бар. Қазақ шежіресі бойынша, наймандар үш ірі атаға (рулық бірлестіктерге) бөлінеді: Терістаңбалы, Сарыжомарт (Ергенекті), Төлегетай. Терістаңбалы іштей — Мәмбет, Рысқұлға; Сарыжомарт — Балталы, Бағаналы, Қекжарлы, Бура, Қаратайға; Төлегетай — Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуылға бөлінеді. Наймандардың әскери жорықтағы ұраны — Қаптағай. Біз билетін батырлары — Қаптағай, Қабанбай, Еспенбет, Бөрбай, Шақантай, Шыңғожа т. б. Қөріп отырғанымыздай, найманды құрайтын рулардың, ру тармақтарының атаулары да, елге танымал батыр-білерінің есімдері де түгелдей қазақша, мұнғылдың ісі де жоқ.

Енді наймандардың тасқа басылған тарихына оралайық. XII ғасырда наймандар қазіргі Шығыс Қазақстан облысы мен Батыс Мұңғылияны (Орхон өзеніне дейін) мекендереген. Білгі хан қайтыс болған соң, Найман Хандығы іс жүзінде екіге бөлінеді. Бірін бірі мойындағы, өзара қырқысқан Білгі ханның екі ұлы Бүйрек пен Таң жандар мемлекетті екіге бөліп басқарады. Осындаі себептермен әлсіреген хандықты темірдей тәртіп пен күшті биліктің әсерінен күн сайын күшейіп, нығая түскен Шыңғыс хан әскері басқа мемлекеттер, әсіресе Керей мемлекетінің билеушісі Уан ханмен одактаса шабуылдаудың нәтижесінде бағындырып алады.

Наймандардың мұнғыл емес, түркі тілді болғаны жөніндегі деректі тарихшы Александр Қадырбаев келтіреді. Ол тарихи деректерге сүйене отырып: «XII ғасырдағы найман ұлысында іс-қағаздары жүргізілген. Ол түрк жазуымен жазыльшты, ал күжаттар ханның «алтын» мөрімен таңбаланған»¹, — деп жазады.

Ұлы Ұлыста наймандардың беделі жоғары болған. Мемлекет ыдырағаннан кейін бірнеше ғасыр өткен соң бұл жөнінде Бұқар жырау былай деп жырлайды:

Бағаналы² орда — бас орда
Байсал орда конған жүрт...
Көрікті ханым түскен жүрт³.

Найманның ішпіндегі садыр руының Фергана жазығына көшіп кетуінің шын себебі белгісіз. Оны анықтау ендігі мүмкін де емес шығар. Әйтеуір осы оқиға жөнінде Бұқар жырау былай дейді:

Садыр кайда барасын,
Сарысуды кобелеп:
Сен қашсан да мен қойман
арғымағым жебелеп,
енді алдыңнан шығайын⁴.

¹«Қазақ тарихы» журналы № 2, 1994 ж., 27-бет.

²Бағаналы — наймандардың бір тармагы. Оларды Шыңғыс хан өз ұлы Жошыға Ұлыста құру үшін берген.

³Бес ғасыр жырлайды. А., «Жазушы», 1989, 87-бет.

⁴Бұл да сонда. 95-бет.

Жалпы Найман Хандығы туралы тарихшылардың деректерінде көп жазылғандақтан оның бәрін қайталап жатуды артық санадық. Ол хандық 1218 жылы өмір суруін тоқтатады.

Керейттің (керей) қазақ руы екенін дәлелдеу оп-оңай. Ол «кер» түбірі мен «-айт» жұрнағынан құралған. Орта ғасырлардағы кісі, жер-су аттарында «кер» сөзі жіп кездеседі. Мәселен, «Керөғұлы» эпосы, Кербұлак өзені (Жамбыл облысындағы Шу өзенінің бір саласы), Керулен (Көр өлең)— Мұнғылия мен Қытай территориясын басып өтетін өзен, Кербұлак ауданы (Талдықорған облысы). Ал -«айт», «-айт» қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтар. Бұл жұрнақтардың көмегімен қазақ тілінде бүйрек райлы етістіктер (сөздер) жасалады. Мысалы, «аз-айт», «мол-айт», «көб-айт», «кең-айт», «тар-айт» т. б. Ендеше керейт сөзі таза қазақ сөзі. Бұл пікірмен қазақ тілінің зандастықтарын билетін әрбір адам келісуге тиіс.

Шыңғыс хан алғашында Керейт мемлекетінің билеушісі Уан ханың қол астында соғысады. Кейіннен ол күшеп алған соң 1201—1202 жылдары Керейт мемлекетін талқандайды. Осы кезден бастап бұл тайпа керейт және керейлер болып екіге бөлінеді. Керейлер ашамайлы керейлер және абақ керейлер болып бөлінеді. Абақ керейлер Мұнғылиядада және ҚХР-дың Іле қазақ автономиялы ауданында тұрады. Ашамайлы керейлер Солтүстік Қазақстан облысын және Шыңғыс Қазақстан облысының Зайсан ауданын мекендейді. Ал керейлердің 15 проценттейін құрайтын керейттер негізінен Қызылорда облысын мекендейді. Олардың арасында да ашамайлы деген ру бар. Бұл факт де екеуінің түп атасы бір екеніне, XII—XIII ғасырлардағы Керейттер Хандығы осы керейлердің мемлекеті екендігіне дәлел болса керек. Бірақ қазақтар үш жүзге бөлінгенде, керейттер Кіші жүзге, керейлер Орта жүзге қосылып кете барған.

Қазіргі Қазақстан жеріндегі ру-тайпаларды өзіне қаратқанға дейінгі Шыңғыс хан әскерінің басым көпшілігін наймандар мен керейттер (керейттер құрамына меркіттер де енген) құраган. Сондықтан осы екі тайпаны мұнғылдық деп атамаса, Шыңғыс хан жорығын мұнғыл халқының жорығы деп атау мүмкін емес еді.

Енді керейттердің есіміне көніл бұрайық: Керейттердің ру тармақтары — ашамайлы, абақ, едік, жартай, сайшак, арбалы, ержак, жастабақ, жайқөз, сарман, қонақбай — тұтастай қазаша, ортасында бір де бір мұнғыл есімі жок. Олардың ұрандары да түгелдей қазақ тілінде: ақсақал, ошыбай және ашамай. Ертедегі «аксақал!» ұраны тек қызылордалық керейттерде ғана сақталған, ал керейлерде «ошыбай!» және «ашамай!» деген жаңа ұрандар пайда болған.

Барлық найман руладының аттары қазақша болса да, «найман» сөзінің қай тілге тиесілі екені даулы мәселеге айналғаны несі? Біздіңше, мұнғыл тілінде оған ұқсас, дыбысталуы жақын сөздер болса да ол мұнғыл сөзі емес. Өйткені жоғарыда дәлелдегеніміздей руды құрайтын ру тармактарындағы есімдердің бәрі қазақша. Сонымен қатар найман руы түркі халықтарының барлығының дерлік құрамына енген. Наймандар қырғыздарда да (сарыбағыш ру), өзбектер мен қарақалпактарда да, Қаптауындағы түркі халықтарының ішінде де кездеседі. Бірақ халхамонғолдар, чахарлар, торғауыттар, ойраттар, дүрбіттер, чорастар, хошемиуттар іспетті белгілі мұнғыл ру-тайпаларының бір де бірінде наймандардың мұнғылдық тамыры жоқтығын, тек түркілік тамыры барлығын дәлелдесе керек.

Наймандар таза қазақ руы болғанымен, олар мынадай екі түрлі тарихи оқиғадан соң басқа түркі халықтарының арасына сіңіп кетеді. Біріншісі — Найман Хандығы құлаған соң, Бүйрек ханға ерген наймандардың бір бөлігі Шыңғыс ханың қаһарынан қорқып, қырғыздардың арасын (сарыбағыштар) паналайды. Екіншісі — Алтын Орда ыдыраған соң наймандар Мұхаммед Шайбани ханға қосылып, Орта Азияны жаулап алуга қатысады. Алтынордалық Өзбек ханың ұрпағы Шайбаниға қосылған наймандардың бір бөлігі өзбек халқын құруға қатысады. Тіпті XVIII ғасырдың өзінде наймандардың бір бөлігі садырлар Қоқан Хандығына көшіп кетеді де, Қоқан қаласының онтүстігіне қоныстанады. Сол жерде қазір Найман көлі бар. Ресей әскері Қоқан Хандығын жаулап аларда наймандар үлкен қарсылық көрсетеді. Сондықтан олар Ресей отарлаушысы генерал Скоблев тараپынан қатты қырғынға ұшырайды. Бұл оқиға Өзбекстанда басылған Қоқан Хандығы тарихында айтылады.

«Найман» сөзінің шығу төркініне қайтып оралайық. Бұл сөздің түп-төркіні жөнінде бірнеше жорамал бар. Егер «дүние тар» деген афоризмнен өрбітер болсақ, онда мейлінше негізді де, дұрысы да мынау. Ғұндардың билеушісі Еділ патшаның әскерлері негізінен түркі тайпаларынан және аздаған бөлгі герман тайпаларынан құралғаны мәлім. Ғұн деген ортақ атты иеленген, қырық рудан құралған бұл тайпалар бірлестігі Еуропаға терендей енеді. Олар бірқаша уақыт қазіргі Франция, Германия және Италия территориясында турақтайды. Наймандар Еділ патшаның әскерлерінің алдыңғы сапында болса керек. Ғұндар басып кіргенше мұндай азиялық адамдардың түрін көрмеген европалықтар оларға «жана адам» (неміс тілінде бұл сөз — нойман) деген ат береді. Кейіннен түркі халықтарының айтуынан алдыңғы «ной» сөзі «найға» айналып, найман болып өзгереді.

Жоғарыдағыдан найман, керейт, дулат, арғын тағы басқа ру-тайпалар атауының шығу төркінінің анықталуы және бұлардың баяғыдан түркі тілді, яғни таза қазак тайпалары екенінің дәлелденуі қазак халқының өз тарихын өзіне қайтарып беру қажеттілігін тудырады. Сондай-ақ бұл кеңестік тарихнамада айтылып келгендей, қазактардың осыдан 530 жылға бұрын түркі-мұнғыл текtes қырық рудан құралған халық емес, оған дейінгі ұлы тарихы бар халық екенін дәлелдейді. Бірқатар тарихшылар қазактардың тарихына терең бойламай-ақ, оларды түркі-мұнғыл руладынан құралған деген пікір қалыптастырылған еді. Мұндай жансақ пікірдің үстемдік етуіне негізгі себеп — біздің тарихымызды не қазак тілін мұлдем білмейтін, не өте нашар білетін ғалымдардың жазғандығында. Егер олар көне түркі тіліндегі ескерткіштерді, халық ауыз әдебиетін жақсы білсе, мұншалық шатаспас еді.

Қазактар белгілі бір дәрежеде басқа халықтармен араласқан болса, ол халық — татарлар. Өйткені қазак ру-тайпаларының көпшілігі қазіргі Мұнғылия территориясынан осы татарлармен бірге келген. Шыңғыс ханың басшылығымен келген бұл ру-тайпаларды олардың шынағы тарихынан бейхабар жандар алдымен татарлар, кейіннен мұнғыл-татарлар деген ортақ атпен атап кеткен. Олар Жошы және Бату хандардың басшылығы-

мен кейінірек Еділ бойы, Батыс Сібір, Солтүстік Кавказға қоныс аударады. Сондай-ақ қазактар көрші түркі халықтарымен (қыргыз, өзбек, карақалпақ, башқұрт және түркімендер) еттеп қана араласады. Бірақ мұнғылдармен араласқан емес. Жалпы мұнғыл тайпалары қазіргі Мұнғылия жерінен қазак және татар ру-тайпалары кеткен соң ғана солардың орнын басқан. Оған Мұнғылиядығы жер-су аттарының құні бүгінге дейін түркі тілінде екені дәлел. Олар — Қалқа, Керолен, Орхан, Өнен, Қобда және Толы өзендерінің атаяу.

Енді қазак атауының шығу төркіні хақында бірер сөз. Қытайлар қазактарды «хасак» деп атайды. Ха — нағыз, сак — сак. Мағынасы — нағыз сак. Мұнғылдар да осы сияқты «хасаг» деп атайды. Кейір ғалымдар казак сөзінің мағынасын «ерікті, азат» деп түсіндіреді. Біздіңше, мұның барлығы шындыққа жанаспайды, негізсіз. Қытай сөзінің негізсіздігі — үйсін, дулат, конырат, арғын, қыпшак, найман, керейт рулады ешқашан да сақтарға жатпайды. Ал ерікті, азат деген де қазактардың шынайы тарихын бейнелей алмайтыны — қазактардың ылғы да мемлекеттігі болған. Олар — Үйсіндер мемлекеті, Найман Хандығы, Керейт Хандығы, Қыпшак мемлекеті, Шыңғыс хан мемлекеті, Алтын Орда, Қазақ Хандығы тағы басқа.


Біздіңше, «қазак» — қазак тілінің корынан шығып қалған «қүзей» деген көне түркі сөзі. Мағынасы — солтүстік. Бұл сөз көне түркі тіліндегі қаған, курен сөздерімен қатар түзілсе керек. Қазіргі заманғы түркі тіліндегі мағынасы да — солтүстік.

Батыс Түрік Қағанатында қазак тайпалары (қыпшактар, арғындар, наймандар т. б.) қағанаттың солтүстігін мекендей, түркі тайпаларының солтүстік тобын құрайды. Ол сол кездегі тілде «қүзей» деп атала керек. Одан кейін «қүзей» қазак тіліндегі «түстік», «солтүстік» деп атала, «қүзей» осы тайпалардың ортақ атына айналуы мүмкін. Ал «Күзей ордасы» деген сөз біртебірте донетикалық өзгеріске ұшырай келе «Қазақ ордасы» атала, кетуі әбден мүмкін. Өйткені Түрік қағанатының солтүстік, онтүстік, батыс, шығыс болып бөлінбейі мүмкін емес. Егер Еділ жағалауындағы халықтар мен якуттарды қоспасақ, қазактар қазір де ең түстіктері түркі текtes халық. Еділ жағалауы Еуропаға жатады және бір кездегі көшпелі халықтардың аймағына

енбейді. Қазақстаннан территориясы мейлінше кіші елдердің (мәселен, Франция, Италия, Германия, тіпті Қыргызстан да) қазірдің өзінде батыс, шығыс, солтустік, онтустік провинциялары бар. Тіпті «қазак» сөзі «күзейден» шықпаған күннің өзінде оның тұп-төркінің көне түркі тіліндегі басқа сөздерден іздең жән.

Қазақ халқының жасы жөнінде бірер сөз. Көшпелі халықтардың жасын анықтаған кезде өзендердің жасын анықтағандай үқастық байқалады. Өзендер оған құбытын жеке салалардан тұрса, көшпелі халықтар жекелеген ру-тайпалардан құрады. Мәселен, ұлы Еділ өзені Кама, Ока, Мәскеу өзені, Ақ өзен іспетті миллиондаған жылдық ғұмыры бар салалардан құрады. Жеке тармақтарына қанша жыл болса, Еділге де сонша жыл. Сол сияқты қазақ халқы үйсін, қаңлы, қыпшак, найман, арғын, керейт, алшын, қоңырат тағы басқа ірі-ірі ру-тайпалардан құрады. Ежелгі және орта ғасырлардағы тарихтан мәлім болғанындей, бұл тайпалардың ішінен үйіндердің, наймандардың, керейттердің, қаңлылардың (Қарахандықтар хандығы), қыпшактардың дербес мемлекеттері болған. Ендеше неге Санкт-Петербург ғалымы Сұлтанов қазақ халқы мен оның мемлекеттігіне 530 ғана жыл деп тұжырымдады? Қазақ халқын құраған ру-тайпалар қанша ғасыр өмір сүрсе, қазақ халқына да сонша жыл болмай ма? Өз тарихының әр түрлі кезеңінде олар әр түрлі атты иеленгені рас. Бізге қазақ ру-тайпалары құраған ең соңғы үш атау мәлім: Шыңғыс хан кезеңіндегі — мұнғылдар немесе мұнғыл-татарлар, Алтын Орда кезеңіндегі — ногайлылар және Қазақ Хандығы кезеңіндегі — қазақтар. Киев мемлекетін құраған україндар бірнеше ғасырдан соң ол мемлекет күйрекеннен кейін україндар деп атала басталмады ма? Қазіргі территориясында ондаган ғасырлар бойы бірнеше мемлекет өмір сүрген өзбектер де (Саманидтер, Қараханидтер, Хорезмшахтар, Шағатайлықтар, Темірліктер мемлекеті және Әзбек Хандығы) осындағы халді бастан кешпелі ме? Бірақ олар аталған мемлекеттердің тарихынан бас тартып отырган жок. Ендеше қазақ тарихы да шынайы болсын. Оны СОКП тарихын зерттеген және КСРО тарихын өркендетумен ғана айналысқан, Мәскеудегі жоғары партиялық орта қалыптастырылған ресми

догматар мен жорамалдарға имандай сенетін, оларды киелі дүниедей қастерлейтін ғалымсымақтар жазбауы тиіс. Төл тарихқа шын берілген тарихшы ғалымдардың жаңа буыны жазуы қажет. Өйткені Ресей және Кенес империялары тұсында тарих ғылымы барлық тарихи оқигалар мен күбылыстардың қалың ортасына Ресей мен ұлы орыс халқын ғана қойып, қалғандарын соған байланысты болса ғана шала сыйдыртып өтетін. Енді Қазақстан дербес мемлекет болған соң, шынайы төл тарихынызды жазуға міндеттіміз. Себебі шынайы тарихсыз халықта, мемлекет те болмайды.



Қыпшақтар

Қыпшақтанушы ғалымдардың үшінші жетек алмай жүрген мәселесінің бірі — қыпшақ сөзінің тұп-төркіні. Бұл туралы айтылған әр түрлі нұсқадағы пікірлердің (пышақ, қырық пышақ, екі пышақ т. б.) барлығы үқсас сөз тіркестерін термеледен ары аспайды. Қазақ халқының үлттық болмысына, өткен тарихына жанаспайды.

Басқа да көшпелі халықтар сияқты қазақтарды да тайпаларға, руладарға, ру тармақтарына бөліп атау олардың өміріндегі, тұрмысындағы, әскери стратегиясы мен тактикасындағы ерекше сипаттарына қарап берілген. Соңдай-ақ ру басының есімімен аталған (Ботбай, Тәуке, Байжігіт, Матай, Алтай, Байыс т. б.) және көрші халықтар таралынан қойылған (найман) атаулар да баршылық.

Орыс жылнамалары мен әдеби шығармаларында қыпшақтарды «половоц» деп атаған. Ол «далалық» (поле — дала, половец — далалық) деген мағына береді.

Ал Батыс елдерінде қыпшақтар «куман» деген атпен танылады. Италияда «Кодекс куманикус» деп аталатын қыпшак-ла-

тын сөздігі шығарылған. Оның әлемдегі жалғыз данасын ұлы итальян ақыны Петрарка сақтап қалады.

Бір этностың екіншісіне ат қою жағдайы тарихта осы ғана емес. Мәселен, бір миллиард адамнан астам ханзу халқын көптеген елдер, оның ішінде біздер де, қытай деп атайды. Сондай-ақ он миллионнан астам адамы бар мадьярларды венгрлер, олардың мемлекеті — Хунгарияны Венгрия деп атаяу үрдіске айналған.

Қыпшақтарды батыс елдерінің «куман» деуі фактілерді салыстыру тәсілін еске салады. Бұл жерде қыпшақ және куман сөздері салыстыру тәсіліне объект болады. Қазақтың «Қызы күү» деген ұлттық ойының бірінде атпен қашып бара жатқан қызды тез қуып жеткен жігітті «куман жігіт» деп атайдының екінің бірі біле бермейді. Мұндағы «ку»— қуатын, қуып жеттін; «ман»— адам, кісі (шабарман, көрермен, оқырман, атарман т. б. сөздердегідей). Ендеше халық аузындағы осы «куман» сөзі «қ» әрпі жоқ батыс елдерінде «куман» болып кетсе керек.

Ресей тарихи шығармаларында (мәселен, Ян В. Г.) Шыңғыс хан әскерінің ұраны «кху» болған делінеді. Бұл қазақтың «ку» сөзінің орыс тіліндегі дыбысталуы болса керек. Өйткені орыс тілінде «қ» әрпі болмағандықтан, «қ»—«кх» болып айтылады да «ку» «кхуға» айналып кетеді.

Шыңғыс ханның қолы сан түрлі тайпалардан құралғаны мәлім. Олардың әрқайсысының ұрыс кезінде қолданатын өз ұрандары болған. Ал әр түрлі ұрандайтын қолда ынтымак бола ма. Сондықтан Шыңғыс хан әскеріне өзінің жорықтарының мақсатын, яғни жауды қақыратта талқандап, өкшелей қууды бейнелейтін «ку» деген ортақ ұран енгізсе керек. Айтпакши, орыс тіліндегі «ура» сөзі осы біздің «ұран» сөзімізден шықкан, Шыңғыс хан тарихын кез-келген жағынан зерттесеңіз де оның байырғы қазакы түп-төркініне келіп тіреледі.

Енді «қыпشاқ» сөзіне қайтып оралайык. Манағыдай «куман» сөзінің мағынасы мен салыстыру тәсілін қолдансақ, «қыпشاқ» сөзінің әуелдегі айтылуы «куыпшақ» (қып — қуып, шақ — шақ) болған деген тұжырымға келуге болады. Ендеше «қыпшақ» және «куман»— мәндес сөздер. Егер «куман»— қуып жет және талқанда деген ұғым тудырса, екі сөз де қыпшақтардың әскери

стратегиясы мен тактикасынан хабар береді. Ол — жау талқандалып, қашқаның місі тұттай, оны өкшелей қуып, қайта бас көтеріп, шабуылдамастай қылыш толық талқандау.

Егер арғындар туралы мағлұмат өте аз болса, басқа қазақ ру-тайпаларымен салыстырғанда ең көп мағлұмат қыпшақтар жөнінде. Өсіреле ол деректер хунгар (мадьяр) ғалымдары мен Византия хроникаларында көптеп кездеседі.

Кеңес ғалымдарының мынадай еңбектерінде қыпшақтар туралы мағлұмат көп:

1. В. В. Бартольд. Туркестан в эпоху Монгольского нашествия (Шығ. I том. Мәскеу. 1963).

2. Д. О. Даشكевич. Армянская колония в Каменец-Подольске в 50—60 г. XVI в. «Документы на половецком языке XVI в.» (М., 1967) кітабында. Бұл кітаптың ерекшелігі — XVI ғасырдағы барлық құжаттардың Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) тілінде жазылғандығында. Аталған құжаттарды қазак түркологтары мен тіл мамандары оқып-зерттесе, Ұлы Ұлыс мемлекетінің тілі, тарихы, тұрмысы мен мәдениеті жөнінде қызықты да құнды деректер табылар еді.

3. С. А. Плетнева. Печенеги, тюрки и половцы в южно-русских степях. Материалы и исследования по археологии СССР. М., 1958. Бұл ғалым өз еңбектерінде археологиялық қазбалар мен толық даусыз түпнұсқа деректерге сүйенеді.

4. А. А. Куника. О тюркских народах-печенегах и половцах по мадьярским источникам... от Аттилы до Чингис хана. Уч. зап. императорской А. Н. по I и III отд., 3-ші және 5-томдар. 1855 және т. б.

Бұл еңбектер қыпшақтар туралы мадияр деректерінен көп мағлұмат береді және қыпшақтар мен печенегтер тарихы жөніндегі Ресей империясының ресми тарихнамасының көзқарасын білдіреді. Печенегтердің тарихын зерттеу тез арада қолға алудың қажеттілігі — печенегтердің қазак руы алшынға аса жақындығында. Жалпы бұл мәселелерге байланысты бізден бұрын не зерттеліп қойғанын білмей тұрыш, қолда бар аз ғана деректермен қайта зерттеп, үсті-үстінен кітап шығарудың қажеттігі жоқ. Одан ғөрі Хунгария (Венгрия), Түркия, Иран, Польша архивтерінде жатқан деректерді жинауга кіріскең абзal.

Қыпшактар қазіргі казак тіліне өте жакын тілдерде сөйлейтін (қарашай, құмық және башқұрттар) және еуропалық тілдердің ассимиляциясына үшыраған (мадиярлар) бірқатар түркі халықтарының калыптасуына белсенді түрде ат салысты.

1994 жылы Башқұртстанда қыпшак текті халықтардың бірінші құрылтай болып отті. Онда оқылған баяндамалар мен қабылданған шешімдердің аса үлкен тарихи құндылығы бар. Ондағы мағлуматтардың мұнда келтіріп жату мүмкін емес, олар жеке басылымды қажетсінеді.

Қыпшактар бірнеше халықтың құрылуына қатысқанымен олардың негізгі ұстыны, арқауы бүлінбей, араласпай қазак халықтың құрамына төл атауын сақтай отырып жеке ру ретінде енді. Қазақ энциклопедиясында¹ терең зерттеулерге сүйене отырып, қыпшактар төмөнделгідей халықтарды құруға қатысты делінеді: қарақалпак, қыргыз, өзбек, түрік, өзіrbайжан, татар, башқұрт, түрікпен, ноғай, қарашай, қарайым, балкар және тағы басқалар. Өкінішке орай мұнда дербес мемлекет құрган (Хунгария, Мажарстан) мадиярлар аталмай қалған. Сондай-ақ Қазақ совет энциклопедиясында ешбір жерінде қыпшактардың бір тармағы мадиярлар кездеспейді. Мадиярлар қазақ халықтың құрамына да енген. Олар қазір Қостанай облысының территориясын мекендейді. Қазақ халықтың құрамына қыпшак руының барлық тармағы енген. Олар: қарақыпшак, қытайқыпшак, құланқыпшак, торықыпшак. Ал мадиярлар — өздерінің айтысына қарағанда, қарақыпшактардың бір тармағы. Олар қазір Қазақстанда тұрғанымен бірде-бір тарихи басылымда аталмайды.

Қыпшак секілді үлкен де көп санды рудың жоғарыда атап өткен төрт тармағынан (қарақыпшак, құланқыпшак, торықыпшак, қытайқыпшак) басқа тармақтары да болуы мүмкін. Бұл аталғандары қыпшак руының қазақ халықтың құрамына енген негізгі ұстыны болса керек. Қалғандары шежіреде айтылмаған соң зерттеушілер осылармен ғана шектеліп, жаңсақтыққа ұрынып жүруі мүмкін. Мәселен, Қазақстанды қытайқыпшактардың шамамен 20 проценттей ғана мекендейді. Олардың негізгі

бөлігі Ұлы Ұлыс ыдыраған соң қазіргі Қызылорда облысынан XVII ғасырда Нарбота бидің басшылығымен Қырғызстанның Ош облысына қоныс аударады². Олар қазір де Ош облысындағы Нарын және Қарадария өзендерінің ортасындағы Екісуды (Қазақтың Жетісі дегені сияқты) мекендейді³.

Кезінде қытайқыпшактар Қоқан Хандығы тарихында белсенді рөл атқарды. Бұл хандықты өздерін Шыңғыс хан тұқымының деген жалған пікір таратқандары билеген еді. Олардың өзбек руы мингден шықканы жөніндегі жорамалды өлі де анықтау керек³. Шыңғыснанда қоқандық жалған шыңғыстықтар Әмір Темірдің тұқымынан тарағандар болуы мүмкін. Қоқан хандарының билігі тұрақтанбады. Өйткені қытайқыпшактар өздерінің конілдеріне жаққанына қарай сарай төңкерістерін жасап, хандарды жиі-жиі ауыстырған. Қытайқыпшактардың ақсүйек, бекзадалары жасоспірім хандарды такқа отырғызып, өздері олардың қамкоршысы, кеңесшісі (аталық) бола жүріп, іс жүзінде ұзак уақыттар бойы хандықтың тізгінін өз қолдарында ұстады.

Қытайқыпшактардың арасынан Мұсылманқұл мен Әлімқұл есімді әйгілі атальқтар шықкан. Мұсылманқұл кезекті төңкеріс кезінде өлтіріледі. Ал Әлімқұл ұзақ уақыт бойы Қоқан Хандығының Ресей әскеріне қарсы қуресін басқарады. Ол 1865 жылы 17 мамырда Черняев қосынымен жүргізілген шайқаста жау қолынан қаза табады. Қоқан Хандығының қытайқыпшактардан шықкан ең соңғы премьер-министрі Мұстафа Шокайдың туған атасы — Торғай датқа. Ол 1875 жылы Құдияр ханмен бірге Қызылорда облысына қоныс аударады.

1917 жылы Мұхаметжан Тынышбаев пен Мұстафа Шокайдың ұлының басшылығымен қытайқыпшактар Қоқан автономиясын құрады. Бұл автономияны большевиктер құлатқан соң, олар Ош облысы мен Алай жазығындағы партизандық қозғалыстардың негізгі қозғаушы күшіне айналып, Қызыл Армиямен 1920 жылдарға дейін күрес жүргізеді. Кеңес тарихнама-

¹ В. Наливкин. Краткая история Кокандского ханства. Казан. 1886.

² История Узбекской ССР. I т., Ташкент, 1967.

³ П. П. Иванов. Очерки по истории Средней Азии. (XVI — середина XIX) М., 1958.

¹ ҚСЭ. 7-том, 102-бет.

сында бұл партизандарды «басмаш» деп атағаны мәлім. Оның мән-мағынасы — маш-бас (бас — бас, маш — мас). Олар ешқашан да спирттік ішімдіктерге жуымаған, ислам туы астына бірігіп, Кеңес үкіметіне карсы идеялық күрес жүргізген. Ендеше оларға «басмаш» деген атауды кеңестіктер өйтеуір мүқату үшін таққан. Қытайқыпшақтардың барлығы қазіргі қазак тілінде сөйлейді, Қазақстанға көшіп келуді армандаиды.

Торықыпшақтардың негізгі белгі Ресейдің Қорған және Челябі облыстарын мекендейді. Қазақ тілінің қалыптасуы мен қазақтың ислам дінін қабылдауында қыпшақтардың ролі орасан зор. Евразияның Алтайдан Дунайға дейінгі ұлан байтак жерінде Ұлы Ұлыс мемлекеті орнаған соң қыпшақтар қазақтың барлық ірі руладының арасына тарағ, жергілікті диалектілердің жойылып, ортақ қазак тілінің қалыптасуына ықпал жасаған. Бұған Ұлы Ұлыстың мемлекеттік тілі шағатай тілінің қыпшақтық нұсқасы екендігі әсер еткен.

Қыпшақтардың Шығыс Еуропаның, Византияның, Иранның, Орта Азияның отырықшы халықтарымен көпғасырлық аралас-құраластығы олардың мәдениеті мен тұрмысын байытады. Өз тарапынан олардың мәдениеті қазақтың мәдениеті мен тұрмысына игі ықпалын тигізеді. Мәселен, қыпшақтар Шыңғыс хан империясы құрылғанға дейін-ақ Орта Азия халықтарымен көрші тұрғандықтан мұсылман дінін қабылдаған еді. Бұл басқа да қазақ ру-тайпаларының ислам дінін қабылдауын тездедті.

Қазақ энциклопедиясында қыпшақтардың біртұтас мемлекеті болмаған, бір-бірінен белек ғұмыр кешкен жекелеген хандықтары болған делінген¹. Қыпшақтарды зерттеу ісі бітпегендіктен мұндай байлам жасау өлі ертерек. Иргесі бекем мемлекеті болмаса, қыпшақтар Алтайдан Днепрге дейінгі ұлан байтак жерді бес ғасыр бойы ұстап тұра алмас еді ғой. Қыпшақтарды терен талдаған бірде-бір тарихи еңбек жоқ екені айқын. Бар болғаны В. Бартольдтің, Д. Даушевичтің, С. Плетневаның және А. Куніканың жоғарыда атап өткен, көніл аударуга тұрарлық еңбектері ғана. Түркі, араб-парсы, Византия және Еуропа деректерін, «Кодекс Куманикус» сөздігін толықтай зерт-

¹КСЭ., 7-том, 102-бет.

темей тұрып Еуразия кеңістігінде орасан зор рөл атқарған қазақтың қыпшақ руы туралы терең зерттеу жүргізу, талдау жасау мүмкін емес.



Моголстан

ХХ ғасырдың 70—90 жылдарындағы бірқатар тарихи зерттеулерде Орта Азия мен Қазақстан территориясында өмір сүрген Моголстан мемлекетіне көбірек көңіл белінеді. Ол еңбектерде аталған мемлекетті Оңтүстік Қазақстан облысының және Шыңқан-Үйғыр Автономиялық Районының (ШУАР) территориясын ежелден мекендеген автохтондар құрды-мыс, сондықтан олар Моголстанның заңды мұрагерлері болғандықтан Оңтүстік Қазақстан облысының территориясы солардың деген сыңайдағы пікірсұмақтар айтылады. Мұндай пікірлердің жансақтығын дөлелдеу үшін Моголстан мемлекетінің тарихын қарастырайық.

1206 жылы Шыңғыс хан мемлекеті құралып, әр түрлі рутайпалардың қоныс ауыстырып, араласқанына дейін қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысын үйсін, қанлы, қыпшақ тағы басқа қазақ тайпалары мекендегені тарихтан мәлім. Ол жерде ешқандай автохон деген тайпа болған емес, бола қалған күннің өзінде жетекші рөл атқармаған. Шыңғыс ханмен ардағы соғыстан соң Жетісуга наймандардың бір болігі, ал Шыңғыс хан таңғұттардан тартып алған қазіргі ШУАР-ға үйғырлар көшіп келеді.

Мемлекеттің Моголстан аталуының өзі онда бірде-бір этникалық топ немесе жеке халық басқарушы рөл атқармағанын білдіреді. Өйтпесе мемлекет сол басқарушы этникалық топтың, не халықтың атымен аталар еді. Моголстан сөзі жинақтық ұғым береді. Кіндік Азия мен Таяу Шығыстағы бұдан басқа бірде-бір мемлекеттің мұндай жинақтық атауы жоқ. Жалпы мемлекетке не ондағы көшпілік этностың, не билеуші әүлеттің не астаналық қаланың аты беріледі. Мәселен, этнос бойынша

аталғандар — Иран, Ауғанстан, Қазақстан, Өзбекстан, Қыргызстан тағы басқалар. Ал билеуші әulet бойынша аталғандар — Саманидтер, Каражанидтер, Хорезмшахтар тағы басқа мемлекеттер. Астаналық қаланың аты бойынша аталғандар — Қоқан Хандығы, Бұхар Хандығы, Хиуа Хандығы тағы басқалар.

Иран және түркі жазба деректеріне қарағанда, Моголстан — әр түрлі ру-тайпалардан құралған мемлекет. Онда Шағатай мемлекеті күйрекен соң Моголстан мемлекетін құрған Шағатай әuletі билік құрған. Мемлекеттік тілі — жалпы түркі тілдес мемлекеттерге ортақ шағатай тілі. Негізгі түркynдары — қырғыздар. Мемлекетті олардан басқа өзбек, тәжік, үйғыр халықтары және қазактың бірнеше рулары (дулат, қанлы, албан, суан т.б.) мекендеген. Сан түрлі тайпалардан құралғандықтан және олардың арасындағы мәдени-тариҳи байланыстардың өлсіздігінен Моголстан көп уақыт өмір сурген жок, Кіндік Азиядағы тарихи оқиғаларға да мықты ықпал ете алмады.

Қазақ совет энциклопедиясында Моголстан туралы: «14-ші ғасырдың орта шені — 16-шы ғасырдың бас кезінде онт.-шығ. Қазақстан мен Қыргызстан территориясында өмір сурген феод. мемлекет. М. 14-ғасырдың ортасында Шағатай мемлекеті ыдырағаннан кейін ерікті мемлекет болып бөлініп шықты. Шағатай мемлекетінің бір бөлігі — Мәуреннахрдың бат. бөлігінде Моголстан пайда болды»¹, — деп жазылған.

Моголстанның алғашқы билеушісі — 1348 жылы таққа отырған Шағатай әuletінен шықкан Тоғылых Темір хан. Ал ең соңғы билеушісі — XVI ғасырдың 20—40-жылдары билік құрған Әбд-ар-Рашид хан². Ол туралы Мұхаммет Хайдар «Тарихи Рашиди» деген еңбек жазған. Кітап авторы мен Рашид хан жақын туыстар және бала кезінен сыйлас достар екен. Моголстан өмір сүріп тұрған кезде билік үшін өзара қырқыс қанат жаяды. Моголстаница қазіргі Қыргызстан түгелдей, Тәжікстанның бір бөлігі, Батыс Қашқария және Алматы, Жамбыл облыстырының кейбір жерлері енген.

Кейіннен Қазақ Хандығы деп аталған Көк Орда 1444 жылы құрылған соң, қазақ рулары Моголстан құрамынан шығып,

¹КСЭ. 8-том. 79-бет.

²Бұл да сонда. 79—80-беттер.

Көк Ордаға қосылады. Рашид хан қазақ хандарына бірнеше рет жорықтар үйымдастырады. Бірақ олары сөтсіз аяқталады¹.

Аталған тарихи мәліметтер Моголстан мемлекетін билеудегі автохон дегендердің басшылық рөлін түгелдей жоққа шығарады. Оны шағатай әuletтері билегенін жоғарыда айттық. Ал мемлекеттің орталық бөлігі қазіргі Қыргызстан территориясы, хандарының ордасы Ыстыққөл маңайында болғанымен қырық рудан құралған мемлекеттің нақтылы мұрагерлері болуы мүмкін емес. Автохон дегендердің онда ешқандай рөл атқармағанын Бабыр да растайды. «Моголдар бір кезде Шыңғыс хан орнатқан төртіпті әлі күнге дейін колданып келеді. Он қанаттың жауынгерлері — он жақта, сол қанаттың жауынгерлері — сол жақта, орта топ — ортада, барлық тайпаның сарбаздары да белгілі орындарында», — деп жазады ол².

Моголстан жөнінде жазған кезде Бабыр қазақ руы дулаттарды сан рет атап өтеді. Өсіреле дулаттан шыққан әскербасыларды, Моголстан хандарының дулат руының аксүйектерімен туыстық байланыстарын жиі есіне алады. Өкінішке орай, Моголстан мемлекеті өзінің өмір сүруі үшін құрес жүргізгені болмаса, ол Кіндік Азияда елеулі рөл атқарған жок. Сондықтан сонына айтартықтай мұра да қалдыра алмады. Кіндік Азиядағы барлық мемлекеттер Ұлы Ұлыс пен Темір әuletі мемлекеттері ыдыраған соң ғана қалыптасты.

¹Мирза Мұхаммет Хайдар-Дулат. Тарихи Рашиди. Өзбек КСР-і Гыл. Акад. Шығыстану институтындағы қолжазба. № 1430.

²З. М. Бабыр. «Бабырнама». 121-бет.

тәсілдердің мәдениеттік манасынан
Мазмұны

«Санадағы сырқатты емдесек...»	3
Шыңғыс ханның тегі кім?	6
Жошы хан және оның мемлекеті	15
Қазақ мемлекеті тарихы туралы	21
Мұңғылтану және Шыңғыс хан тарихы	34
Деректер терең талдауды қалайды	60
Мұңғылтану тарихы	64
Қазақ жүздері	84
Жошы ұлысындағы қияттардың ролі	88
Дулаттар	91
Арғындар	94
Наймандар мен керейттер (керейлер)	104
Қыпшақтар	111
Моғолстан	117

Қалибек Данияров

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛАМА ТАРИХЫ

Редакторы – М. С. Асылғазы

Суретшісі – А. Т. Ахмедова

Компьютерлік терім редакторы – Е. Э. Щекина

Терімші – Қ. Н. Әбдиева

Теруге 04.08.97 жіберілді. Басуға 03.09.97. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 7,21. Шартты бояу көлемі 7,21.

Таралымы 2000 д. Тапсырыс № 189. Бағасы келісімді.

«Жібек жолы» Баспа Үйі

480091, Алматы, Қазыбек би көшесі, 50

Тел. (3272) 62-11-09, факс (3272) 62-65-01